



**ЖАУКАЗЫН ЖЫРЛАР,
БАДАУСА ҮНДЕР**

Петропавл қ.
2014 жылы

**ЖАУҚАЗЫН ЖЫРЛАР,
БАЛАУСА ҮНДЕР**

**Құрастырушы:
Жарқын ЖҰПАРХАН**

Бұл кітапқа облыстық және аймақтық деңгейде өткен айтыстар іріктеліп енгізілді. Кілең жастардың бұл айтыстары сөз өнерінің қазынасын байыта түсері сөзсіз. Сондықтан осы кітаптың шығуына қаржылай демеушілік жасаған, облыстық халық шығармашылығы және мәдени-демалыс қызметінің орталығының директоры Жанболат Темірболатұлы Мұқановқа алғысымды білдіремін.

52376

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АКЦИОНЕРЛІК ҚАҒАМЫ
АКЦИОНЕРЛІК ҚАҒАМЫ
АКЦИОНЕРЛІК ҚАҒАМЫ

БҰЛ АЙТЫС ҰЛЫ ӨНЕР ҒОЙ ХАЛЫҚ СҮЙГЕН

Өткеніңді ойға алып, болашағыңа көз салып, танытар өнегең барына қуанатын жасқа жеткенде, ізінді басып жүрген інілердің өтінішін аяқасты ету жөн емес. Қайта, ақыл-кеңес тілеп, алғысың мен ақ батаңнан ниеттенетін осындай ізбасарлардың өзгені емес, сені тауып алып, ғибрат тілегеніне масайрап қалады екенсің.

Осындай өтініштен соң ақындардың аймақтық айтыстарын топтастырған жинаққа пікір білдіру мақсатымен қолға қалам алған едім.

Біздің өңірде Темірғали Хасенов, Молдахмет Тырбиев, Игібай Өлібаев сынды айтыс саңлақтары ғұмыр кешкені, өлең-жырлары желдей ескені тарихтың еншісіне айналып, өсімдері ел жадынан ұмыт болып барады. Олардың ізін басқан Кеңес Тынымбаев, Нұрлан Қасымов, айтыс дүлдүлі Ерік Асқаров өмірден озып кеткенін де бүгін айтуға тура келеді. Бұлармен қатар мен де домбыра құшақтап, жыр үйіріне еніп едім.

Орнымызға жас буын келіп, желкілдеген құрақтай көркіменен айтыстың Айын оңынан туғызып жүр. Осыны медет тұтамыз, әрісін айтқанда, қуанамыз. «Бұл айтыс ұлы өнер ғой халық сүйген» деп бұрынғылар тегін айтпаған. Қазақтың бір қасиеті - сөзді құрметтеуі. Адамның ең жаманы - аталы сөзге тоқтамағаны. Шынжыр балақ, шұбар төс шонжар да, найзасына жау ілдірген батыр да тура сөйлеп, түбін қаза айтқан ақынын қадірлеген.

Бұл қасиет - қазақты Тәңірдің тартуы. Осыны жас буын біледі. Тауып айтып, тура сөйлеуге машықтанған жас ақынға «Жол болсын!» дегің келіп тұратыны содан.

Осы ойды мен ақындардың айтыстары топтастырылған жинақ қолыма тигенде бойға дарыттым. Бұлардың сөзсайыстарының көбі менің көз алдымда өтті. Әсіресе, соңғы жылдары өңірімізде бірқатар жас құрақтай балауса ақындардың легі желкілдеп өсіп шықты. Алды отызға да толмаған жас өскіннің жасына қарамай, толғақты, тапқыр ойларды айта білуі сүйсінтеді. Олардың біразын өзім баулыған едім. Бұл да менің мерейім. Сынаған кездерім де болды. Оны жасырғым келмейді. Алайда «Аға, мені орынсыз, жөнсіз мінедіңіз!» деп өкпелеген жас ақын жоқ. Жанашырлықпен айтылған сөзімді жан-тәнімен түсінді.

Осы жинақта айтыстары ұсынылып отырған Өлібек Серғалиев, Жарқын Жұпархан, Фархат Тастамбеков өздері де ысылып, иен даламыздың қай өңіріне жіберсең де жерге қаратпайтындай дәрежеге жетіп, тіпті олжамен оралып, төбемізді көкке тигізгендей болып шыңдалғанына масайраймыз.

Бұл жас ақындардың таным-пайымы зор. Ел-жұрт нені қалайды, халайықтың көкейкесті мәселесі қандай, оларды шешудің жолы мен жөні қайсы - мұны бұл жастар біледі. Сондықтан айтыстарын көре жүре яки оқып отырғанда айызың қанады. Өйткені, жас ақындар бетің бар, жүзің бар демей бетке айтып, именіп, басын бұғып отырмастан турасын сөйлегені жаныңа жағады. Бұлардың да қоғамның келелі мәселелерін

танитындығын, «Қайтсем ел-жұртты осы міннен арылтамын?!» дейтін қамкөңіл әрекетке берілгенін ұғасың. Қалғып жүрген қалығұл шенеунікті, шен-шекпенге семірген селкеулерді, қалталарын қамдаған байшікештерді, қарабасынан әрі асырып ой түйіндей алмайтын орашолоқ тоғышарларды, төрде отырып, тотықұстай сайрайтын төресымақтарды жырдың найзасымен түйрейтіні жаныңды жадыратады. Қазақ «Тіл бас жармайды, тас жарады!» дейтіні ғанибет емес пе?!

Жинақтағы айтыстарды оқып отырғанда майдан қыл суырғандай тапқырлыққа сүйсінесің. Мысалы, өңіріміздің бүгінгі өрен жүйрігі Жарқын Жұпархан мен Әлібек Серғалиевтің, Жұмабек Рахимовтың қатарласа шауып, үзеңгілесе жарысқан сөзсайыстары өз алдына бір бөлек, беле-жара айтуға тұрарлық. Үшеуі де Мұхаммед Қоңқаев, Санжар Тастанбеков сынды көкмайса, балқұрақтарға аға болуға әбден лайық. Осы айтыстарда бұлар «Айтысқанның жөні осы екен!» деп інілерін қызылтанау қылып, тарпа бас салмайды, тырнақ батырмайды, қайта мәпелейді, еркелетеді. Көлеңкеден күншуаққа алып шығуға даяр тұрады. Айтыс мәдениеті деген осы ғой.

Осы жинақ қолдарына тиген оқырмандар бір жасап қаларына мен кәмілмін. Айтысымыздың өресі кеңіп, арнасы керіле түссін! Жас ақындарымыздың жолдары болып, заман үнін сөйлесін, өлеңімен, өнерімен ел-жұрттың қамын жесін. «Адасқанын жолға салдық бұл ноғайлы ұлының!» деп бағзы замандардағы сұңғыла ақындарымыз жырлағандай, адасқанымыз болса, аға демей-ақ ақылдарын айтсын. Олардың осынау үндеріне құлақ түрмесек, бізге серт, ағайын!

Зейнолла ӘКІМЖАНОВ,
Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі,
айтыскер ақын.

Бұл жинақтың шығуы, орындалған істің айғағы сынды! Табиғаттағы құбылыстар сияқты өрбіп-өсуді кешетін өзіне тән өзгерістері бар өнер де басынан талай тылсымға толы тағдыр кешеді.

Замана жемісі ме, елдегі саяси - әлеуметтік өзгерістер ме немесе дамудың бір заңдылықтары ма әйтеуір айтыс өнері де талай сортаң соқпақтың сорын тартып, бірде жұлқынып, бірде бұлқынып аманат қылып артан халық дәстүрінің ауыр жүгі атаулы жеріне жетсе екен деп, тырысып келеді, тырысып келеді! 90 жылдардың соңында айтыс өнері Қызылжар өңірінде кенде қалып барады-ау деген оймен бір топ азаматтар, басы мен болып, осы істі жандандырайық деп, құлшына кірістік. Кезінде Шал, Ақан сері, Сегіз сері, Үкілі Ыбырай, Тоғажан, Нияз сері, Мұстафа ақын, Қажамбет, Көтеш, Салғара, Ахметжан, Игібай, Уахит сынды дарынды ақындар шыққан құнарлы топырақ тағы да талай тарланын сыйға тартар деген үміт бізді алға жетелеп, сенімнің желкеніне сырлы самал соқтырғандай болды. Ең қиыны қаражат қамы еді. Сол салмақты мен өз мойныма алдым. Алғашқы айтыстар мектеп сахналарында өткізіле бастады. Ол кезде айтыскер ақындардың саны да сапасы да шалғайлау еді. Бірақ сабыр түбі сары алтын деп бәріне

сабырмен қарадық. Сол кездегі айтысымыз бірде сынға түсіп, бірде көзге түсіп, арқасын кең жаймаса да сафы сөздің сары жілігін мүжі бастады.

Қалың қарда шана жеккен ат қиналмасын деп, көсемдеп ат салады алдына. Жастар тартқан жүк жеңіл болсын деп соларға меже болып алғашқы «Айтыс мектебінде» дәріс берген Баян апай, Қайырлы мен Алтай ақындар өз білгендермен барынша бөлісе білді. Енді ат басын жинаққа кірген ақындарға бұрайын. Бастама бөйге додасына түскен Әлібек алғашқы ойларын ашық айтып, шабытының шылбырын босатып, кейде ұйқасы келмесе де көкірегін кернеген кең өлеңді көлдете білді. Аса бір ерекшелікпен тамсанып айтатын жас ақынның бірі Аманжол. Ол сөз сомдауында сомына қарай ой өрнегінің өрісінің терең тылсымы бар екенін таныта білді. Сондай-ақ романтик, әрі болшақ дала философы. Шабыты келгенде космос кезіп келетін қаушары бар ақын.

Жарқын ақын - атына заты сай, жаз аспанын қақ жарған жай оғындай жарқ етті. Өзінің ерекше шабытымен, шырғалаң шырмауық теңеулерімен, тұлғасымен, айтыс төрінің тағына келіп отырған төресіндей болды. Жұмабек те айтысқа ерекше өзіне тән мәнерімен келді, шабытты ақын, бірақ шыңдалуы ұзаққа созылды. Ал соңғы бір-екі айтыста болашағынан мол үміт күттіретін жас ақындар сапы келіп қосылды. Олар айтыс тұғырына өрмелеп келе жатқан Мұхаммед пен Санжар. Бұл екеуі де бірнеше айтыста болшақта айтыстың қас тұлпары болатынын таныта білді.

Айтыс дегеніміз үлкен дода, сондықтан оның ауқымы кең, ортасы мол болғаны дамудың белгісі. Сондықтан осы додаға көрші облыстардың ақындарын шақырдық. Әсіресе Көкшетаулық жас ақындардың келуі олар үшін де, біздің өңірдің жас ақындары үшін де зор табыс болды. Бүгінгі таңда республика деңгейіндегі айтыстарға қатысып жүрген ақындарымыз баршылық. Бұл біздер үшін үлкен мақтаныш.

**Дастен БАЙМҰҚАНОВ,
Қалалық қазақ тілі қоғамының төрағасы,
ақын.**

Облыстық халық шығармашылығы және мәдени-демалыс қызметінің орталығының мұрындық болуымен, Наурыз мейрамына орайластырылып өткізілген аймақтық ақындар айтысы. (22.03.2009ж)

ӘЛІБЕК СЕРҒАЛИЕВ ПЕН ЖАРҚЫН ЖҰПАРХАННЫҢ АЙТЫСЫ

ӘЛІБЕК:

Айтысып жүрген едім әркімменен,
Ал бүгін шыға келдім Жарқынменен.
Не болса да бұл Жарқын күте тұрар,
Амаңдасып алайын халқымменен.
Ассалаумағалейкум, сәлем бердім,
Өздерің ұнататын салтыңменен.

Бисмилла, енді кетсін таралып ән,
Аз емес бисмилласыз табар күнәм.
Аққайыңның өлкесі аманбысың,
Ажары асып туған заманынан.
Ұлыстың ұлы күні құтты болсын,
Марқабат шапалақ көп алар бұдан.
Қызылжардан кім келіп кім кетпеді,
Нәр алып дархан жазық алабынан.
Бұл жерде батыр Баян жауға шауып,
Намысты құлатпаған талабынан.
Бұл жерде Сегіз сері бабамыздың,
Үні шыққан домбыра шанағынан.
Бұл жерде Бұқар бабам датын айтып,
Бұл жерде Абылайдың қаны ағылған.
Бұл жерде мен жастарға сенемін деп,
Мағжанның жыры туған қаламынан.
Ахметжандай бабамыз көсілгенде,
Басқасы баса алмаған балағынан.
Осында текті жерде жырын айтып,
Алдыңда самғамақшы бала қыран.
Ал енді самғап жатса бала қыран,
Қалың ел қолдау сенің тарабыңнан.
Орта жүзім қол соқсын деп тіледім,
Арғын, керей, атығай, қарауылдан.
Көрермен ниетпенен дәм татыңдар,
Өлеңмен тұздықтаған табағымнан.
Тірегіңе айналмай тұра алмадым,
Жүрегімнен жатқасын таралып ән.
Ау, көрермен, жас балаң самғанда,
Қолдаған рең таныт қабағыңнан.

Ахметжанның көзіндей мен сөйлесем,
Мағжанның жасы шықсын жанарыңнан.

Айтыста біреу әлсіз, біреу мықты,
Бәрі де ақындығын тіреу қыпты.
Жарқын аға, аманбысыз, сізді көріп,
Жасқанып кеудедегі жігер бітті.
Жарқын деген жарқын атқа қарағанда,
Көзіме елестеткем бір елікті.
Ай, бірақ елік емес басқа сор боп,
Қызылжардың жалпағы тіленіпті.
Қызылжар аққайыңның өлкесі ғой,
Мен саған жыр айтайын, міне құтты.
Қызылжар тал мен құттың өлкесі ғой,
Жұртыңыз талмен бірге жыр егіпті.
Талды жерден тал шыбық шығады десем,
Енгезердей еменін жіберіпті.

ЖАРҚЫН:

Әлібек қарап тұрсам заржақ қандай,
Отырсың құйысқанға май жаққандай.
Сахнада отырып желпінесің,
Қызылжарға бірдеңе орнатқандай.
Тал шыбыққа мына мені теңеп жатсың,
Құдай- ау, саусақ қандай, бармақ қандай?
Мысалы, Дәстен ағам мен секілді,
Анамыз ақын ұлды толғатқандай.
Ал Әлібек ақ сүтке жарымапты,
Салаға жаңа келген солдаттардай.
Құйын жырмен Қызылжардан ұшырайын,
Қай жерді паналайсың қаңбақ шалдай?

Ассалаумағалейкум!

Алты Алашым,
Тойларың таң атқанша тарқамасын!
Көкшетаудан ақындар келеді деп,
Біздің ел дайындады сахнасын.
Жыр күреңін мінген соң ауыздықтап,
Қызыл тіл қиялардан жол табасың.
Тұлпардай тыпыршыған көмбесінде,
Айтыс десе басталады жанталасым.
Ұлдарыңа арда қазақ сенім артып,
Жырларына айқайлап қол соғасың.
Шабайық Құлгердей құйындатып,
Көре алмастың көздері қан таласын.

Жас қырандай томағам сыпырылса,
Қас қырандай көк шағылдан байқаласың.
Жаңа шапқан құнан ем құндақталған,
Қара сүмек болайық қан тарасын.
Айқайла, рухтанып аққан қазақ,
Батыраш балталаса, балталасын!!!

Ал, Әлібек, таныса бер енді көппен,
Ақынсың ел жүрегін елжіреткен.
Екеуіміз де Алаштың ұрпағымыз,
Ұлттарды біріктіріп елдік еткен.
Көгеннен көп өлеңді ағыта бер,
Сол өлең шабыттанып келді көптен.
Ұлыстың ұлы күні құтты болсын,
Ырыстың нұрын шашып келді көктем.
Еліміздің аққайыңы бүршік жарды,
Жастарымыз аралап серілік еткен.
Жас балаңды ағайын қолдап жібер,
Көк туын көк аспанда желбіреткен.

Әлібек кетесің ғой жиі ақталып,
Домбыра шанағынан күй ақтарып.
Ахметжан көзімін деп қоясың,
Қызармай, өз жайын ұят қалып.
Шал ақын ауданының тайыншасы едің,
Көзіме оттай басылдың қияқтанып.
Жайылып Қызылжардан шығып кетіп,
Қалдың ба Көкшетауға тұрақтанып?

ӘЛІБЕК:

Кетеді бүгін өшім кімде менің,
Жөн бе екен бүгін бұлай үндегенің.
Көкшетауда оқысам да туған жерім,
Шал ақын мына менің іргелі елім.
Сегізінші сыныпта алғаш рет,
Айтыстың алаңына кірген едім.
Ол кезде айтысуым былай тұрсын,
Домбыра тартуды да білмеп едім.
Ол кезде ақын да емес, батыр емес,
Жай әншөйін балапан бірдеңе едім.
Сахна мәдениетін меңгермеген,
Ұнап еді сөздерім кімге менің?
Ол кезде бұл баладан түк шықпайд деп,
Газетте масқара боп жүрген едім.
Бірақ та Қызылжарым сен тұрғанда,

Құлақты ондайларға түрмеп едім.
Әйтеуір содан бері уақыт өтіп,
Бүгінде жобалаңды жыр дерегім.
Бетімнен бір қайтарып көрген жоқсың,
Ұлыңның тектілігін білген елім.
Бұл күнде айтысуға жарап қалдым,
Айтыста болмасам да жүлдегерің.
Қиядағы балаңды қолдап отыр,
Ұядағы қанат қаққан іргелі елім.

Бұл бізден тектілікті ұғар ма еді,
Осылайша өлеңін құрар ма еді?
Құлагердей шабайық деп қойасың,
Шаба алмасаң жұрт сені сынар ма еді.
Құлагердің өткенін білгің келсе,
Құлақ түріп тыңдағын мына мені.
Құлагер Көкшетаудың даласында,
Батыраш балтасынан құлап еді.
Елімнің жас тұлпары мерт болған соң,
Тегінде жасыл көздер жылап еді.
Құлагердің өзіндей болмаса да,
Құлыны деп ойлаңдар мына мені.
Шал ақынның шабытын арқаға сап,
Құлагердің құлыны шыға келді.

Келдің бе бүгін бізге тіресуге,
Келдің бе қасарысып сіресуге.
Дәстен ағам дәл мендей толық дейсің,
Ақылды сөзді ойға ілесің бе.
Дәстен деген белгілі ақын еді,
Лайық болған сал деген ұлы есімге.
Сен деген жиырмада емес пе едің,
Бітімің сай келгендей күресуге.
Негізі сол Дәстеннің жас кезінде,
Талшыбықтай болғанын білесің бе.

Сөздерің отыр бүгін лай секілді,
Балпиып отырсың ғой бай секілді.
Сендегі алабатпан салмақ барда,
Біздегі алпыс кило жай секілді.
Ағасы киіз үйдей домалақсың,
Бұл жерде қарасам да қай шетінді.
Сен тұрсың соғымдағы жылқы құсап,
Мен тұрмын жарап қалған тай секілді.
Арықпен семіз шықтық айтысуға,

Табақтағы етпенен май секілді.

Сен өзі жырлары бай Жарқынбысың,
Жоқ әлде сылдыр сөзді салқынбысың.
Дәстен сені мықты ақын деп айтып еді,
Қарсыласқа жететін жарты күшің.
Керемет мықтылығың көрінбей тұр,
Шабытпен айта алмаған ән құрысын.
Ағасы терең-терең сөйлесеңші,
Сен мықты ақынсың ғой халқың үшін.
Жоқ әлде көтер алмай жатырмысың,
Жұртыңның саған деген тартылысын.
Қарсыластың бар бағы қарсыласта,
Мен келдім осы жайды айту үшін.
Бұл Жарқын обалыма қала ма деп,
Тарылып бара жатыр бар тынысым.
Әйтеубір ешкімгеде зияны жоқ,
Жарқын десем әйтеуір Жарқынымсың.

Бұл күнде Жарқыныңа тамсанар көп,
Танытты кеше бізге алшаң әдет.
Құдайберлі ағаммен кеше кешке,
Келіп едім Көкшеден шаршаған боп.
Өткен жолы Жарқын маған қоңырау шалған,
Келсең болды жақсылап қарсы алам деп.
Ал кеше қолым тимейді, тойдамын деп,
Соның өзі білгенге жақсы-ақ әдет.
Үмітімді ақтамай кеттің, аға,
Ендеше неге айтасың қарсы алам деп.
Айналып үйімізді таба алмадық,
Қызылжарды білсеңіз қашама рет.
Біз жүрдік бүгін қайда қонамыз деп,
Сен жүрдің тойда қанша аламын деп.
Кеп қалған қонағыңды кері тептің,
Келіннің табағына жан салам деп.
Осыдан соң Қызылжар айта алмаспыз,
Қонақтан әр қашанда шаршама деп.
Досыңды танымай кеткенсің бе,
Тойларда асаба боп ән саламын деп.

ЖАРҚЫН:

Әлібек мына жырың бөлек екен,
Ойыңа қай-қайдағы келеді екен.
Мың сөзіңе бір сөзбен жауап берсем,
Көрермен ол сөзіме сенер мекен.

Үлкеннің аты үлкен інішегім,
Ол өзі қайталанбас дерек екен.
Қазағымның бір мақалын мен айтайын,
Орны ол мақалдың бөлек екен.
Толықпен арық болып айтысқа кеп,
Айтпай оны бұл жерден неге кетем?
Түйелер ойнақтаса кең далада,
Ешкілер тауға шыққан серек екен.
Әлібек сол түйені жел тербесе,
Ешкіні көктен ізде деген екен.

Көздерің Бурабайдай көл секілді,
Сөздерің ұйытқып тиген жел секілді.
Көкшетауда бас бәйгені алыпсың ғой,
Қарсыласты қайтарған ер секілді.
Бір машина мініпсің құтты болсын,
Өсе бер бұл қоғамда мен секілді.
Онан кейін аламанға барыпсың сен,
Айтысың көк жәшіктен көрсетілді.
Сол айтыста Қызылжар деп айтар десем,
Көңілің Көкшетауға кең секілді.
Бұл айтысқа келмеймін деген едің,
Қызылжар аяқ баспас жер секілді.
Ағаларым айтқан соң келіп қапсың,
Айтушысын өзгерткен ән секілді.
Енді маған күтпедің деп ренжисің,
Әлеке, айта берем қай шетіңді.
Қытайдың тауарындай мың құбылған,
Жігіттер көбейіп тұр сен секілді.

Отыр ма, Әлібектің есі қалмай,
Дүбірінен Қызылжардың шошығандай.
Көкшетауға есемді жібермеспін,
Шал ақын, Мағжандардың көші бардай.
Ғабиттердің кесек- кесек қара сөзін,
Табақ қылып тартайын шашып алмай.
Өткен жолы Әлібек ренжіпті,
Грант бермеді деп осы маңға-ай.
Содан кейін Көкшеге кеттім депсің,
Қызылжардың көшіне қосыла алмай.
Ал мен болсам грантта оқып жүрмін,
Сырымды ақтарайын шашып алмай.
Әлеке, тоқал ешкі тасқа шығар,
Мүйізін жүрсе де ол өсіре алмай.

Әлібекті Көкшеге жібермеспін,
Мәселесін осы жерде шешіп алмай.

ӘЛІБЕК:

Сыныңды айтпайсың ба жөніменен,
Жатыр ма қара сөзің болып өлең.
Мен Көкшеде студенттің қол қойылған,
Ғылым министірлігінің мөріменен.
Көкшетау мен Қызылжар егіз еді,
Ол шындық жасырайын оны неден.
Көкшетауға кетіп қалсам несі жаман,
Асқаров Еріктердің жолыменен.
Ғабиттер де Көкшені айтып өткен,
Сырласып Сексенкөлдің көліменен.
Мағжандар да Көкшені жырға қосқан,
Ал ендеше көмейден ағыл өлең.
Бірақ бұлар қызылжарлық болып қалған,
Ешкімнің былығы жоқ соныменен.
Арғы жағын қопарып мен қайтемін,
Арғынның баласымын соны білем.
Әдіресім орта жүздің подьезі,
Тіркелген атығайдың нөмірімен.

Неіліктен жырымызға күмөндөндің,
Ұлы едік баласындай бір ананың.
Қызылжарға келмеймін деп айттың дедің,
Осылай бүгін бізге жыр арнадың.
Мәселенің мән-жайын біліп алмай,
Жөн бе екен бүгін бізді сынағаның.
Ажал деген аяқ асты келеді де,
Тағдырдың жазғанымен тіл аламын.
Таныс ақын қайтып кетіп кеше кешке,
Осылай мәннің жайын ұға алар кім.
Көңілімді айтып шықтым үйіне барып,
Осылай жауап беріп тұра алармын.
Не болса да алдыңа келдім міне,
Жөн болар екпініме шыдағаның.
Бәрін айт та бірін айт, ағайындар,
Сіздерменен көріспей тұра алмадым.

Уақыттың шығарайын жиып түбін,
Жырымды айта алмадым биік бүгін.
Құдайым бақпен бақты бірге берсе,
Әлі де шауып келер сүйікті ұлың.
Қалың елім, сіздерге алғысым зор,

Кеп қалған уақытты қиып бүгін.
Қаратаудай балаңа тіреу болсын,
Алатаудың шыңындай биіктігің.

ЖАРҚЫН:

Әлібек бұл Жарқынға беттепедің,
Жен еді қара өлеңді көктеткенің.
Бұлар өзі Қызылжарлық боп қалған деп,
Жарқынды сен бұлайша шеттетпегін.

Айналып Әлібек!
Тегіме тиіспе сен менің,
Алыста жүріп Қызылжар,
Таза ауаңа шөлдедім.
Шетте жүрсем қазақ боп,
Артық қой менің өлгенім.
Көкбайрақты көрген соң,
Бір ұлың болып келгенмін.
Қызылжарыма рахмет,
Жүрегімді тербедің.
Барлығы қандас бауыр дейд,
Сен болсаң қылыш сермедің.

Әлібек Көкшеден келет деп,
Әнге салып беред деп,
Жастары ұзақ болсын деп,
Қолдарын жайды кәрілер.
Қожаберген туған қара қос,
Қара нанның дәмін көр.
Абылай жортқан кең алқап,
Ақ үйінің сәнін көр.
Ағынтай мен Қарасай,
Ескеріткішінің барын көр.
Абай мен Пушкин қатар тұр,
Өсиетіне сеніңдер!
Мағжан ата көшесі,
Жарқырап тұрған түнін көр.
Халқым өзің қолдасаң,
Ұлың едім «Елім!», – дер.
Қалағанымды берсеңдер,
Ертеңіме сеніңдер.
Мүтәллап ағам дара ақын,
Дара ақынның жолын бер.
Зейнолла ағам өр ақын,
Өлеңінің нәрін бер.

Дәстен ағам әнін бер,
Қайырлының сәнін бер,
Қызылжар атын шығарар,
Жүрегіме жалын бер,
Бір Аллаға бас ием,
Қайтпас маған дарын бер,
Қызылжарлық ағайын,
Осы айтқанның бәрін бер.
Ал енді мен де тоқтайын,
Шап десе қалай шаппайын,
Үкілеген елімнің,
Үміттерін ақтайын.
Оза шаппас айтыста,
Қонақ болып келіңдер.

ӘЛІБЕК:

Төгілді көмейіңнен шіркін өлең,
Қарап ем мәннің жайын сыртыменен.
Қызылжарда анау бар, мынау бар деп,
Байқасам балаларың құлпырды кең.
Мен саған неменеге таң қаламын,
Осылай болып жатса сыртың өлең.
Ақиқатты еліңе неге айтпайсың,
Жырыңнан шықпай ма әлде шіркін өлең.
Жұтаған ел мақтанар жұртыменен,
Ашыққан ел мақтанар құртыменен.

Жарқын-ау, шындығымды анық дерсің,
Ал енді көрермендер шабыт берсін.
Мақтасаң басшыларға айтарым бар,
Халықтың үмітіне жарық берсін.
Тесілген ойқыш-ойқыш жолдарымда,
Тегістеп қайта жөндеп салып берсін.
Қалаңда Погодина, Миралар бар,
Орысша Көкшелерден жалықты ел шын.
Осындай ақиқатты жөндеп алшы,
Тағы да ақын ұлың шолып көрсін.
Қазақты қазақ қана қазақ қылып,
Қазақты қазақ қана дәріптесін.

ҚУАНЫШ ОСПАНОВ ПЕН ФАРХАТ ТАСТАМБЕКОВТЫҢ АЙТЫСЫ

ҚУАНЫШ:

Алла деп сөйлемесе балаға сын,
Ассалаумағалейкум! нар Алашым.
Құлагердей шабуға міндеттімін,
Ағайын көмбе жақтан қарағасын.
Намысымды ұстайын байрақ етіп,
Арыс ұлдың біріне балағасын.
Бала қыран самғасын алдарыңда,
Ағайын өзің сыпыр томағасын.

Жүрген соң Қызылжардың етегінде,
Қазақтың маңдай бағы бес елі ме.
Қызылжар деп сапырайын жыр қымызын,
Қасиетіңді жырламай кетемін бе.
Өзіңдей арқалы елім тұрған кезде,
Ешкімге кете қоймас есем мүлде.
Тай байлап жібертін дархан елім,
Қой сұрап келген жанның жетегіне.

Армысың, қариялар жасы жеткен,
Талай белес, қырқаны асып өткен.
Немере мен жиендерін өсірсін деп,
Сүйегін Аллаң өзі асыл еткен.
Баталарын күнде берген қабыл етіп,
Аспанын Отанымның ашық еткен.
Дағдарыс ауыр емес сіздер көрген,
Неше зұлмат ағайын қасіреттен.
Бүгінгі ұрпағыңның әнмен жыры,
Ізіңнің садағасы басып өткен.

Студент аруларға арма дедім,
Күлкісімен көңілге күн беретін.
Өзімдей жігіттерге арма дедім,
Сегізінші наурыз келсе мұң көретін.
Студенттік жастықтың лебі ғой,
Джинси киіп жүрмесе мін көретін.
Күн батқанда кешке қарай қолтықтасып,
Би кешіне бармаса сын көретін.
Азын аулақ қалтада жүз теңгесін,
Тоқсынып студенттер мың көретін.
Жатахана жабылса да есіктері,
Өздері күндіз жусап, түнде өретін.
Майеонезді сары майдай нанға жағып,
Қытайдың лапшасымен күн көретін.

Шашыңды бесті айғырдың жалындай ғып,
Көзіңді инномарка фарындай қылып.
Өлеңменен құрбалдыққа шалайын ба,
Кедейдің қыстан шыққан малындай ғып.
Сахнаға шыға көлдің айтысуға,
Бойыңды сіреңкенің талындай ғып.
Фархат деп есіміңді неге қойған,
Ұйғырдың діннен безген шалындай ғып.

ФАРХАТ:

Қызылжар құт дарыған қыдыр өлім,
Мен қалай сен шап десең сүрінемін.
Абылай ақ туына жиналғанбыз,
Арғы атам сақ пен қыпшақ, түрік едің.
Жылдар өтіп ұлысты тойлаудамыз,
Мереке құтты болсын бүгін елім!
Құлагердің мұрагері болмасам да,
Кісінеп шабатұғын құлын едім.
Ал, ағайын сен қолда мен шабайын,
Алғаш рет топқа түскен құлын едім.

Оранып бүгін елім көк мұнарға,
Жүйріктерді қиқулатып шаптыра ма?
Наурызда арулар көже тасып,
Жігіттердің қарынын тоқ қыла ма.
Қыдырдан қазағыма бата қонып,
Қиындықтың тұманын жоқ қыла ма.
Көкпар тартып, теңге алар кезің келді,
Атына қамшы басып жақсылар да.
Жаратқаннан именсін деп тілейік,
Тексіздермен ағайын бақсылар да.
Ал біздер бір Аллаға сенейікші,
Есігін бұл жұмақтың ашсын Алла!

Бұл айтысқа кәрі мен жасы кепті,
Ағаларым отыр екен асыл текті.
Алдарыңда күйші де емес, биші де емес,
Ақындық өнерімді кәсіп еттім.
Бір Алла мына маған наурызды,
Қуанышпен қарсы алуды нәсіп етті.
Ал ағайын қол соғып қолдап отыр,
Қос құлының Есілдей тасып өтсін.

52376

Балпаң- балпаң басатын,
 Жырдан шуақ шашатын.
 Ұлыстың ұлы күнінде,
 Жырымен қуат шашатын.
 Мереке мен құтықтап,
 Құшағын елге ашатын.
 Қолдап отыр ағайын,
 Алдыңа шықты қос ақын.
 Ағама енді қарайын,
 Өктем жырды бұрайын.
 Көкшетаудың қыраны ең,
 Қызылжардың ұланы ең.
 Бұлбұлдайын сайраған,
 Інілермен ойнаған.
 Тілімен көсеп отты алған,
 Сөзім отыр шоқпардан.
 Абзал менің ағам ең,
 Көкжал жырға құмар ең,
 Алғаш шықтым айтысқа,
 Мен балапа, балаң ем.
 Тұғырыңа қонайын,
 Айналайын ағатай,
 Тұсауымды кесіп бер,
 Содан кейін шабайын.

ҚУАНЫШ:

Мен бүгін бұл інімді сынайын ба,
 Осылай мынау жұртқа ұнайын ба.
 Домбырасын бұрамай шыққан ба деп,
 Бұл халқың беріліп тұр уайымға.
 Домбыраң басқа сөйлейді өзің басқа,
 Осылай мына сені ұрайын да.
 Сахнада інім болып отырғанда,
 Мен саған бір көмекті қылайын ба.
 Домбыраңның құлағын емес інім,
 Мен сенің құлағыңды бұрайын ба.
 Көрі ешкідей бақырып жатқан кезде,
 Домбыраңды мен шертіп тұрайын ба.

Сұлудай сылаңдаса таң самалы,
 Арқаға Қызылжар деп жар салады.
 Ғашығымдай аңсап бір келген кезде,
 Сен едің Қуаныштың аңсағаны.
 Қыздың сұлу шашындай аққайыңдар,
 Менмұңдалап ақынды қарсы алады.

Қарағанды облысының
 Қызылжар ауданы
 Қ. А. Янов ОАА
 5. 10. 2000

Аққайыңның ұқсаса сұлу қызға,
Бұтағында бұлбұл құс ән салады.
Төсекте маужыраған арудай боп,
Есіліп Есіл суың тамсанады.
Қосылып жырласа да жүз бір ақын,
Көркіңді қалай жырлап тауысады.
Мен үшін мамықтай боп көрінеді,
Аспаныңнан қара тас жаусадағы.

Келдің де сахнадан төріңді алдың,
Мен дағы мұны көріп ери қалдым.
Сызылып сериалдан шығатұғын,
Сен әлде байысың ба, Бериванның?

ФАРХАТ:

Жарамас ақын ұлды билеткенім,
Ініңе сын садағын иректөдің.
Ағам деп мен өзіңді отырғанда,
Жарамас жол ортада күйреткенің.
Мен айтқанда сен шертіп отырғанша,
Жөн болар домбыраны үйреткенің.

Бабадан қалған бізге мол мұраны,
Ұрпақтары көңілге қондырады.
Кешегі Аманжол мен Әлібектей,
Мен дағы үйренемін домбыраны.

Ағамның дей алмаймын бар амалы,
Жарамады маған жаман қарағаны.
Анау-мынау дегенді босқа қаузап
Айыпты інісіне таға алады.
Тұсауымды кес деп ем, кесе алмады,
Енді ағам қалайша шаба алады.
Көкшенің үкілеген көк дөнені,
Тұсауымды кесугеде жарамады.

Қазақ едік жаралған ар- намыстан,
Сондықтан биігімде талғап ұшқам.
Қызылжардың кең маңдай жігіттері,
Құбылаға бет бұруда жаңылмастан.
Қызылжардың қызғалдақтай арулары,
Жүреді имандылықтан жаңылмастан.
Қайсар мінез ақ жаулықты аналарым,
Бойларынан тектілік арылмас жан.
Асқар таудай ақсақал аталарым,

Бата беріп құлынның бағын ашқан.
Солтүстіктің қысындай әкелерім,
Елім десе білеміз жалын құшқан.
Осындай өр ортадан мен шыққанда,
Сен келдің қотыр тайдай жағаласқан.

ҚУАНЫШ:

Мен саған домбыраны үйретемін,
Осылай өлеңіңді күйлі етемін.
Керек десең музыканы қосып қойып,
Сахнада қара жорға билетемін.
Ал енді үйренбесең домбыраны,
Құлағыңнан ұстап ап сүйретемін.

Өлең десе өр едім арымаған,
Жырың бар жүректерге дарымаған.
Қарасаңшы қалқың ұйып жатқан жоқ па,
Бұлбұлды тыңдағандай бәрі маған.
Ілмиіп лақтай боп отырсың ғой,
Енесінің сүтіне жарымаған.

Қазағым қалқым,
Қашаннан нар еді.
Жаратқан иеміз,
Бір өзі жар еді.
Осындай болатын,
Ақынның әлемі.
Ал еді сенде інім,
Көп сөйлеп қиналма.
Кім шығады білмеймін,
Екеуімізден финалға.

ЖАРҚЫН ЖҰПАРХАН МЕН ҚҰРМЕТ ҚҰРАЛХАННЫҢ АЙТЫСЫ

ЖАРҚЫН:

Өркениеті елімнің тыныштығы,
Әлеуметті жағдайдың дұрыстығы.
Дағдарысқа қармассың арда қазақ,
Майсып кетсе дағы қылыш қыры.
Ассалаумағаликум! Құрмет досым,
Айтысқа шыққандайсың ұрыс күні.
Тамаша бір айтысты біз жасайық,
Көрініп көнбе жақтан жыр ұшқыны.
Бәрін айт та, бірін айт Құрмет досым,
Құтты болсын көп қалған ұлыс күні.

Құрмет досым қарсылас қасымдағы,
Қара сөзді таспалап тіліп педің.
Ақын деп елің сені жібергенде.
Көмейдегі жырыңды ірікпегін,
Аққайындар өлкесі Қызылжарда,
Есілдей толқын ұрып тұнып па едің?
Өлеңнің майын ішіп жүрмесем де,
Шағып жүрмін ағайын, жіліктерін.
Қалқым өзің ұлыңды қолдап отсаң,
Беттетпеспін Көкшенің жігіттерін.

ҚҰРМЕТ:

Тамырдай тарихың бар таралатын,
Әнге бөлеп кетейін бар алабын.
Сен деген Қызылжарым көне қала,
Екі бірдей есіммен аталатын.
Ахметжан Нұртазиіндеі асылдарың,
Өнермен ұштастырған атар таңын.
Солардың ізін жалғап Дәстен сері,
Айтысқа төгіп жүр ғой шапағатын.
Қызылжар рухың биік халге жеттің,
Наурыз көже әр үйден тата алатын.
Иманы бар ел бүгін жиналыпты,
Алланың сезінген соң махаббатын.
Ұлыс күні ағайын құтты болсын,
Бұл күні ел аямас шапағатын.

Аман ба, Жарқын жігіт жарқылдаған,
Дауысы қыран құстай саңқылдаған.
Ақанның елінен мен келіп тұрмын,
Дауысым бар менің де қаңқылдаған.
Қаңқылдақпен саңқылдай айтысайық,
Болмасын деп тіледім арты жаман.
Сен деген Қызылжардың ақынысың,
Өзгеше ғой көзқарас жалпы саған.
Бірақ Құрмет балаң өгейсімей,
Төбеңізден жарықты тартып алам.

Бөлінбес бүтін жұртым біз дегендей,
Себебі бізден үміт үзбегендей.
Шап десеңіз мен шабам тұра бермей,
Отырсың ғой ағасы күзгі емендей.
Ай, Жарқын сырыңызды білеміз ғой,
Қылымси кетуші едің қыз дегендей.

Менімен шыққан кезде бір түрлі боп,
Тітіркеніп отырсың тұз жегендей.
Ал қане тұқ қалдырмай бәрін жырла,
Тақырбастан қайызғақ іздегендей.

ЖАРҚЫН:

Қара өлеңге жүрегім құмар едің,
Қызылжарда жортып жүрген құлан едім.
Көкшетаулық қос ақынмен айтыстым ғой,
Жағамнан жармасады мына менің.
Екеу түгілі онымен айтыссам да,
Мен бүгін барлығына шыдар едім.
Жарқындай ақынына сеніп отыр,
Қызылжарлық Құрмет жан қырын елім.

Құрмет бала, сенің көркің бөлек екен,
Тақылдаған таңдайың ерек екен.
Шыға салып емендей деп қойады,
Екі көзі мені ғана көреді екен.
Ал өзі тал шыбықтан аумап қапты,
Алға бастар біздерді өлең екен.
Көрерменнің қос жанары жәудірейді,
Оған енді дағдарыс себеп екен.
Бірақ та ел мұңайып отырған жоқ,
Жаңа жыл жаңа бақыт береді екен.
Ұлыс күні Қызылжарға ағайындар,
Қыдыр ата қыдырып келеді екен.
Дағдарыстың шідері шірісін деп,
Ақ батасын қазаққа береді екен.
Расында көк жоталы көкпар елім,
Дағдарыс мағдарысқа көнеме екен.
Осылайша дағдарыс боп жатқанда,
Арықтардың хал-жайын өлең өтем,
Арықтарға дағдарыс қиын болар,
Ал, семіздер жайлап күнін көреді екен.

Толық деп тергегенше Құрмет жігіт,
Досыңның жетпейсің бе бағасына.
Ағайын мына сені қолдап отса,
Құлагердей көсіліп шабасың ба?
Бірақ сенің қаралығың қарап тұрсам,
Негірге де жақындап қаласың ба.
Осы жерден кезегімді берейінші,
Көкшетаудың Құрмет деген қарасына.

ҚҰРМЕТ:

Қол бұлғап шақырғанда мұрат алдан,
Қобыздай күңіреніп тұрады арман.
Жарқын-ау, бекер тиістің қарасың деп,
Қақпада қарамын деп ұран салам.
Қайыспас қара қазақ сен едің ғой,
Қасқайып қарап тұрар құба таңнан.
Құралханның ұлы едім Құрмет деген,
Халықты қара сөзбен жұбата алған.
Қара көзден тамшылап жас аққанда,
Қара жерім сүйіп тұрып уата алған.
Қайратты қазағымның қара ұлымын,
Қара жердің төсінен қуат алған.

Күн бүгін расымен шаттанатын,
Орамды ойды кез болды ақтаратын.
Жарқын-ау, жалыны жоқ сөздеріңе,
Жайым жоқ мына менің қақталатын.
Айтысқа шыға қалсам ақын біткен,
Дейді ғой неге маған қап-қарасың.
Деген соң бәрі бірдей қап-қарсың,
Болды ғой сорланатын шақша басым.
Ақындарға бұдан кейін өтініш бар,
Қап-қара деген сөзге тоқтамасын.
Негірдің тастап кеткен баласындай,
Шыныменен бір түрлі боп қаласың.

Адамға керек рас төзім ғана,
Жалғастырып кетейін сөзді ала.
Көкшетаулық қос ақынмен айтыстым деп,
Айтып жатқан Жарқынның ойын қара.
Ол рас біз Көкшеден келген кезде,
Маңдаймызға жазылыпсың өзің ғана.

Жарық-ау, сөздеріңіз оқ секілді,
Көңілі бұл Жарқынның тоқ секілді.
Дағдарысты айтып кеттің жаңа ғана,
Мұңайатын жайларың көп секілді.
Десе де дөненізге қарап тұрсам,
Қызылжарда дағдарыс жоқ секілді.
Домаланып жаныма жайғасыпсың,
Апсайыттан теуіп жерем доп секілді.

ЖАРҚЫН:

Күшім бар сахнада бүріп кетем,
Қармағыммен су түбіннен іліп кетем.
Апсайыттан теуіп жерем деп қояды,
Оныңды мен ойыма түйіп кетем.
Қақпашы болсаң Құрмет, абай болғын,
Әйтпесе қақпаңа кеп кіріп кетем.

Қызылжар деген қалам бар,
Көп ұлытты деген қоғам бар.
Ақындардың ақыны,
Ерік Асқаров ағам бар.
Елуге биыл толады,
Сенбесеңдер санаңдар.
Тойын жасап Еріктің,
Барлығың да жараңдар.
Шындықты елім айтайын,
Бәрің де бері қараңдар.
Аққайыңның елінде,
Атығайдың жерінде,
Қарыттар үйіне қамалған,
Әкең менен анаң бар.
Қызымыз шылым шегеді,
Жанбай жатып сөнеді.
Ұлдарың тұлпар бола алмас,
Шаппай жатып табандар.
Жастармыз қайда барады,
Ертеңіңе алаң бар.
Айналайын, жастарым,
Ұғыңдар енді санаң бар.
Басекелі бола алмас,
Биіктерге де бара алмас.
Қамшы бассаң да шабанға,
Құлагердей шаба аламас.
Тіліңді көтер бүгіңгі,
Дініңді қорға бүгіңгі.
Игілігіне елдің жарасаң,
Боларсың сонда білімді.
Ақыл айтты демендер,
Үлкен кіші қартыңа.

ҚҰРМЕТ:

Керек емес күмсің де алтының,
Осыменен доғарайық, Жарқыным.
Көптеу сөйлеп расымен кетің ғой,
Ұнатпайды халқым дағы артық үн.

АМАНЖОЛ ЗАҒЫПАР МЕН БІЛІМБЕК СЕКСЕНТАЙҰЛЫНЫҢ АЙТЫСЫ

АМАНЖОЛ:

Артында сахнаның тұра бермей,
Жарқылда, қызыл тіл сына көрмей.
Қазақта соңғылардың жүгі ауыр,
Қос құлының алдыға шыға келді-ей.

Ассалаумағалейкум! нар Алашым,
Білімбек жыр тұлпарын тағаласын.
Қиындығын халқымның біз айтайық,
Құйын жырым көмейден борағасын.
Ұлыстың ұлы күнін тойлаңыздар,
Дағдарысқа еліміз қарамасын.
Қожаберген қылышынан қан тамызған,
Ұлы рухым қайтадан ораласың.
Шал ақындар тілінен бал тамызған,
Төл тарихым қалайша жоғаласың.
Мағжан, Ғабит қаламының ізі бүгін,
Әдебиет төрінен жол аласың.
Жеті түрлі тағамнан көже жасап,
Дайындап жатқан шығар анам асын.
Халықтың шапалағын соқтырғандай,
Шабыттың ұшырайын шағаласын.

Білімбек, сен де бүгін шаба аласың,
Шаба алмасаң ел көзінен жоғаласың.
Егерде елімізге ұнап жатсан,
Төрешіден ұпайды көп аласың.
Егер де көңілдерден шықпай жатсаң,
Өрине, көп алмайсың нөл аласың.
Қасыма құда құсап жайғасыпсың,
Күтіп енді отырғандай қонағасын.
Жел жұлқып, қар көбесі сөгілгендей,
Желдіртіп шашадан шаң төгілгендей.
Келді іркіп ұлың бүгін қара өлеңді,
Төндіртіп жырдың бұтлы көрінгендей.
Қызылжар – аққайыңның өлкесі ғой,
Татулық аққайыңы егілгендей.
Ал енді, ақ астығы жайқалғанда,
Тай түгіл торпағың да семіргендей.
Абылай хан ат басын тіреген жер,
Тарихтан төрден орын берілгендей.
А, Құдай, атың Қызылжар бола қалса,
Арманым болушы еді менің неңдей?!

Дала сөзі абызбен жыраулардың,
Қызылжарға нұр болып төгілгендей.

Қорықпай маған қарсы шапқан інім,
Берікрек отырғайсың атқа бүгін.
Сіркіреп өлеңдерің төгілмесе,
Дүркіреп қосылмайсың топқа бүгін.
Сәлем бердім қабыл ал жүрекпенен,
Тілің семсер болсыншы от қаруың.
Қазы-қарта шайнаса да ғарыштағы,
Қолдаған қазақпыз ғой шапқан ұлын.
Інішек ел алдында көсілгейсің,
Мен дағы сен секілді көп танылдым.
Ұлысы қазағымның құтты болсын,
Қылышын қара өлеңнің шапқан ұлмын.
Тынысың ел алдында тарылмасын,
Бір ұшы тиіп кетіп оқтауымның.
Көмірдің мекенінен кеп отырсың,
Қара алтынның қадірін сақта бүгін.
Астықтың аймағына келген кезде,
Көмейіңнен ақтарылсын от жалының.
Көмейіңнен шықпаса от жалының,
Көмір ғып тастай салам отқа бүгін.

БІЛІМБЕК:

Ағайын, құшақ жайып қарсы алыңдар,
Тамаша, тәтті өлеңге тамсаныңдар.
Соңғы жұп, мінекей, шығып қалдық,
Сондықтан жер жаһанға жар салыңдар.
Шыдамайтын біреулер шығып кетті,
Білмеймін, мынау залда қанша маң бар.
Ана тілге бөлінген ақша құсап,
Тым болмаса азғантай қол соғыңдар.

Шекпенін еркіндіктің Тәңір жапқан,
Қазағым басындағы бағың батпан.
Тіл мен жақ жаңылмаса жүрісінен,
Түсірейін деп отырмын ханыңды аттан.
Көктем келіп, мереке көп болып тұр,
Жүректердің жылуын жалындатқан.
Арулар, өткен мейрам құтты болсын,
Көктемнің жаршысындай дамыл қаққан.
Әлемді әлдиімен тербететін,
Аналардың көремін бәрін мақтан.
Мәуліт айы басталып кеткен екен,

Ол да бізге мейрам ғой Тәңірі Хақтан.
Ұлыстың ұлы күні қатар келіп,
Қарық болып қуанып халық жатқан.
Дағдарыс деген өзі пәле болды,
Қалтасын бар әлемнің қағып жатқан.
Бірақ та ол сіздерден байқалмайды,
Табысың көп секілді тауып жатқан.
Мінекей, Қызылжарым айтыс қылды,
Алты Алашқа той қылып сауындатқан.
Қызылжар, мен өзіңе ризамын,
Ел жұрты шүкір айтып сабыр баққан.
Шақырып термеші мен ақындарды,
Тұлпары көмбе жақта жауып жатқан.
Ассалаумағалейкумі дархан қазақ!
Дағдарысқа қарамай дамып жатқан.

Демеңдер мына бала безілдепті,
Менің бүгін сөйлемес жөнім жоқ-ты.
Қызылжарға мен алғаш келіп тұрмын,
Сондықтан көсілетін кезім кепті.
Ол жақта бәрі орысша дегенді естіп,
Көп ақын аяқ баспай безілдепті.
Байқасам мұнда бәрі басқаша екен,
Еліміздің еңсесі езілмепті.
Ертең айтыс болады дегенді естіп,
Көрермендер түнімен көз ілмепті.
Ағайын қаумалаған сені көріп,
Селдей болып селдіреп сезім кетті.
Қара өлеңнің қадірін түсінетін,
Қазақтар көп екен ғой кезім жетті.

Шайқасатын сайманды сайлап алып,
Бұл айтыс біздер үшін майдан анық.
Аманжол ақын ағам аманбысың,
Сәл бердім кезекті пайдаланып.
Сен деген айтыстағы ақтангерсің,
Атағың Қызылжарға айдан анық.
Бірақ, мен оныға да жасқанбастан,
Шабайын бәсекеде байрақ алып.
Қуған жетпес, бұйырған кетпес деген,
Құтыламын деп отырсың қайда барып?
Көмірдей отқа салам деп отырсың,
Қайтесің босқа сөйлеп майдаланып.
Айтарым атағыңда шатағым жоқ,
Қайтамын қанжығама байлап алып.

Айтысқа атой салып кеп жүрмісің,
Ұстап алып өлеңнің сен дүрбісін.
Жасың болса жиырманың ортасында,
Осындай жасқа бүгін кеп жүрмісің.
Білдей бір мекемеде мұғалімсің,
Кейлегің көк, қарының тоқ жүрмісің.
Мына меңдей ініге жеңге таппай,
Сопа басың сопиып тек жүрмісің.
Қазақ саны көбейсін деп жатқанда,
Баланы өзім табам деп жүрмісің?

АМАНЖОЛ:

Ауыздан шыққан сөзді қағып алар,
Жігітсің маса тілді шағып алар.
Ойпырмай, бала табар ойымда жоқ,
Сөз айттың орақ тілмен орып алар.
Кейбіреу жұмыртқаны білмей қалып,
Шарик деп тасқа ұрып жарып алар.
Ер жігіт жиырмада жігіт болады,
Жиырмадағы қыз деген кәрі болар.
Жігіттер отызында орда бұзар,
Ал қыздың өңі кетіп сары болар.
Жігіттер қырыққа кеп қылыш болса,
Енді айтшы қыздың қандай өңі қалар.
Ер елуге жетседе ештеме етпес,
Алла жазған біреудің жары болар.

Түспейік інішегім бос егеске,
Көңілің көрерменге қош емес пе?
Көміріңмен Білімбек мақтанбашы,
Сүріңген жерің сенің осы емес пе.
Қара нанның таңдайдан дәмі кетпес,
Ақылды кіргізетін ес емес пе.
Атам қазақ нан түйірін де қадірлеген,
Арпа, бидай ес деген осы емес пе?

Отырсың, орманыма от қойғандай,
Айтарыңды айтарсың қатты ойланбай.
Білімбек біздің елде дағдарыс жоқ,
Мағжандардың елінен бақ тайғанба-ай.
Мысалға біздің әкім шапағат деп,
Тауары арзан дүкенге ат қойғандай.
Халқыма шапағатын төккеннен соң,
Дағдарыс Қызылжардан қап қойғандай.

Сөзің оқ, өлең айтшы керегелі,
Татулық бсағасы теңеледі.
Шаңырағы көкжал елдің шайқалмасын,
Керегесі бүгін де кеңейеді.
Ағайын, Білімбекке қол соғыңдар,
Арқаның жел жеткізбес өрені еді.
Бұл Білімбек Астанада білім алған,
Ол да бізге естілген дерек еді.
Астананың жайы бізге белгілі ғой.
Көркіменен, сымбаты бөлек еді.
Кірпіш тасып, батпақ илеп біздің қазақ,
Ауырлыққа сабырлықпен көне берді.
Шеттен келген келімсекті білеміз ғой,
Тек қана ақша алуға зерек еді.
Мысалы, сен өзің де студентсің,
Құрлыс деген тамаша көмек еді.
Ара-тұра парларынан «сызып кетіп»,
Студенттер ақшағада кенеледі.
Бір табан басшыларға жақын жүрсің,
Осының бәрін айту керек еді.
Бірақ та сен де ұйықтап жүргендейсің,
Өйтпесе, екі көзің көрер еді.

БІЛІМБЕК:

Сөз құнын – сөз атасы Майқы берер,
Мен бүгін танытпаспын қайтып өнер.
Аманжол Қызылжардың ақынысың,
Сондықтан танытқайсың жарқын өнер.
Ал мен болсам Қарағанды шеттен келдім,
Демеңдер тұяқ серіппей тарпып өлер.
Қазақта мақал бар ғой білесіздер,
Ауыл үйдің итінің құйрығы қайқы келер.
Қорықпай қайқы құйрық Аманжолдан,
Білімбек айтар ойын айтып өлер.

Қанатымды қомдасам қырандай бір,
Ағайын қиқу салып ұрандай біл.
Құрылыста оқисыңба дедің аға,
Мына мен түсті дейсің оған қайбір.
Ол рас, Астанамыз гүлденуде,
Дей алман оған қазақ қуанбай жүр.
Бірақ та сол қуанған қазақтарым,
Неліктен қуанғанын біле алмай жүр.
Үйді алып өзге елдің қалталысы,

Біздің қазақ білегін түре алмай жүр.
Одан қалса жемқорың жегідей жеп,
Жағдайың оңалады бұдан қайбір.
Елін жеген парақор басшылардан,
Елім деген еңселі ұл туа алмай жүр.
Ауылдан білім іздеп келген жастар,
Қаланың бұл қылығын ұға алмай жүр.
Білімнің биігінен көрінгенмен,
Бүгіннің биігіне шыға алмай жүр.
Төбесі көк тіреген биік үйде,
Өресі биік жандар тұра алмай жүр.

Қазағым тудырғансың ұлды мықты,
Сол ұлдар ер болсын деп бір білікті.
Шал ақын, Мағжан, Ғабит, Сәбиттерің,
Ұлттық рухымызды ту қылыпты.
Күні кеше Асқаров Ерік ағам,
Халықтың қайғысымен бір жүріпті.
Ал бүгінде төрде отырған Дәстен сері,
Біраз істі тыңғылықты тындырыпты.
Осындай ұлыларды туған мекен,
Қызылжар қойнауың бар құндылықты.
Бірақ та, атауыңнан ақсап тұрсың,
Орыстар опа бермей тұрғылықты.
Петропавл – Петрдің қаласы деп,
Осыдан бес жыл бұрын дүрлігіпті.
Күні бүгінгіге дейін қасарысып,
Қызғыштай қорып соны шу қылыпты.
Онсызда жүз елу жыл бұл империя,
Қазақты таптап басып құл қылыпты.
Ұлтымды ұлылығынан айырған соң,
Жұртымды жүндей түтіп жыңды ғыпты.
Ал бүгін егемен ел болғаныңда,
Дәл осылай боларын кім біліпті.
Кез келді ертеңінді ескеретін,
Кез келді Қызылжарды қош көретін,
Енді қазақ қақың жоқ қарап тұрып,
Дүбәра дүрмектерге дес беретін.
Өз қолың өз аузыңа жеткен кезде,
Өзгенің өкпесіннен сескенетін.

Ар жағы Аягөздің Семей мекен,
Қызыл тілді сөйлеткен көмей мекен.
Қазақтың сүтбетінің қаймақтары,
Байқасам арғын, қыпшақ, керей екен.

Сол халықтың біреуі осында отыр,
Ол да бізге емес қой өгей, бетен.
Аманжол Қызылжардың ақынысың,
Сондықтан бала тілін жебей ме кен.
Мағжан туған жерден шығып сөз сөйлесең,
Менде сені Аманжол елей кетем.
Мағжандай мандытып сөз айта алмасаң,
Ұқсамасаң тумағыр демей ме екен?!

АМАНЖОЛ:

Білімбек қара сөзбен бос арбады,
Осы емес пе ағайын шашалғаны.
Бір дүбір Қызылжарда басталып еді,
Шабысын ел алдында қоса алмады.
Жағама жармаса ма деп отырсам,
Балағыма жармасудан аса алмады.

Қазақтар Қызылжарда өскен еді,
Аманжол несіне енді сескенеді.
Қастен деп ағамызды теріс айтпа,
Ағамыздың нағыз аты Дәстен еді.

Сөздерің осындайда оқ емес пе,
Қара қазақ Қызылжарда көп емес пе.
Аты орыс болғанмен заты қазақ,
Аққайыңдай қазағым бар емес пе.
Біздің елге інішек тиісе берме,
Әйтпесе біз түсеміз мол егеске.
Мысалға өзің келген Қарағанды,
Қазақша сайрап тұрған жоқ емес пе.

Жыр дауылын соқтырғандай нар көңілім,
Өнімді сөз айтайық елге бүгін.
Қара сөзді көрейік көкпар қылып,
Шамаң жетсе есені берме інім.
Сегіз сері атамды жоқ дегендер,
Жұпарын сөзбегендер жөргегінің.
Қазақ елі солтүстік шекрарасы,
Батыр, ақын, әнші, шешен ерлері мың.
Қызылжарлық ағайын қол соғындар,
Шаңға оранып жатсыншы көмбе бүгін.
Шындықты шырқыратып біз айтпасақ,
Құдай-ау, кім айтады елге бүгін.

Шаңды аспанға шығармай ма жылқы дүбір,
Ашыған айран-сүттің іртігі бір.
Еліміздің ертеңі кей ұлдарың,
Есі кетіп, кешіп жүр күлкі ғұмыр.
Ал енді кей арулар уайымы жоқ,
Ащы суға тамсанар шіркіні бір.
Ұлтымызды ұйытатын ана тілдің,
Өзірге жазылмай тұр тыртығы бір.
Ұл- қызыңа ақыл айтар қария аз,
Абай айтқан көбейді қиқымы бұл.
Балық бастан шіритін жөні бар ғой,
Атқа мінер ағалар құлқыны бір.
Қыранның самғауына дес бермес-ау,
Құйырығын бұлғақтатқан түлкі – ғұмыр.

Ал енді не дейді екен, Білімбегім,
Жаныма жайғасқан соң жүгірмегім.
Білімбек білімдімін деп ойлама,
Қармағына ағаңның іліңгенің.
Білеміз талай-талай білімдінің,
Жоғарыда болмашыға сүрінгенін.
Әй, бірақ та қонақты құрметтейміз,
Төрімде отырасың бүгін менің.

БІЛІМБЕК:

Бұл менің атой салып кіргенім ғой,
Қазағым көтергенде дүрмегің бой.
Дәстенді Қастен деді деп айтасың,
Ол кісімен мен күнде жүрмедім ғой.
Атынан қателесем ештеңе етпес,
Өзің маған айтқан соң білгенім ғой.
Дәстен болсын немесе Қастен болсын,
Қазақтың қамын ойлап жүрген ұл ғой.

Таңдайымды қақтырса таңдағы үнім,
Қазақтың көксейтұғын арманы мың.
Сөз соңында осынау ағайынның,
Амандығын тілейін мал-жанының.
Бірақ та, жалғыз нәрсе жаман болды,
Ол сынғаны Аманжол қармағының.
Орағытып ештеңе айта алмады,
Бас жағынан аса алмай бармағының.
Ұлыстың ұлы күні құтты болсын,
Жақсы ғой жақсылыққа қамдануың.
Қазағым бұдан басқа не айтамын,
Барлығыңа жаудырсын Алла нұрын!!!

ЖҰМАБЕК РАХИМОВ ПЕН НҰРБЕК ТҰРЫСХАННЫҢ АЙТЫСЫ

ЖҰМАБЕК:

Кеше де Нұрбек сені басқан емес,
Жырлармын мен елімді саспа десең.
Баста- баста деп маған ымдайсың ғой,
Айтысты мен бастайын баста десең.

Ассалаумағалейкум, дарынды елім,
Сіздермен сынбай жүрген сағым менің.
Ұлыстың ұлы күні құтты болсын,
Шын жүректен құттықтаймын бәріңді елім.
Бұл айтыста жаратқан жар боп жатса,
Жөн болар биіктерден көрінгенім.

Армысың, інішегім Нұрбек деген,
Жасынан жүрегінен жыр кетпеген.
Алғаш рет Әлбіек айтысқанда,
Солақай өзінше бір жырды ептеген.
Ондай кейін Көкшенің бір ақыны,
Онымен де айтыстым Құрметпенен.
Ондай кейін кезігіп Қуанышпен,
Көкшетаудың ақындарын тізбектегем.
Мен айтыспаған Еөкшелік Нұргүл қалды,
Оны да бір ілермін ілмекпенен.
Осылардың бәрімен айтыссам да,
Тоқтамай елім үшін гулеп келем.

НҰРБЕК:

Ассалаумағалейкум, Қызылжарым!
Сен дегенде ішім от, жүзім жалын.
Ағайын, алдарыңа келген кезде,
Сөз таппай неменеге сызыламын.
Ана жылы айтысқа келген кезде,
Жар қылам деп Иринадай қызыңды алдым.
Бірақ та ол қызыңның байы болып,
Амалсыз жоспарымды бұзып алдым.
Осы жолы байсыз қыз іздеп келдім,
Осылайша жоспарымды сызып алдым.
Саусағына көтеріп тағамын деп,
Көкшетаудан он мыңға жүзік алдым.
Бірақ қыз орнына жігіт шығып,
Үлбіреген үмітімді үзіп алдым.
Тағы қыздан дәмәтіп келген кезде,
Қарсылас боп шыға келді ұзындарың.

Жұмабек сен деп өлең шығарамын,
Бұл ағамның табайын бір амалын.
Қырылмаған қазандай реңің бар,
Қырық жылдай жуылмаған сірә, жаның.
Қара болсаң сен соған мақтан аға,
Мен сені қарасың деп сынамадым.
Негізі бұл қалада орыстар көп,
Шындық солай болған соң құп аламын.
Ормандай орыстардың ортасында,
Қара қазақ жүргеніне қуанамын.
Бетінді жуғың келмей кетеді екен,
Қап-қара бетін көріп бұл ағаның.

Алла деп адымымды аңғарғанмын,
Ел қолдап талай жерге барған жанмын.
Ал енді Нұрбек інім қарап тұрсаң,
Өзіңнен ересектеу болған жанмын.
Қызылжарды орыс деп айтасың ғой,
Бұл жерден жөн болады ойланғаның.
Қызылжарды күндеп інім отырғанда,
Аруағы атпасын Мағжандардың.

Нұрбек інім Көкшетаудан келіп алып,
Бір түрлі өзгертесің түріңізді.
Қазақ деген дархан жатқан халық еді,
Барынша сыйлайтұғын тірімізді.
Қаралығын ағаңның бетке баспай,
Жырласаңшы аяулы ана тілімізді.
Одандағы әрі қарай барар болсаң,
Айтпайсың қасиетті дінімізді.
Біз інім, биіктерге бара алмаймыз,
Біріміз күндей берсек бірімізді.
Айтысамын деп Көкшетаудан келіп тұрған,
Ағайын көріп тұрсың ұлыңызды.
Әрине, сын түзелмей мін түзелмес,
Бетке айтқан дұрыс қой сынымызды.
Бұл күнге де ағайын тәубә дейік,
Көрікті қып көрсетеміз түрімізді.
Жаратқан біздің елге нұрын төгіп,
Ешқашан құлатпасын туымызды.
Міне осылай інішек айтпайсыңба,
Жарастырып ағаңыз бен жырыңызды.
Және де елге күнә тағып жатсың,
Түсінбей қалдық інім мұныңызды.
Қыз іздеп келген кезде жұп қылдың деп,

Ағайынға айттың ба ұзыныңды.
Ұзын ағаң інішек байқамасаң,
Мына сенің шығарады шыжығыңды.
Ал інішек мынау елге көрсеткейсің,
Көкшеден алып келген жүзіңді,
Көрсете алсаң інішек жүзіңді,
Берер едім қызылжарлық қызымызды.

НҰРБЕК:

Ағайын алдыменен үнің керек,
Содан кейін қасиетті тілің керек.
Қазақ болып өмірге келгеннен соң,
Осыларды сараптайтын білім керек.
Қызылжардың құнарлы өңірінен,
Кешегі Мағжандар шығу керек.
Алтын құрсақ аяулы аналарым,
Кешегідей батырларды туу керек.
Ана тілдің асқақтатып абыройын,
Көкелер көңілдерін бұру керек.

ЖҰМАБЕК:

Көрдік біздер кім Нұрбекті баптағанын,
Жарамады сөз таппай тоқтағаның.
Қарсыласым өшіп енді қалған кезде,
Қос ақынның міндетін атқарамын.
Інішегім шынымен ұят болды,
Құлагердей көсіліп шаппағаның.
Жоқ өлде тауысылып қалды ме екен,
Осы айтысқа арнайы жаттағаның.

Деп ойласам Көкеннің көзі екенсің,
Бірақ сен нағыз ездің өзі екенсің.
Жүзік тұрмақ қалтаңда темірің жоқ,
Дей алмаймын біздің қызға тең екенсің.
Жігіт деген айтқан сөзде тұру керек,
Бұл жағынан інішек кем екенсің.
Ренжіме, Нұрбеюжан, бетіңе айтам,
Су жұқпайтын суайттың өзі екенсің.

СЕРІК ӨТЕПБЕРГЕНОВ ПЕН ҚУАТБЕК ҚУАНАРҰЛЫНЫҢ АЙТЫСЫ

СЕРІК:

Бисмилла мен жалғайын үрдісінді-ай,
Кете аламын қалайша жырды ұсынбай.
Көктерейін көктемдегі көңіліңді,
Дегізіп өлеңнің нұрлысынай.
Ағайын, биыл тағы келіп қалдым,
Жылына бір келетін жыл құсындай.

Қазағым мәрт халықсың, дәлелдедің,
Сен болмасаң осында келер ме едім.
Ақындарды Алаш жұрты қолдап жатса,
Мен болайын айтыстағы өлерменің.
Ұлыстың ұлы күні құтты болсын,
Қалаймын көсегеңнің көгергенін.
Осы айтысты көп күтіп ағайындар,
Түнімен көз ілместен елеңдөдің.
Тамаша бір айтысты біз жасайық,
Қалаймын ел күлкіге кенелгенін.

Осынау жаңа жылдың ғажыбында,
Қосылдым мен де келіп базарыңа.
Наурыз құт береке алып келсін,
Алла деп басқан елім қадамыңа.
Кең даладай жайқалған көңілі бар,
Алла нұрын төксінші қазағыма.

Қызылжар ақындарға тұрақ дер ем,
Мен бүгін бұл еліме ұнап көрем.
Алла деп аламанға келген кезде,
Айтысатын болдым мен Қуатпенен.
Айтысып отырған соң бұл ініміз,
Інімнің мен құлағын бұрап көрем.

Жырлай бер, ал, Қуатжан, өз елімді,
Талдырмай мен де сенің өзгегіңді.
Ал інішек Құлагердей көсіле бер,
Берейін осы жерден кезегіңді.

ҚУАТБЕК:

Табылса талапты өлең ойымнан дәл,
Ағайын айтатұғын ойымды аңғар.
Жұмысы көрерменнің қол соғу ғой,
Сондықтан шапалақты дайындаңдар.

Қиғу сап ақындарға қол ұрсаңдар,
Демейді сендерге ешкім қол ұрмаңдар.
Аты қазақ, заты орыс бұл қаланың,
Ақиқатты көпшілік мойындаңдар.
Тілі сары, түрі қара қандастарым,
Ана тілдің қанатын қайырмаңдар.
Бірақ та көпке топырақ шаша алмаймын,
Ел ішінде құрметке сай ұлдар бар.
Осы отырған көшілік көрерменім,
Жақсы келсе жастық боп жайылғандар.
Ассалаумағалейкум, ардақты елім!
Несібесін адалдықпен айырғандар.
Егер ертең тіл, дінің өледі десе,
Бүгін өліп кетуге дайын жандар.

Ағадан іні қалай бөлек тұрсын,
Алдымда асқар таудай ерек тұрсын.
Ассалаумағалейкум, Серік аға!
Қазыналы қазаққа керекті ұлсың,
Мен деген салдыр-салақ студентпін,
Осы жайды інісі себеп қылсын.
Ал енді ағамыздың жайы басқа,
Айтыста танытатын өр екпін шын.
Мәдениет саласын басқаратын,
Білдей бір мекемеде директорсың.
Директордан қорықпай айтысайын,
Ағайын қолын соғып көмек қылсын.

Ағайын, шапалақпен шабытты оят,
Ақындарың жырласын жалықпай-ақ.
Жаныма жұп боп келген Серік ағам,
Дей алмаймын бүгін менен қалып қоят.
Жаңа жыл ұлыс күні жаңарғанда,
Осындай думанды той анық болад.
Сіздерге берер менде ештеңе жоқ,
Өлеңімді беремін қанық бояп.
Өзім-ақ бір той жасап берер едім,
Қойған-ай кризистің жарытпай-ақ.

Наурыз – керегеміз кеңейген күн,
Өні асқақ, күйі қоңыр серілердің.
Көктеммен бірге келген өз Наурыз,
Мінекей шуақ шашып төріме ендің.
Дос-бауыр бірін-бірі кешірісіп,
Жамандықтан жиреніп жеріген күн.

Қатал қыстың қақырап қабырғасы,
Қара жердің ақ көрпесі сөгілген күн.
Сары-Арқаның алты айлық қысы кетіп,
Самарқанның көк тасы еріген күн.

Дейді ме ақындарың ал шыдасын,
Серік ағам отырған қарсыласым.
Кезек беріп көрейін ағамызға,
Ақиқатты осыдан аршып алсын.
Арыстандай айбатты танытпасаң,
Елеусіз табаныма жаншыласың.

СЕРІК:

Інішек көңіліңді суытпағын,
Жақсылыққа әр қашан жуықтағын.
Халқыңменен айтысып кеттің інім,
Қарсыласың мен бармын ұмытпағын.

Төреші барлығын да саралайды,
Бұл інім мына маған ағалайды.
Директорсын дедің бе інішегім,
Бұған енді ешкім де қарамайды.
Өділ қазы бағасын берген кезде,
Сөзімізді Қуатжан саралайды.
Сондықтан ештеңеден қорықпағын,
Ақындықты біздің ел бағалайды.

Бірлікті қойдық алға мұрат қылып,
Талайды көрген қазақ құлап тұрып.
Теңгенің құны түсіп кетпесін дер,
Бағаға тілеп жүрміз қуаттылық.
Алла енді қазағыма нұрын төксін,
Аспаннан әр күн сайын шуақ қылып.
Талай сыннан сүрінбеген ел едік қой,
Күле білген қазақпыз жылап тұрып.

Қуатжан өлең айтса көп айтады,
Демеймін ағасына ой айтады.
Кризис деген інім орысша ғой,
Орышаны інішек неге айтады?
Інішек, орыс деген біздің елде,
Кризисті дағдарыс деп айтады.

Орышаны жаман болды бастағаны,
Қалай енді сынасам жас баланы.

Сен өзің астаналық ақын едің,
Шығардың Қызылжарда масқараны.
Ағайын барлығыда мына күнде,
Астанадан бәрі де басталады.

ҚУАТБЕК:

Алдыңда ақындардың жас талабы,
Шығармайық дейсің ғой масқараны.
Ағама кезек беріп көріп едім,
Терме айтып отырғандай тоқтамады.
Әйтеуір игі істі бастайсыңдар,
Өлеңді қырандай ғып баптайсыңдар.
Бар пәле Астанадан басталады деп,
Ауылда тыныш ұйықтап жатпайсыңдар.
Астананың төрінен мін көресің,
Өздеріңнен ешбір мін таппайсыңдар.
Ол жағын аға сізге түсіндірем,
Ақындар осы жағын жақсы айтыңдар.
Астана жаман-жаман дегенменен,
Одан артық Астана таппайсыңдар.

Осыма ағайындар тектілерің,
Тектіңе текті сөзді жеткіземін.
Қолыңа домбыра алып айтысқанда,
Сөзіңнен жаңылмауыңды бек тіледім.
Бірақ мен атағыңа қарамаймын,
Текеметтей келіп тұр текпілегім.
Асаудай тулап келсең, ноқта салам,
Атандай арқырасаң шөктіремін.

Халыққа жақсы өлеңді арнасам да,
Жақсы ғой аға жолын жалғасам да.
Орысша қостың ғой деп ренжіме,
Ұлы Абайда қосып ет анда-санда.

Біліп ем жақсылықты сезеріңді.
Ініңнің қарымына төзеріңді.
Аузынан жалын шашқан албырт ағам,
Өлеңің ойда тұрған тез өрілді.
Әрмен қарай шаба бер қарсыласым,
Бір тоқтап мен берейін кезегіңді.

СЕРІК:

Осы жыл жерлестерміз тәуір болсын,
Гүлденген біз отырған ауыл болсын.

Жастарыңыз рухты, қылықты боп,
Бойларында олардың дарын болсын.
Қазақ елі маңдайында мәңгі таймас,
Алла берген қасиетті бағың болсын.
Ал енді Қуатбекке тілейтінім,
Жүрегіңде өшпестей жалын болсын.
Әлі күнге бойдақ жүрген інімсің ғой,
Осы жылы үйіңде келін болсын.
Жаратқан Жаппар Ием нұрын төгіп,
Үйіңде он қызбе нен он ұл болсын.

ҚУАТБЕК:

Қалайша Қуатбектің жайы болад,
Айтатын ел алдында ойы болад.
Шайдан алмай отырсың деп қояды,
Қуатбектің күні мен айы болад.
Қуатбек шайды да, қызды да алад,
Қызылжарлық бір арудың байы болад.

Соңынан ағамыздың ере салса,
Көрерміз тәнімзге жебе сала.
Бұл үйленбепті деп қояды,
Ағамыз қапаланды неге сонша?
Өткенде де Қызылжарға келіп едім,
Қайда қалды бір қызын бере салса.
Үйленіп осы залдан кетер едім,
Бір сұлу жұбайым боп көне салса.

Бір сұлу жұбайым боп көне салса,
Ақындар саумал жырын төге салса.
Ертең-ақ үйленіп мен кетер едім,
Осы айтыстың бас жүлдесін бере салса.

МЕЙІРЖАН ӘЛІБЕКОВ ПЕН НҰРГҮЛ ОҚАШОВАНЫҢ АЙТЫСЫ

МЕЙІРЖАН:

Ассалаумағалейкум, Қызылжарым!
Жоқ сенің ұлыңменен қызыңда мін.
Бисмилла деп ал енді сөз бастайын,
Бір Алла болғаннан соң сиынғаным.
Біз бүгін Мағжан туған елге келдік,
Ел жұрт деп аямаған шыбын жанын.
Сәбит пен Ғабиттердей ғұламалар,
Қызылжар сен туғансың мұның бәрін.
Барлығын айтатындай уақытым жоқ,

Білемін сан мықтының туылғанын.
Қызылжар жас кезімнен таныс маған,
Өзіңе арнайтуғын жырым мәлім.
Петропавл егерде десе біреу,
Кетеді көтеріліп қызу қаным.
Армысыңдар, ата мен әжелерім,
Ұмытпайтын салтпенен ырымдарын.
Армысыңдар, болашақ жас жігіттер,
Сабақтас болшақтың ұғымдары.
Армысың, қаракөз қарындастар,
Самал желге тербелген бұрымдары.
Қызылжар, мен де сенің бір ұлыңмын,
Айыбым өзге жерде туылғаным.
Алып келдім Астананың ақ сәлемін,
Қанеки естілсе екен шуылдарың.
Мерейім асса екен деп Қызылжарда,
Көрейін деп отырмын бұйырғанын.

Сарыарқа ен жайлаған құтты жерсің,
Жайлаған бұл өлкені ұтқыр елсің.
Ағайын бір қол соғып қойыңыздар,
Бүгінгі мерейтойы құтты болсын!
Және айтыс жасаған адамдарға,
Ұрған шапалақтарың жұпты болсын.
Наурыз той құтты боп, ақ мол болып,
Желіні сиырыңның сүтті болсын.
Мерекесі болған соң бар қазақтың,
Берекесі артсыншы түп-түгел шын.
Қызылжардың атауын беретіндей,
Биліктегі көкелер мықты болсын.
Тілектері қабыл боп мұсылманның,
Жүректері жастардың түкті болсын.
Қазағымның қасқа маңдай барлық ұлы,
Мағжан Жұмабавтай рухты болсын.

Болмасын ақындардың жыры мұңды,
Көрмесін елім менің түңілуді.
Біз енді сұлу жаққа бұрылайық,
Үйренгем сұлуларға үңілуді.
Армысың, Нұргүл деген ақын қызым,
Халыққа танытарсың бүгін үлгі.
Көктем келіп Қызылжарға сен де кепсің,
Іздеген жандар құсап біліміңді.
Екеміз көктемдегі қос қарылғаш,
Қабылдандар қызың мен бір ұлыңды.

Қарылғаш, уайымдама, ертең өзім,
Сап беремін ұяңменен тұғырыңды.
Сен олайша мысқылдап қарамағын,
Жұлып алар жан құсап жұлынымды.
Мен саған адал көзбен бір қарайын,
Қыз енді қаларм аекен құбылуды.
Көкшетаудан алып келген қош иісің,
Шіркін, жарып барады мұрынымды.
Шіркін, сенің сәукелең боп кетсем ғой,
Күнде сипап жататын бұрымыңды.
Үгітіп сахнада бор секілді,
Жылытып жіберейін сұлуымды.
Кешегі сал-серілер әдеттері,
Жастарға болып отыр бүгін үлгі.
Түсемін сал-серінің тоқпағына,
Ішемін қымыз қылып қылығыңды.

НҰРГҮЛ:

Мейіржан сөзін арнады,
Қалаймын одан мүдіріп.
Шашыңды иіскеймін дедің бе,
Қалмасын мұрының бұзылып.
Отырғаныңа мың алғыс,
Қасиетімді ұғынып.
Келе сала құс дедің,
Маған қарап бұрылып.
Күйлі шыққан бұқадай,
Сілекейің шұбырып.
Айтысамын деп Нұргүлмен,
Айтыстан кетпе түңіліп.

Нұргүлдің жасыратын сыры болмас,
Ақынның айтпайтұғын шыны болмас.
Халық пен ақын деген егіз ұғым,
Бір-біріне айтылмас мұңы болмас.
Ау, халқым, шапалақты соғыңдар – деп,
Жігітім сұрап алды сыры қонбас.
Сен неге шапалақты сұрап алдың,
Сұрап алған сыйлықтың құны болмас.
Бисмилла, көрер сенім текті ел еді,
Халқым менің жаныма от береді.
Армысың, мен айтысқа келіп қалдым,
Өнегем өздеріңмен өскен еді.
Жасымнан Мағжан жырын сүйіп оқып,
Көңілдің маржан жырын кестеледі.

Қызылжар құт дарыған қыдыр мекен,
Әу бастан өнегесі өскен еді.
Алланың көзі дұрыс болса егер,
Ұлыстың ұлы күні құт келеді.
Қалың елім құдыретіңе табынамын,
Қағбаға бас ұрғандай Меккедегі.
Қызығыңмен бөлісуге қызың келсе,
Қызылжарым өзегімнен теппе мені.

Алдыңда ағын су боп арқырадым,
Алмастың жүзіндей боп жарқырадым.
Ұмайдың тәрбиесін бойға жиып,
Тұмардың жебесі боп тартыламын.
Жаратқан қанатымды талдырмашы,
Тобыңда сұңқар болып шарық ұрамын.
Қос жанарым мөлдіреп мен де келдім,
Асқақ әнім болсыншы жан шуағым.
Жанашыр жұртым барда өздеріңдей,
Қалайша жат қолыңда жаншыламын.
Армысың, Мейіржандай ақын жігіт,
Тамшы жырың сенің де тасы жаның.
Дос көңілмен досым деп сен отырсаң,
Оныңа айта алмаймын қарсы шағым.
Артық сөйлеп шамыма тиіп кетсең,
Қара сөзбен мен сені қамшылармын.

Білемін, Мейіржандай серің барын,
Өлеңменен танытқан өмір нәрін.
Мен сені домалақ деп айтсам егер,
Білемін жауап берер жерің барын.
Арықтың қабырғасын санашы деп,
Шыққан ғой бұрын сенің көңіл дөңің.
Домалап жарысқаннан мен жеңем деп,
Мен оның білемін ғой бәрін-бәрін.
Мен егер бочка менен точка десе,
Сен табасың Мейіржан оның дөңін.
Айнұрға айтқаныңды қайталасаң,
Білмеймін не болады менің халім.
Домалақ ананың құрсағынан,
Домалап түсіп қалған Мейіржаным.

МЕЙІРЖАН:

Ағайын ағып жатқан жайық па екен,
Ақындар сонда жүзген қайық па екен.
Шапалақ сұрап алдың деп айтасың,

Сахнадан орынымды ойып кетем.
Ол Шымкенттің қайсыпас баласымын,
Құшағымды халыққа жайып кетем.
Ұлы жүздің баласы ем айтыстағы,
Жаубынды қазір ақ қойып кетем.
Дулаттың баласына шеттен келген,
Арғындар қолын соқса айып па екен?

Додаға бұл Нұргүл қыз жарады ма,
Сынайсың көкені де, ағаны да.
Бұзылып қалмасын деп айтасың ау,
Және менің қарайсың танауыма.
Танауымның қадірін түсінерең,
Танауым тақалғанда тамағыңа.

Айттың ба, жұрт алдында хабарлама,
Өлең болып кетті ғой танау жаңа.
Домалақ екенімді айта кеттің,
Ойыңды білдіргендей маған дара.
Көп ақындар тиіседі домалақ деп,
Мен жауапты табамын оған жаңа.
Мен сенің асыңды жеп тойынғам жоқ,
Сондықтан тиісіп отыр мағанда да.
Домалақ деп айтар болса айтушы тек,
Үйдегі асыраған анам ғана.

Құлатар сұлуларды жанарым дөп,
Айтамын саған құрық саламын деп.
Келіп ем Қызылжарға бір күн бұрын,
Бұл қала жөнінде хабарым көп.
Өзіңді Қызылжарда қыдыртайын,
Бұл қызға көрсетейін дара құрмет.
Бірақ сені көп жерге апармаймын,
Қорқамын қарыз болып қалама деп.
Ең бастысы қорқамын Нұргүл ақын,
Иманымды әлсіретіп аламын деп.
Парк-сити дегенге апарар ем,
Бес уақыт оқитын намазым көп.
«Рахмет» сауда үйіне апарар ем,
Қалтамда бірақ артық қағазым жоқ.
Бірақ сені апарам бірақ жерге,
Оған да айтатұғын талабым көп.
Қалтаға да қарасам, көңілге де,
Колхозниға апарам амалым жоқ.

НҰРГҰЛ:

Ойбай-ау иіскеймін дейді ме,
Сөйлеме сөзін баланың.
Бір түрлі маған қарайсың,
Жәуентдеп алып жанарың.
Қатты-қатты сөйлеме,
Сіңілісіне Сараның.
Қыдыртамын дейді және бұл,
Қалтаңызға қарағын.
Тойғанын білмес тоқтыдай,
Тарпаңдай берме, қарағым.

Мейіржан сөзіңізге еліктірдің,
Мен саған ниетіммен сеніп тұрмын.
Қыдыртамын дедің ғой жаңа ғана,
Осылай сөзін айттың берікті ұлдың.
Қыдыртуға қолым да тимейд дедің,
Айнып қалдың, несіне желіктірдің.
Бес уақыт намаз деп сылтау айтып,
Жалғандық сөздеріңді серік қылдың.
Намаз оқитынын жасырмайтын,
Мұсылманды бірінші көріп тұрмын.

Домалақ деп айтып ем жаңа ғана,
Жауап берген сөзіңе торып қалдық.
Анам айтсын ол сөзді дедің жаңа,
Бұл сөзді бұрын-соңды шолып қалдық.
Шортандыда осылай айтып едім,
Мейіржанның жауабынан қорықпалық.
Көкшетауда осылай айтып едім,
Жауырыннан сөзіңді жонып барып.
Әрбір сенің айтқан жауабыңды,
Қосылып айтатындай болып қалдық.

Мейіржан сенің жырларың,
Жалғасар ма екен ғасырға.
Жырларың сенің ұқсайды,
Найзағай менен асылға.
Тұлғаңыз анау нар биік,
Кешегі Мәлік батыр ма?
Қыдыртамын дейді бұл,
Сөзіңді бұлай асырма.
Онсызда басым ауырып тұр,
Бекерге сөйлеп Мейіржан,
Басымды менің қатырма.

МЕЙІРЖАН:

Ел-жұртқа жырдың құсын ұшырғанмын,
Ағайын байқап отыр тұсымды әр мың.
Жаттаған сөздеріңді айтпа дейсің,
Сахнада сурып сап тұшынған кім?
Мен саған сурып сап жауап бергем,
Өйткені әр айтыста ысылғанмын.
Намазды сылтауратпа деп айтасың,
Ол дағы сөзі емес қой қысылғанның.
Қарағым ешқашан да ұмытпағын,
Намаз деген қорғаны мұсылманның.

Осылай бастап кеттің кімді ілгері,
Сахнада томпақ қылдың мені.
Әйтеуір сахнаға шыққан кезде,
Домалақ деп арналар жырдың көбі.
Дағдарыстың көзінде олай айтпа,
Ал енді бастайыншы жырды ілгері.
Шарықтап тұрған кезде нан бағасы,
Арықтап кетемін-ау бір күндері.

Мына қыз сахнада теңесті шын,
Сен өзі сағымбысың, елеспісің.
Шортандыны айтасың сахнада,
Ізімнен қуып жүрген емеспісің.
Көкшетауды айтасың сахнада,
Бұл жерде келтіресің елесті шын,
Ізімнен мына менің аңдып жүрген,
Сен өзі КНБ-шник емеспісің.

Ағайын, бізді көріп еріп тұрсын,
Дейсің бе сахнада неғып тұрсың.
Осымен уақытта таяп қалды,
Ақындар елді біраз желіктірсін.
Жаппар Ием жаратқан өзі қолдап,
Финалда сіздерменен жолықтырсын.
Осыменен тұрайық орындықтан,
Уақытта келіп қалды көріп тұрсың.
Нұргүл-ау, екеуміздің жетпеген жерімізді,
Қазылар отыз баллмен толықтырсын.

НҰРГҮЛ:

Томпағым менің, томпағым,
Өзіңді топта мақтаймын.
Әр сөзіммен әлі де,

Дей алмаймын жасқаймын.
Ренжітіп алам да,
Артынан өзім қақсаймын.
Бұртиған түрін қараңдар,
Бұртитып бұлай жатпаймын.
Томпағым менің, томпағым,
Өзіңнен артық таппаймын.

Сахнаға біздерге,
Шығу деген ұлы сын.
Мейіржан-ау ортада,
Сөзімнің айтсам дұрысын.
Танытпашы сен маған,
Көңіліңнің қуысын.
КНБ-шник дедің бе,
Мынауың маған ұлы сын,
Сахнадан кеткен соң,
Өзіңмен болсын жұмысым.

МЕЙІРЖАН:

Біздерге арнайтуғын жырың бар-ау,
Сырт жақта айтатұғын сырың бар-ау.
Томпағым деп отырсың еркелетіп,
Шамасы көніп қалған түрің бар-ау.

Облыстық халық шығармашылығы және мәдени – демалыс қызметінің орталығының мұрындық болуымен, желтоқсан мерекесіне орайластырылып өткізілген аймақтық ақындар айтысын. (16.12.2009ж)

АМАНГЕЛДІ ОҚАС ПЕН АЙТКҮЛ ӨНЕРХАННЫҢ АЙТЫСЫ

АМАНГЕЛДІ:

Сұлулығын жырлайын сахараның,
От жырынан ағалардың от аламын.
Көрермен бір серпіліп қалсын бүгін,
Көкшеден тыңдағандай Ақан әнін.
Жайнатып жанарларды желпіндіріп,
Шырайын келтірейік сахананың.
Өлең сөзді сағынып сусағандар,
Содан соң бізге берсін баталарын.
Ассалаумағалейкум, сәлем бердім,
Уағалейкум болсыншы шапалағың.

Айткүл жан, сәлем бердім атқан таңнан,
Амандасып бастадым ары бармай.
Ақжарың сенім артып жіберіпті,
Сөздерің қараңғыда жаққан шамдай.
Мың ойланып сөйлейтін ақынға ұсайт,
Өзің шекер болғанда, тілің балдай.

Дегенде бекер теңіз бауырынан,
Атақты Уәлиханның ауылынан.
Сәкен сері, Серкебаев туған елі,
Ақын сайлап жіберді қауымынан.
Сүбелі сөз сөйле деп Қызылжарда,
Қыран түлкі ұстағандай ұлпаа қарда.
Баласын батыр тұтқан арда елім,
Несіне тосыламын сіздер барда.

Қылышындай Қожаберген жарқырайын,
Шал ақын бабалардай арқырайын.
Сүйінбай бабам салған сара жолмен,
Ақ Ертіс, Ақжайықтай сарқырайын.
Жөн болмас Мағжан атын ауызға алмай,
Жарамас жыр бәйгіде барды салмай.
Екпінім Тайбурылдың шабысындай,
Айткүлжан қамданарсың қапы қалмай.

АЙТКУЛ:

Амандасу сөз басы,
Алқалы топ армысың!
Айтыс деп келген көрермен,
Түсінер сөздің жарғысын.
Алдыңа шықты ақындар,
Тұрғызар сөзден тау мүсін.
Қызылжар елі бауырлас,
Ағайын есен саумысың?!

Ақжар деген еліңнен,
Айтуды сәлем сәт көрдім.
Талшық деген ауданнан,
Сіздерге сәлем ап келдім.
Айтыс деген ағайын,
Біздерге қалған аманат.
Біржан, Сара айтысы,
Біздерге жеткен мұрағат.

Тәуелсіз ел боп тасымыз,
Жатыр ғой өрге домалап.
Еліміз үшін бостандық,
Басына қонған дара бақ.
Отбасыңда ағайын,
Қыдыр жүрсін жағалап.
Келіпсіздер ағайын,
Ұлы өнерді бағалап.

Деп тіледім елім көкке өрлесіп деп,
Жаманшылық енді бізге келмесін деп.
Еліміздің тізгінін жаратқаным,
Тіледім басқа ешкімге бермесін деп.

Өнердеп талпынып ем ес білгелі,
Жассың деп өгейсітпес ешкім мені.
Жыр азығым сіздерге шуақ болсын,
Азғана өмірдегі бес күндегі.

Ағатай аман ба екен қасымдағы,
Жалын жыры от болып лапылдады.
Бірінші рет айтысқа шығып тұр ғой,
Қарындасың ағатай қасыңдағы.
Сондықтан мен жолыңа бөгет болмай,
Отырмын мерейіңді асырғалы.

АМАНГЕЛДІ:

Қарындасын көтерсін аға мына,
Нұр жаусын Айткүлдің талабына.
Жаңа шықсаң қадамың құтты болсын,
Сенемін сенің бүгің шабарыңа.
Тілектес боп қасыңда отырайын,
Өлең арнап жап-жарық жанарыңа.

Ежелден ғұн, түрік пен сақтың ұлы,
Күндікке жетпей ме екен ғақтың үні.
Керей, Жәнібек бірігіп отау тіккен,
Сол емес пе береке, бақтың күні.
Екеуі екі дара ер емес пе,
Екеуі екі тарлан бері емес пе?
Таласпай хан тағына бірге қонған,
Сыйластығы қазағымның сол емес пе.

Жалғасымын одан бері талай хандық,
Тарих дастан болды сандық-сандық.
Әбілмәмбет тұсында бірлік кетіп,
Бөлек-бөлек бөлініп келді паңдық.
Жолақтап кең далаға оңмен солы,
Бұлыңғыр буазданды енді жолы.
Бөлінгенді бері жейді дегендейін,
Жоңғардың басып тынды қалың қолы.

Болғанда жүйрік жүзден, тұлпар мыңнан,
Үш жүзде Абылай хан хандық құрған.
Шарыштың басын алған сол Сабалақ,
Жоңғарды біржолата құртып тынған.
Бабалар ел-жері үшін жанын тіккен,
Талай рет сатқындар бағын бүккен.
Осындай рухты елдің ұрпағымыз,
Ежелден тәуелсіздік таңын күткен.

Аңсадық тәуелсіздік арда күнді,
Аңсау менен өткіздік сан ғасырды.
Айткүл-ау, бабалардың айбатымен,
Жарқылдат сөз майданында алмасыңды.
Сендағы тарихтан толғай отыр,
Ағызып қара сөзден шәрбатыңды.

АЙТКҮЛ:

Айтылсын аппақ өлең ақ ниеттен,
Құранның арайы мол аятындай.

Өйткені өлең деген құдірет күш,
Жайнаған о жұмақтың жанатындай.

Найзасыз елестетпе ер бабамды,
Найзагер ғып өсірген ер балаңды.
Шашақты сол найзаның арқасында,
Бабалар қорғап қалған кең даламды.

Атқа қонар ағалардың арқасында,
Астанада Бәйтерек нұрланып тұр.
Астана бас қаламыз болғаннан соң,
Татулық бәйшешегі бұр жарып тұр.

Қарындас деп жететін бағамызға,
Тектілік ұяласын санамызға.
Жігіттермен айтысып отырған соң,
Болады мына біздің бағамыз да.
Өзі сұлу, өзі сері қасымдағы,
Кезек бердім, ағайын, ағамызға.

АМАНГЕЛДІ:

Көмейден сөзім кетсін ақтарыла,
Ағайын келіпті ғой шаттануға.
Қарындас мына мені мақтап отыр,
Шіркін-ай толайыншы мақтауына.

Қарындас мына мені қолдап отыр,
Бұл жолы ағасы боп сенейінші.
Біздерді жолықтырған тәуелсіздік,
Мен енді соны жырлап берейінші.

Мына отырған Айткүл-ау,
Биікке шауып өрлейді.
Ақжардың бүгін намысын,
Қолынан сірә бермейді.
Желтоқсан деп бастасам,
Көкірегімді кернейді.
Төбе құйқам шымырлап,
Тұла бойым терлейді.
Бостандықты айтайын,
Толқын ұрсын көл мейлі.
Бүгін айтып қалайын,
Күнде айтыс бола бермейді.

Бостандық іздеп бозбала,
Қыршыннан кеткен қыздар-ай.
Көл-көсір боп көз жазсы,
Көкірек мұз боп сыздайды-ай.
Қапыда қалып өрендер,
Көңілдің гүлі мұздайды-ай.
Ит қорлықты көріпті,
Сәбира, Ләззат қыздары-ай.
Қазақы қызға лайық,
Өрлікпен қалған іздері-ай!

Он алтыншы желтоқсан,
Қара түнек жапқан күн.
Алаңға шыққан жастардың,
Қанды жасы аққан күн.
Ұлтшылсың деп жастарға,
Нақақтан күнә таққан күн.
Бұрымнан сүйреп қыздарды,
Түрмеге әкеп жапқан күн.
Кімдікі дұрыс біле алмай,
Бұғауда қапас жатқан күн.
Өзгелер кеп жеріме,
Аузымнан қаққан күн.

Табанына жаншылып,
Солақай сойқан өктемнің.
Бір гүлі де ашылмай,
Жасөспірім кеткен күн.
Солар салған екпінмен,
Бұғауды бұзып өткен күн.
Бабалар болып аңсаған,
Бостандыққа қолың жеткен күн.

Желтоқсан сан ғасырдың арманысың,
Желтоқсан азаттықтың таңдарысың.
Ағайын бұл сөзіме сен де қосыл,
Айтпадым мен өмірдің жалған ісін.
Талайдың мұңы менен зары кеткен,
Осындай қара күн болғаны шын.

АЙТКҮЛ:

Еңбегі сіңсе еліне,
Ел мақтанар ерімен.
Отанды қорғау жолында,
Қаншама батыр ерлеген.

Ал қазақтың қыздары,
Атағы көкке өрлеген.
Әлия мен Мәншүкте,
Намысты қолдан бермеген.

АМАНГЕЛДІ:

Қарындас айтқан сөзді құп аласың,
Қазақтың кем қылмасын сыбағасын.
Алладан тілейтінім бірақ нәрсе,
Көк байрағы Қазағымның құламасын.
Өткен күннің мұның бәрі садағасы,
Енді қайтіп қазағым жыламасын.



Айткүлдің марпатталуы



Айтыс жүргізушісі Таңат Ошыбайұлы



Айтыс көрермендері



Айтыс көрнісі



Айтыс төрешілері оңнан солға қарай –
Дәстен Баймұқанов, Кәмилла Әлібаева,
Тоқтар Зікірин, Фарида Тұяқова, Қайыр-
лы Ғафуров



Аманжол мен Білімбектің айтысу сәті



Білімбек пен Өлібек



Өлібек пен Жарқын



Жарқын Жұпарханның жүлделі сәтінің көрнісі



Жарқын мен Құрметтің айтысы



Жұмабек пен Нұрбектің айтысы



Қуаныштың бас жүлдену алу сәті



Құрмет Құралханның жүлделі сәті



Серік пен Қуатбектің айтысы



Қызылжарлық айтыскер ақындар

Суреттерді түсірген: Амангелды БЕКМҰРАТОВ
Талғат ТӨНІБАЕВ

ӘЛІБЕК СЕРҒАЛИЕВ ПЕН ЖҰМАБЕК РАХИМОВТЫҢ АЙТЫСЫ

ӘЛІБЕК:

Бұл жолы билемесің бойымда ызғар,
Ықыласты алмаса бойым мұздар.
Жұмабекке қол соқтың,
Маған ол жоқ,
Ағайын бөлінуді жойыңыздар.
Біздің де Жұмабектей бойымыз бар,
Біздің де Жұмабектен ойымыз бар.
Асып кетіп жүрмесек, кем түспейміз,
Міне осылай айтатын ойымыз бар.
Не болса да тоқалдан туған жоқпын,
Маған да бір шыңғырып қойыңыздар.

Бисмилла рахман рахим хах тағалам,
Барарын білген ұлға бақ қараған.
Ассалаумағалейкум, Қызылжарым,
Мен сенің шежіреңді жаттап алғам.
Ордалы орта жүздің мекенісің,
Тамыры таратылған сахбадан.
Абылай қазағымның басын қосып,
Алашқа алтын таң боп атқан қалам.
Қүлекенің тоқалын толғаттырып,
Қазаққа Шал ақынды тапқан қалам.
Асырап бидайымен СССР-ды,
Асырап масағымен шаққан қалам.
Неміспен соғысқанда тегіс көшіп,
Бар халықтың баласын баққан қалам.
Солтүстіктің жерінде жатқан қалам,

Орыстық ойсыздықты татқан қалам.
Бағы мен соры бірдей Қызылжарсың,
Кей кезде баққа қарсы шапқан заман.
Әй, бірақ, айтатын ел, айта берсін,
Мен сенің әр тасыңмен мақтана алам.
Себебі, сенде туды мына мені,
Сенің дархан далаңда тапқан анам.
Марқайтса да қайыр бар қайта келсем,
Қайтқан қыздай айыпты тақпа маған.
Иә, рас Көкшетаудан оқып жүрмін,
Айырып ақиқатты ақ қарадан.
Қай жерде жүрсе дағы халық куә,
Ахметжанның көзі боп шапқан балаң.
Арғынға татитындай сөз сөйле деп,
Алдыңа қайта әкелді, Жаппар Аллам.

Айтыста қисаймайды күнде бөлім,
Ағайын қолдағанда іргелендім.
Жеребеде Жұмабек болмай қалып,
Бір пәле болатынын білген едім.
Жұмабек жоқ, сен Ажармен айтысасың,
Деп танытты қазылар бір дерегін.
Қыздың аты ағайын, қыз емес пе,
Жақсы хабар болғансын үндемедім.
Жұмабек болмағаны қандай жақсы,
Қызбенен айтысам деп жүрген едім.
Ал енді Жұмабек сен келіп қалдың,
Шабысыңның танытып дүрбелеңін.
Әп-әдемі планымды бұздың ғой сен,
Былыққа келген кезде іргеледің.
Әй, бірақ, сен Жұмабек болар ма едің,
Бір пәлесін шығармасаң бірдеңенің.

ЖҰМАБЕК:

Әлібектің неткен сұлу асқақ өні,
Жұмабектей жырладың жас баланы.
Ел алдында Әлібек план дейсің,
Ағамыз орышаны тастамады.
Азат күнде қазақ тілде сөйлей алмау,
Ағайын осындайдан басталады.

Ассалаумағалейкум, азат елім,
Текті едің тегі мықты бұл даланың.
Жетпіс жыл отарлықта жүрсе дағы,
Намысын өзгелерге бір бермеген.

Қайрат пен Ерболдайын ағаларым,
Ел дегеде намысын шын бермеген.
Ләззат пенен Сәбирадай апаларды,
Солмайтын нәзік жанды бір гүл дерім.
Қанша қазақ қызына үлгі болған,
Кезінде қынжылғанда күлгенменен.
Дінімнің жағдайы болмай жатса,
Қиямет қайымды тілден көрем.
Мағжандардың аруағы қолдап жатса,
Кетейін белгілі бір жұлдеменен.
Ұтқыр-ұтқыр айтсам да үш айтыста,
Армысың қазыларым дым бермеген.

Аман-есен жүр ме екен намысты елім,
Алдыңа қайта келді шабысты ерің.
Ахметжан, Есләм, Шал ақынның,
Сұлу-сұлу сөздерін танып келдім.
Сегіз сері, Қожаберген, Еріктердің,
Аруағы бұл жолы бағыт бергін.
Әлібектей ағалармен айтысқанда,
Көңілін ағалардың тауып көрдім.
Табиғаты тамаша ерке Есілден,
Мен бүгін қайық болып ағып келдім.
Солақай, сабырлы, сары ағам,
Шал ақынның атынан нағып келдің.
Осыны жырыңменен жеткізбесең,
Айтыстан шыққаннан соң жазып бергін.
Ал мен болсам азаттықтың ақ таңында,
Еліме аяулы жыр алып келдім.
Бір Аллаға сиынған қазақ едік,
Бұл жолы жаратқанға налып келдім.

Жырларым жетіледі, жаңарады,
Сөзімнің салмағы өссін санадағы.
Наурыздың айтысында Жұмабектің,
Белгілі біраз жерге бара алары.
Бабым келіп, бағым менің жана алмады,
Төмен болып қазылардың бағалары.
Бәріне дипломмен сыйлық беріп,
Нұрбек екеуміз қалдық арадағы.
Мәселе сыйлықта емес көңілде ғой.
Қазылардың сергісе саналары.
Бас кеспек болса дағы тіл кеспек жоқ,
Жүрегім ойымды нық саралады.
Қызылжарға аты әйгілі Дәстен ағам,

Бір телефон беруге де жарамады.
Сол телефон қабырғамды жаппас еді,
Бәрінің осы болса қалағаны.
Арда елім осылай қолдап отса,
Сол маған телефон боп саналады.
Ербол мен Қайраттардың сарқытымын,
Жұмабектің жасымас жанары әлі.
Ал, аға, мен тоқтайын сен сөйлеші,
Ойымды жалғап жібер одан әрі.

ӘЛІБЕК:

Жұмабек іздеп жатыр елінен ой,
Жүлде деп ақиқаттан жеріген ғой.
Сен аласың жүлдені дегендейін,
Айтылып бір көрінді төрінен ой.
Жүлде алсам дұрыстап дайындалам,
Сондықтан биіктерден көрінем ғой.
Тәрде отырған Дәстенге тіл тигіздің,
Жас баласың, жыймапсың өмірден ой.
Осы айтысты жасап жатқан сол емес пе,
Сөздері қамшы болып өрілген ғой.
Әй, бірақ та қазақтың әдеті еді,
Семіздікті көтермей семірген қой.

Ал енді сөзбен айтсам тура ойды,
Бұл інім ақиқатты ұға алмайды.
Шыққаннан жүлде-жүлде деп қояды,
Мен саған түсіндірем мына жайды.
Түбінде өлім келсе бәрі кетед,
Бұл дүние жұмақты құралайды.
Есің болса Жұмабек сауапты жи,
Сол кезде өмір туың құламайды.
Ақырет күні туса Алла сенен,
Қанша жүлде алдың деп сұрамайды.

Алла деп көсілейін байрақ алып,
Ағайын аманбысың қаймана нық.
Қайраттарды еске алып жатырсыңдар,
Перзентіне құшағын жайған халық.
Қазіргі жағдайыңды мен жырлайын,
Біз қалай шындық айтпай жай қалалық.
Кеше кешке кеп едім Қызылжарға,
Жырыммен домбырамды сайлап алып.
Сол кезде жаман хабар естіп қалдым,
Ендеше бір қосылып ой қадалық.

Қытайға миллион гектар жер сатпақшы,
Көкелердің жасағаны қайманалық.
Соған Қытай егін егемін деп жатыр ғой,
Қазақтың жомарыттығын пайдаланып.
Еліміз елдің ішін сатып жатса,
Келешек күнін көрет қайда барып?
Жердің астын бітіріп, үстін сатып,
Түбінде күн көшпейік айға барып.

Айналдым дауысыңнан шырылдаған,
Сені де шақты білем шыбын заман.
Бұл күндері нелер көп секталар көп,
Адам аз сол пәлеге ұрынбаған.
Мағжандардың аруағы қолдасын деп,
Дауысың жаман екен жымыңдаған.
Аруақ қолдамасын дінді білсең,
Қолдасын бір өзіңді бүгін Аллам.
Баяғыда қап-қара жігіт едің,
Мен оны талай айтып сығып алғам.
Сол баяғы қара күйде әлі жүрсің,
Қырық жылғы қазандай ырымдаған.

ЖҰМАБЕК:

Қара десе несіне шамданамын,
Ағалардың сөзіне жанданамын.
Сыртым қара болса да жүрегім ақ,
Ол сөзіңе несіне таңданамын.
Әлібек қос қыраны емес пе едік,
Қызылжардай қасиетті сар даланың.
Азаттықтың айтысына келген кезде,
Бұл қалай қарасың деп заралағының.
Ағайын жиенімнің сөзін қара,
Қарасың деп сөйлеген сары баланың.
Сен сарысың, мен қара, беллайынбыз,
Жарқын жақта өмір сүріп жанданамын.
Қазір қара болсам да Әлібегім,
Елдің жүгін көтеретін нар боламын.

Осындай айтыстарда бақ ашқалы,
Сен шапқан жігіт едің дара, сірә.
Киелі өлке Әлібек Көкшетаудан,
Бір қыз алып келмедің бе нағашыңа.
Содан кейін үйленіп үй болар ем,
Келініңмен жарасып бақ ашыла.
Жоқ әлде мен қонаққа бара қалсам,
Айдай, аппақ бір сұлуды табасың ба.

ӘЛІБЕК:

Ал енді өлеңіңді жалғайын да,
Сен тағы естіріттің ғой балдай үнді.
Бетім қара болғанмен жүрегім ақ,
Деп иманнан көрсеттің шалғайыңды.
Бұл жалғанда Алла деп сауап жимай,
Жаныңа жақын қылдың сары уайымды.
Қутың етіп менен қыз сұрап отсың,
Халыққа көрсетесің қандай үлгі.
Жүрегім ақ болсыншы десек інім,
Тигізші жайнамазға маңдайыңды.

Иә, Алла бұл өмірдің көктемін бер,
Жұмабектің өте алған өткелін бер.
Көкшетаудан келсем бәрі қыз сұрайды,
Өткенде де бәрі маған беттедіңдер.
Сен жамансың, қыз таба алмайсың деп,
Талай рет ел алдында шеттедіңдер.
Бесіктен белі шықпай жылтыңдайды,
Есіктен жылтыңдаған жетпегірлер.
Өткен жолы Нұргүлді ап келдім ғой,
Өздерің қадіріне жетпедіңдер.
Бас басыңа қатын табар мына мені,
Брачное агенство деп пе едіңдер.

Алланың әмірімен құралады,
Жәудіреп желтоқсанның тұр алаңы.
Есіңде ғой кеше ғана Қайраттардың,
Мұз үстіне елім деп құлағаны.
Барлығы азаттық деп жанын берді,
Мысалы бізді өмір сынағаны.
Алла деп азаттыққа қол жеткіздік,
Тектілік дарыған соң мұрадағы.
Сол қазақ бұл кездегі сол қазақ қой,
Тек қана тағдырлары саналады.
Азық-түлік қымбаттаса жұбанады,
Пенсия көтерілсе қуанады.
Бүгінгі қазағымның ақ қыздары,
Күйеуге шықпай бала туа алады.
Ұлыңа шылым енді ермек емес,
Дос болды шайтанменен сыра тағы.
Ұл-қыздың тәрбиесі ата-ана ғой,
Қашанда табылатын бір амалы.
Өздері мас боп ішіп құлап жатса,
Олардан тәрбиені кім алады.

Бұл бала неге бұлай айтады деп,
Мені қазір сөгіп жатыр сірә, бәрі.
Қазағым дұрысталар кезің келді,
Мұнымды есі барлар ұға алады.
Бүгіннің күлкісіне айналмасын,
Кешегі Қайраттардың жылағаны.

ЖҰМАБЕК:

Иә мұның ақиқат боп саналады,
Жырыңды Жұмабек те бағалады.
Айтыстың ақтаңгері Өлібек ағам,
Бір қыз тауып беруге де жарамады.
Қарағым оқуыңды оқы дейсің,
Ертерек деп отырмысың маған әлі.
Қазағымның бұрынғы салтын білсең,
Он үш жас отау иесі боп саналады.
Ал мен болсам жалындаған жиырмада,
Өндерім міне осылай таралады.
Ал енді жүрегімнен жыр жырлайын,
Ағамның ұнап кетті маған өні.

Ағайын сызып атқан азат күнде,
Ана тілдің адуыны аз-ақ мүлде.
Тотыдай төрде отырған төрелерім,
Көңілін бөлсе екен қазақ тілге.
Орысша, ағылшынша сабақ беріп,
Қазақ тілін айналдырды мазақ тілге.
Алла бізді ағайын жаратты ғой,
Қазақ тілде сөйле деп аз-ақ күнге.

Тілге көңіл бөлсінші болысымыз,
Алға бассын жасап жатқан мол ісіңіз.
Көкелерім тағы да көпіреді,
Қазақ тілде сөйлейді деп орысымыз.
Ауыз айтып, артымыз қозғалмады,
Басымыздан биік тұр қоң ішіміз.
Ана тілді қазақ елі аяламай,
Жүргені дей алмаймын жөн ісіміз.
Қазақ тілде қазақтар сөйлмесе,
Пысқырып қарамайды орысыңыз.

Ал енді сөз сөйлерсің тағы да, аға,
Сұлу сөз бір өзіңнен табыла ма.
Ерке Есілге қонаққа келіп тұршы,
Өзің де нағашылар сағына ма.

Білесің Әлібек біздің елдің,
Аққайыңмен жайқалған талы дара.
Шал ақыннан кеп тұрған көкжал едің,
Дәл бүгін кездестің ғой бағыма да.
Мойыныңа қарғып тұрып мініп алып,
Өрнектің байлап кетем талына да.
Жырларымды өріп алып қамшы қылып,
Бір-екі рет басайын ба жоныңа да.
Азаттықтың ақ таңында айтыс жасап,
Нағашы мен жиендер жолығы ма.
Мен тоқтадым, жиенім сен сөйлеші,
Қасымдағы ап-арық сары бала.

ӘЛІБЕК:

Саған ақыл бермепті бүгін Аллам,
Дауысыңда жамандау қырылдаған.
Өрнегімнің талына байлаймын деп,
Не дегің келіп отыр бүгін маған.
Көкбөрінің ұрпағын тал түгілі,
Еменге байласаң да жұлып алам.

Саған қызды табуға жарамадым,
Күнәсін кесіңізші нар ағаның.
Қызылжардың қадірін білгеннен соң,
Көкшетаулық қыздарға қарамадым.
Абылайға алты қызын берген Көкше,
Саған да алты қызын ала аламын.
Бірақ та ескермеген бірақ жай бар,
Осы жағын ойлансын балаларың.
Ағайын қанша жерге барсам дағы,
Қазалжардан асатын қыз таба алмадым.

ЖҰМАБЕК:

Тілегі мол арлан ел,
Тегі мықты тарлан ел.
Қырық бірдегі қырғында,
Қып-қызыл қан болған ел.
Қуғын сүргін кезінде,
Қалған еді сорлап ел.
Аллам ақ жол берген соң,
Азаттықты алған ел.
Тәуелсіз күнде той тойлап,
Биіктерді шолған ел.
Қарапайым қазақтың,
Қазақ тілі дегенге,
Зар болып қалған ел.

ФАРХАТ ТАСТАМБЕКОВ ПЕН БАҒИЛА БАЛМЫШОВАНЫҢ АЙТЫСЫ

ФАРХАТ

Аспаннан Алла нұрын таратқанда,
Қолда қазақ ақынды қарап қалма.
Алдарыңда бір көсіліп шабайыншы,
Қалықтайтын қырандай қанат барда.
Құлынның кісінеген даусы естілсін,
Ұлдарың көмейден жыр боратқанда.
Тәуелсіздік ағайын құтты болсын,
Сыр шертеді тарихи парақтарда.
Алты Алаштың байрағы көтерілді,
Ызғарлы жел рухты оятқанда.
Ұл-қыздарың желтоқсанда жігерленген,
Қызылдар төбетіне талатқанда.
Сан ғасырлық баба арманы орындалды,
Рауандап бейбітшілік таңы атқанда.
Ассалаумағалейкум, Қызылжарым,
Барлығыңды қазақ қылып жаратты, Алла.
Сыйынып алдарыңа шыға келдім,
Өзің енді жар бол деп Жаратқанға.

Бұл заман неге осылай қиындады,
Дағдарыстан санады ел тиындарын.
Тәуелсіздік басыңды қосып жатқан
Ағайын құтты болсын жиындарың.
Амансыз ба қасымдағы жеңгетайым,
Ашылар деп ойлаймын бүгің бағың.
Жеңгеміз қарт Торғайдан келіп отыр,
Текті жан-ау менің енді ұғынғаным.
Адуынды ақынмен айтысқанда,
Жөн болар бір Аллама сиынғаным.
Мен сізбен айтысам деп ойлағанмын,
Келдің де жеребеде жұлып алдың.
Не болса да жазғанын көреміз ғой.
Мен өзім жеңгелерге үйір жанмын.
Айтысуға алыстан кеп отырған,
Жеңгемізге қол соғыңдар, бүгін бәрін.
Айтыстың бисмилласын өзің баста,
Білеміз қызың менен ұлың барын.
Енді тағы жеңгетай шығып қапты,
Қарсам міне тағы бүйір жағың.
Қазақтың санын жеңге көбейте бер,
Көресің ғой бір Алланың бұйырғанын.

БАҒИЛА:

Армысыз, Қызылжардай гүлденген жер,
Қылықты ұл көрген жер, қыз көрген жер.
Қожаберген жыраудың жырыменен,
Тербеліп көрбезденіп гүлденген жер.
Қазаққа маңдай алды жазушы ғып,
Ғабит пен Сәбиттейін ұл берген жер.

Ақпейіл, ақ жүректі халқы бар жер,
Өнеркәсіп кенімен даңқы бар жер.
Қызу елпек қайнаған қырманында,
Сары алтын бидайымен нарқы бар жел.
Шал ақын өлеңдетіп шалыққан жер,
Қаймағын өлең сөздің қалқыған жер.

Өлеңді Алла берген серік қылдым,
Жырыма жалпы жұртты желіктірдім.
Қаймағы бұзылмаған Қызылжарым,
Сенің болашағыңа сеніп тұрмын.
Ақын деп ат шаптырып шақырған соң,
Ағайын айтысыңа келіп тұрмын.

Еді ғой егемендік басты арманың,
Орындалып күн санап тасқан бағың.
Желтоқсанда буыршын мұзға тайып,
Төккенін ұмытпайық жастар қанын.
Әр ұлтты өз ұланы басқарсын деп,
Білеміз бір ұранның тасталғанын.
Тәуелсіздік қымбатқа түскен бізге,
Қыршыннан қиып беріп жастар жанын.
Мәңгілік болсын осы азаттығың,
Көңілдің қаламаймын ластанғанын.
Қазақ үні алысқа кете бергей,
Мәңгілік жазылсыншы дастандарың.

Ақын деп ардақтаған елім мені,
Айтыста сөзден маржан теріледі.
Талай інім желіккеннің басын алған,
Мен өзім адайлардың келіні едім.
Фариза апалардың жырларынан,
Ерліктің елеулі ізін көріп едім.
Аяғым ауыр деп жатып алмай,
Айтысқа ерлік жасап келіп едім.

Жырымның бар шырынын татып алсам,
Ойымның тұнығына батып алсам.
Мен саған не қылайын тентек қайным,
Сау басыңа сақина сатып алсаң.
Бір бала табамын деп кім болғаным,
Дөңбекшіп үйде басқа жатып алсам.

Жасырын ел ішінде сыр жатпағын,
Дұрыс қой мынау елге үн қатқаның.
Мен күндіз кітап оқып, білім іздеп,
Бойыма білім жинап, жыр сақтадым.
Ал түн болса ұйқымды төртке бөліп,
Сәбиімді бесіктегі құндақтадым.
Қызылжарым құрметтеп шақырғанда,
Жарамас деп ойладым құр жатқаным.

Қарап тұрсам тым болса,
Ұзынша келген бойың жоқ.
Бұл жалғанда қыздарсыз,
Болашақта тойың жоқ.
Қайныға айтар жеңгенде,
Қалжың көп, қалқам, ойың көп.
Бойдақ жүрген тентегім,
Үйленетін ойың жоқ.

Жырымның күре тамырын,
Байқаймын қайным жалғайсын.
Ақырын ғана отырып,
Қалжыңдарыңды арнайсың.
Қазақтың санын көбейтіп,
Үйленіп қайным алғайсың.

ФАРХАТ:

Үйлен деп жеңгетайым айтып жатсын,
Бұныңыз тамаша бір лебіз болсын.
Айтыс үшін Қызылжарға келіп тұрған,
Жеңгетай жүрген жерім өріс болсын.
Тілейтінім жеңгетай мына саған,
Балаңыз осы жолғы егіз болсын.
Ақын болып, ана болып жүре берші,
Ұл-қызыңыз төрт-төрттен сегіз болсын.

Сіз деп жеңге тілімізді терлетеміз,
Өзілді сізге қарай өрлетеміз.
Үйленермін, жеңгетай, студентпін,

Ролтонмен көңілді кенде етеміз.
Бір басымды зорға асырып жүрген едім,
Үйленсем қалай жеңге күн кешеміз.
Пішінімді өзің де көріп тұрсың,
Қыз қараймай сізге қарай мінгесеміз.
Қызылжардан өзіме сай қыз таба алмадым,
Қостанайдан бір қыз тауып бермесеңіз.

Фархат бүгін көсіліп шабады ғой,
Жеңгесі бір аруды табады ғой.
Сондықтан елім менің дайындалғын,
Көп кешікпей тағы бір болады ғой.
Адайлардың келіні мықты болад,
Қайныға бір келінді табады ғой.
Ал Қызылжар жеңгеме қолыңды соқ,
Қыз берсе құдағыың болады ғой.

БАҒИЛА:

Айналдым шабатыңнан қысып толған,
Торғайдың аруына асық болған.
Торғай қызы әуенін естігенде,
Алыстағы қыздарға ғашық болған.

Алдыңда желмаядай желер едім,
Сөз маржанын тереңнен терер едім.
Қолымда болса менің барлығы да,
Саған ақ үйіп-төгіп берер едім.
Ақын деген мына сенің атың бар ғой,
Сондықтан бір өзіңе сенер едім.
Қыз біткен мына маған қарап тұрса,
Біреуін саған алып келер едім.

Өр көңіл өрге қарай өрлей тұр-ау,
Төр көңіл төрге қарай төрлей тұр-ау.
Өрі-бері ойлаймын сол қыздарды,
Бір саған сай қайным, келмей тұр-ау.

Ақындар дайын болса қандай сынға,
Қанат қағып биікке самғайсың да.
Алыстан арбаламай қайны жаным,
Қызылжардың бір қызын алмайсың ба?

Халықпен бірге жүріп халық болса-ай,
Алыппен бірге жүріп алып болса-ай.
Құдалыққа бұл жақтан қыз алуға,
Таңат бастап ағаларды алып барсай.

Жеңешең бір қайырымын жасар деймін,
Қалайша қайырымнан қашар деймін.
Дәстен ағаң шешендік тіліменен,
Көңілін құдалардың ашар деймін.
Өнер деген тек өрге өрлетеді,
Ақынды талай төрге төрлетеді.
Таңат ағам термесі шырқап берсе,
Құдалардың көңілін кенде етеді.
Құда мен құдағиды қосып қойып,
Әуеннің бесігінде тербетеді.
Осылай Қызылжардың қызын алсаң,
Мына сенің қайыным нең кетеді?!

ФАРХАТ:

Жеңгеме еркелейін сахнада,
Байқасам Бағиладай аты дара.
Қызылжардан қыз алсам жеңгетайым,
Келін деген олардың аты ғана.
Төркін жақын төсегі жиылмайды,
Олар енді қайын жұртты қатырады.
Сондықтан қайнысына жаны ашыса,
Деп отырмын Торғайға шақыра ма.
Торғай жақтан бір ару алар болсам,
Атанады өзіндей ақын ана.

АМАНЖОЛ ЗАҒЫПАР МЕН НҮРГҮЛ ОҚАШОВАНЫҢ АЙТЫСЫ

АМАНЖОЛ:

Алдыңа шығып жатыр қаншама ұлдар,
Дей алмаймын сіздерді шаршадыңдар.
Соңғы жұп боп алдыңа шыға келдік,
Оңды жұп деп жұпарына тамсаныңдар.
Махаббатпен келініңді ертіп келдім,
Айқайлап қуанғаннан сан соғыңдар.
Шапалағың шашу болып шашылсыншы,
Шапағатпен келінді қарсы алыңдар.

Ағайын аққу ару жырдың гүлі,
Құдай-ау жел тимеген кімнің гүлі.
Қызылжар аққайыңның бұтағына,
Келіп қонды Қызылорда бір бұлбұлы.
Көкшетау деп аталған қырдың гүлі,
Қорқыт қобыз сөйлеткен сырдың гүлі.
Жеті жылдай армандап жүруші едім,
Жеті нұрдай таралды күннің нұры.
Найза кірпік қызы екен аймаңдайлы,

Деміңнен жігіт түгіл шай қайнайды.
Аманжол келінді әкелді деп,
Ағайын қуанғаннан айғайлады.
Келін өзі ауылға келіп тұрса,
Ұлдарың осы жолы жай қалмайды.

Алла деп атқа мініп шабатын күн,
Айтыстың бақ жұлдызын жағатын күн.
Абылайлап айтысқа келген кезде,
А, құдайлап тайпалап жүретін күн.
Томағам сыпырылды топқа түсіп,
Қиядан қызыл түлкі ілетін күн.
Сақпен ғұнның ұрпағы болғаннан соң,
Сауытқа жебе тілді жыр бекіндім.
Барымызды ақтарып қалайықшы,
Қарасөзді таспалап тілетін күн.
Ассалаумағалейкум, ақсақалдар,
Бәрекелді деп айтып, күлетін күн.
Ақ жаулықты әжелер аманбысың,
Текті жырға құлағын түретін күн.
Жалын жұтқан жігіттер аманбысың,
Орындықта өмірді сүретін күн.
Қиылған аруларым армысыңдар,
Жиылған осы айтысқа міндеті мың.
Қызылжар, Есіл аққан еліміздің,
Сұлулығын сезіндім суретіңнің.
Әр қазақпен амандасып жатырмын мен,
Бар қазақтың қадірін білетін күн.

Желтоқсанның желінде,
Қазағымның жерінде.
Алматының төрінде,
Ұл-қыздарың ұран сап,
Жаңғырықты көгінде.
Қайсар бабам ұрпағы,
Тайсалмаған шебінде.
Қазақтықты сақтаған,
Азаттықты аңсаған.
Жасыңменнен кәрің де.
Бөлтірігі арланның,
Қайта келді-ау өмірге.
Семсер сүйіп, серіт беріп,
Ұлтым үшін кектеніп.
Ие болған сенімге,
Рухыңмен ойнаған,

Ауыздығын шайнаған.
Тоталитарлық тор қоғам,
Намысыңды қорлаған.
Қарапайым халықты,
Темір торға тоғытты.
Қайрат пенен Ерболдар,
Мұзда алау боп жанғандар.
Жігер беріп сезімге,
Сәбира мен Ләззат,
Шегіпті ғой шын азап.
Құлдық ұрып әмірге,
Тайсалмаған қазағым,
Содырлардың шебінде.

Желдіртіп біраз жерге жетіппін ғой,
Отты жырды жүрекке бекіттім ғой.
Отан анам болғасын көп сөйледім,
Шекараның шебін бұзіп өтіппін ғой.
Желтоқсанның жел жырын айтамын деп,
Нұргүлді мен ұмытып кетіппін ғой.

НҰРГҮЛ:

Жолығады деп кім маған,
Ойланып едім түнімен.
Екеуміз бірге шықтық қой,
Соңғы түйенің жүгімен.
Ұмытып кеттім дейсің бе,
Есің ауған ғой шынымен.
Жіберейін мен жалғап,
Бабалардың жырымен.
Мақтауымды асырдың,
Мұныға қалай бөгелем.
Тамағыңыз қырылдап,
Дауысыңыз сырылдап.
Шегіріткедей шырылдап,
Мазамды алып кеттің ғой,
Сол құлағымның түбінен.

Бисмилла сөзді бастадым,
Қағидасымен ғұрыптың.
Қызылжар елі аман ба,
Тумасындай тұнықтың.
Анасы болды арда елім,
Сәкен серідей ұлықтың.
Ахметжандай ұл тапқан,

Біртуары ұлықтың,
Тұғыр тұтып жырыңды,
Айтысыңа бүгіңгі,
Желдей есіп мен келдім,
Тұлпарын мініп үміттің.
Береке тапқан жырынан,
Көкке қарап ұлыған.
Айтысқа келген армысың,
Ұрпақтары көк түріктің.

Сіңлісі болып Сараның,
Айтыста талай терледім.
Тыңдаған жұрттытаң қылып,
Томирис болып өрлермін.
Қарсы келгенге Тұмардың,
Жебесі болып төнгенмін.
Сендей талай жігіттің,
Әуселесін бергенмін.
Шолпысындай боп Тоғжанның,
Жолымды Алла оңғарғын.
Әйгерімнің әні боп,
Алдыңда талай тербелдім.
Бозторғайдай шырылдап,
Жұртым үшін сенделдім.
Намысымды Алла құлатпай,
Тас үстіндегі лақтай,
Сіздерге елім сенгенмін.
Иітіп кетем жырыма,
Құшағыңды аш қызыңа,
Балапандай алдыңа,
Ұямнан ұшып мен келдім.

Мен былтыр келген кездері,
Аманжол айтқан наз маған.
Жұмабек, Жарқын ұлдарың,
Көңіл білдірген аздаған.
Қызылорданың қызы едім,
Әдеп ибадан озбаған.
Алдыма келді бойдақтар,
Жүрек қылдарын қозғаған.
Сүйемін деп сол жандар,
Сөздерінен танбаған.
Қыз көрмегендей Қызылжар,
Қырылып қала жаздаған.

Найза кірпік деп алып,
Сөздерін отыр сөздіріп.
Көктемдей жайнап отырсам,
Танытпағайсыз күз қылық.
Келіндерің дейд ігой,
Көңілімді бұл мұз қылып.
Келіспеймін мен ешқашан,
Жалынсаңдарда жүз жігіт.
Артық кетсең Аманжол,
Аламын майдай шыжғырып.
Қызылжарда Аманжол,
Қалған-ау, сірә қыз құрып.

АМАНЖОЛ:

Нұргүл-ау, қайдағыны ойлайсың да,
Ондайыңды қыз қылық қоймайсың ба.
Мен ұмытпаймын ел алдында,
Арасында қырындап қоймайсың ба.

Жаныма жайғастың ғой жаққан шамдай,
Сені көріп жүрегім от болғандай.
Қызылорда қызғалдағы, ағайындар,
Қызылжар айдынына көп қонғандай.
Нұргүлжан қызысың ғой сен ананың,
Қабағыңды ашық қыл қатты ойланбай.
Жарқынның сақинасын зорға тақтың,
Бұл қызың жұлдызына сақ болғандай.
Содан кейін сен маған жолықтың ғой,
Сөз сөйлейін қылышқа сап болғандай.
Жеті жылда жігітпен айтысып ем,
Бүгін міне сәрсенбіде сәт болғандай.
Содан бері білесің бойдақ жүрмін,
Жаратқан жалғыз күнде жақ болғандай.
Қызылжар саған ұнап қалған екен,
Келе бердің бірдемең қап қойғандай.
Махаббаттың шахматын ойнайыншы,
Жүрегіңе өлеңмен мат қойғандай.
Ара-тұра тесіліп қарайсың ғой,
Алдыңдағы кесені ап қойғандай.
Сені бүгін мына маған жұптапты ғой,
Айтқан серті арудың дат болғандай.
Қызылорда түлкісін түсіреміз,
Қызылжарда құрулы қақпан бардай.

Бұл Нұргүл аққу әнін өрлетеді,
Қонбаймын деп қояды көлге тағы.
Аталар мен апалар бата берет,
Көнетінің белгілі сенде тегі.
Айтыстаң соң Нұргүлді алып қашам,
Айтып қойған жөн шығар елге тегі.
Әлібек досым беташар айтады ғой,
Құрмет те әніменен тербетеді.
Аманжолдың адал жары бола қалсаң,
Ұл туса ақын ұл боп ержетеді.
Қос ақыннан жас ақын туа қалса,
Қызылжарды әнімен тербетеді.
Жүрегің тас емес қой Нұргүл жаным,
Арасында күле салсаң нең кетеді?

Түсіп рас жатырмын батыл сынға,
Дайындықсыз түспеу керек ақын сынға.
Сырқаттанып тұрсам да шыбыт келер,
Нұргүлжан, сен бақылап отырсың ба?
Мен бүгін шоқ боламын, от боламын,
Өзіңдей арулармен мақтанамын.
Асықпа біраздан соң айтыс бітер,
Көкшетауға жібермей ап қаламын.

НҰРГҮЛ:

Алып қаламын деп Аманжол,
Сөздерін қалай бұлдайды.
Жеті жылда жанбады деп,
Төндірме басқа құр қайғы.
Жеті жыл айтыспадым деп,
Шымшылай берме шымбайды.
Жеті жыл қыз көрмеген Аманжол,
Ақтарып кетем бұл жайды.
Жеті жылда сынбаса,
Жеті минутта сынбайды.

Азаттық ұлы байлығым,
Алтыннан қымбат бағасы.
Азаттық деген бабалар,
Тарихыма бір қарашы.
Қанша рет қанға бойалды,
Халқымның дархан даласы.
Он алтыда ұлтымның,
Қарсылық қылған шарасы.
Махембет пен Исатай,

Жүректерінің жарасы.
Отыз сегізде ұлтымның,
Зиялыларын жұртымның,
Діншіл менен ұлтшыл деп,
Жазықсыз жапқан жаласы.
Сексен алтының бораны,
Алматының алаңы.
Ләззат пенен Ерболдың,
Қарсылық қылған шарасы.
Тұғырлы тәуелсіздікке,
Алып келгенде жол осы.
Алла тәубе ал бүгін,
Азаттық шашты таң нұрын.
Тіл қатып тұр ғой алдыңда,
Тәуелсіз елдің баласы.

Өзілдесіп отырмыз,
Ақын болып біз жүргесін.
Қарсыласымсың жай ғана,
Емес ең менің күндесім.
Келін қылам деп Аманжол,
Алып қаламын деп үндесін.
Жар қыламын деп Аманжол,
Кетіп қалмасын шын десің.
Жігітім отыр бұз залда,
Айтыс болад деп кіргесін.
Ізіме еріп жүреді,
Өзіңдей бойдақ жігіттің,
Қырындайтынын білгесін.
Айтпақшы ол полиция,
Артық сөйлеп Нұргүлге,
Айналайын Аманжол,
Паналап жүрме байқағын,
Көкшетаудың түрмесін.
Сөз айтамын бұл күнде,
Қатты айтып қойып Нұргүлге,
Жердегі екі аяғын,
Аспаннан келіп жүрмесін,

АМАНЖОЛ:

Нұргүлім тамаша ғып жыр құрады,
Бұтақтан естілгендей бұлбұл әні.
Жігітің көп ішінде көрінбейді,
Біреулер көзін қысып шыңғырады.
Жеті жыл мен дайындалып жүрген едім,
Қақпанын енді Аманжол шын құрады.
Жеті минут Нұргүлжан көп емес пе,
Аманжол жеті секундта сындырады.

Нұргүл-ау, ол жігітің жарамайды,
Бағаламай отыр ма қарағайды.
Махаббатың, пәктіктің белгісі ғой,
Оған енді шатастырма арам ойды.
Талай қазақ жаным-ау, біле білсең,
Түрме түгіл қапасқа қамамайды.

Ау, Нұргүл, көздегенім сен ғанасың,
Текпілеп сахнаны шамданасың.
Жылы сөз айтқандарды жолатпасаң,
Түбінде сен жігіттерге зарығасың.
Одан да аққуы бол бір отаудың,
Сонда ғана көбейіп ел боласың.
Шал ақынға барғанда қыз сұрағам,
Ішіндегі көздегенім сен ғанасың.
Көкшетауға артыңнан барған едім,
Өкіндім ғой жұптап маған салмағасын.
Үшінші рет жолықтым бір өзіңмен,
Жаратқан Жаппар ием қолдағасын.
Айбынды сөз сөйлейік ел алдында,
Айласына Аманжолдың алданасың.
Айбыны махаббаттың жалыны ғой,
Шыдамай сахнада за рқағасың.
Ағайын, қазір Нұргүл сынып қалад,
Той жасауға Дәстен аға қамданасың.
Жеті жыл деп мен сертті берген едім,
Тауып берді Жаратқан арба басын.
Енді бүгін үйленемін өзіңменен,
Тоса-тоса тағатым қалмағасын.
Нұргүл-ау, қызық екен қылықтарың,
Ұмытпа мойыныңда құрық барын.
Жігітің мықты болса шығып келсін,
Бірге-бір бар екенін ұмытпағын.

Ол өзі Аманжолды біліп отыр,
Заңын қарап бұл жайды ұғып отыр.
Сондықтан бұл жігітке сене берме,
Шыға алмай ел ішінде бұғып отыр.

НҰРГҮЛ:

Кешегі Сара апамның,
Әуеніменен жырлаймын.
Алып қаламын деп болмайды,
Болмайын сенің құр қайғың.
Жеті жылдай айтысқан,
Көп екен сенің мұң-қайғың.
Жеті секунд дейді ғой,
Бұлақтай болып ақсаң да,
Түспеймін сендік қақпанға.
Жетпіс жыл зарлап жатсаңда,
Сынбаймын болды, сынбаймын.

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастырумен желтоқсан мерекесіне орайластырылып өткізілген облыстық ақындар айтысы. (12.17.2013ж)

ЖҰМАБЕК РАХИМОВ ПЕН НҰРЛАН ЗАҒЫПАРДЫҢ АЙТЫСЫ

ЖҰМАБЕК:

Бисмилла жаһұт сөзім таратылған,
Қыранмын қалықтаған қанатым бар.
Қожаберген, Сегіз-сері, Сәбең, Ғабең,
Жастарға сенген Мағжан дара ақындар.
Елімен жерін бірге жырлай бірлген,
Азулы Ерік пенен Шал ақындар.
Солар салған сүрлеумен бізде жүрміз,
Қиядан түлкі іліп шолатындар.
Армысың, ағайындар мұнда келген,
Алдыңа келді бүгін бар ақындар.
Тәуелсіздік мерейтой құтты болсын,
Бұйырған биіктерге барасыздар.
Ассалаумағалейкум, армысыздар,
Қолдарын сәлем салса соғатындар.

Жиылған жақсы жайсаң сағым жандар,
Қазағым жаратқанға табынғандар.
Шаруаның барлығын тиянақтап,
Алланың құзырына бағынғандар.
Болғанда желтоқсанның дүрбелеңі,
Ойсырап талай тауы шағылғандар.
Айтыста бір жыл бойы көрмеп едің,
Айырылып қалмаймын ғой бағымнан дәл.
Сіздерге тағы да бір сәлем бердім,
Қайда деп қара бала сағынғандар.

Шықса екен ақиқатпен терге мұнда,
Қолдау көрсет тектілерге, өрген ұлға.
Ассалаумағалейкум, Нұрлан ақын,
Келіпсің көштен қалмай сенде мұнда.
Көрейін шамаң келсе мен шайқасып,
Өлеңін қамшыдай ғып өрген ұлға.
Мен жырақта шекараны қорғағанда,
Тыныш ұйықтап, біздерге сенген ұлға.
Отан алды борышыңды қорғамапсың,
Сен мұндай жамандықты ірге қылма.
Қалай жүрсің еркек боп, шалбар киіп,
Өтірік сылтауыңды бізге қылма.

Ал енді кезегімді берейінші,
Түсінде қару ұстап жүрген ұлға.

НҰРЛАН:

Алла деп домбырамды қолыма алдым,
Жақсылық мына бізге жолығар күн.
Даламның қасиетін ұғыңғанмын,
Бабамның төл тарихын танығанмын.
Көкбайрақты көгіне көтерген ел,
Ұрпағы ғой кешегі тағылардың.
Аталар мен апалар осында отыр,
Бәрініңде батасынан жарығанмын.
Тілегімді Тәуелсіздік берген кезде,
Жігерімді жебеге жаныған күн.
Ассалаумағалейкум, арда қазақ,
Шапалағың шабытыма соғылған күн.
Есілдің жағасында жұмақ мекен,
Жұлдызың биіктерден жағылған күн.
Бар өлеңді әкелдім түйдек-түйдек,
Қара өлеңнің қазығы қағылған күн.

Жаңалықсыз таңы да атпаған күн,
Жыр тұлпарын айтысқа баптаған күн.
Тәуелсіздік бабалардың ұлы арманы,
Әділетпен осылай сақтаған күн.
Сары аязға қарамай тойын жасап,
Бетімізден ешқашан қақпаған күн.
Азияның барысына айналдық біз,
Әлем бізді мойындар мақтаған күн.
Үніміздің еркіндігі тіліміздің,
Жыр тұлпарын айтысқа баптаған күн.
Ақан қазақ айқайлап отырыңдар,
Бар дегізіп ұрпағың сахбамның.

Сөзіңнің мен түсіндім мағнасын,
Жауап берсем күдіктен арыласың.
Әскерге барғаныңды сөз қылдау-ау,
Оны айтып неменеге жағынасың.
Менде барғам әскерге Жұмабегім,
Неменеге өтірік айтып қағынасың.
Сондықтан әр сөзіңе абай болшы,
Өйтпесе шемішкеше шағыласың.

Інішек, барлық пәле сенен шығар,
Бірақ айтар ойың да терең шығар.
Есілдің қос ақынын жұптай салып,
Бірі өліп, бірі қалсын деген шығар.

ЖҰМАБЕК:

Әскерге жігіт екен барып келген,
Сол жақтан тектілікті танып келген.
Сүйіспеншілік, махаббат көп болды деп,
Нұрлан да шырқап әнге салып келген.
Мен болсам бір жыл бойы көрінбедім,
Киелі Қызылжарым шабыт берген.
Жырыма сөзім сәйкес болып жатыр,
Әскерде болғанымды халық көрген.

Балаңның аз ғой әлі айтпағаны,
Жұмабек алдыңа көп ой толғады.
Ал енді бір шындықты айтайыншы,
Жарамас меселдемді қайтарғаны.
Сөздерін басқа ақынның жаттап алып,
Айтыстың жүлде алуда байталдары.
Өлең шығар әкелген деген ойды,
Белгілі басқаларды айта алғаны.
Қазылар бұған көңіл бөліңіздер,
Жарамас шаңырақтың шайқалғаны.
Көрейін ауызымды айға білеп,
Болмасам да қара өлеңнің майталманы.

Бисмилла, жырдың басын жалғап алып,
Көрейін ақын болсам арқаланып.
Ел жайлы жыр жырлайық дедің жаңа,
Ал енді бір үйлесіп ой табалық.
Нұреке, сүріндіргің келеді ғой,
Көлднең арқаныңды тарта қалып.
Қазақтың күншілдігі қалмайды осы,
Біз мұндай күншілдерден шаршамадық.
Одан да елдің жайын айтпаймысың,
Қолайлы сәт келгенде ортаға алып.
Ту тіккен Тәуелсіз ел болды міне,
Кел онда сол жайында ән салалық.
Қысында сексен алты қысылғанда,
Қайсымыз Тәуелсіздікті аңсамадық.
Аңсаған арманыңа қолың жетті,
Қазақпыз, азатпыз деп жар салалық.
Нар тұлға Нұрағанның арқасында,

Бақытты күн кешуде қанша халық,
Байрағы желбіреген Қазақстан,
Жайың бар барша халық тамсанарлық.

Жырыңмен жалғар болсаң тойымызды,
Бір жерден шығарайық ойымызды.
Ал өзің жалғап айтып жіберші бір,
Бүгіңгі тәуелсізел жайымызды.

НҰРЛАН:

Не деп отыр Жұмабек,
Маған қарсы шыға кел.
Аудан бізді жіберді,
Мына халыққа ұна деп.
Жұмабек дұрыс айтысса,
Шайқасуға шыда деп.
Егер дұрыс айтпаса,
Құлағыннан бұра деп.
Жайсаңдары елімнің,
Қалықтап ұшқан қыран ед.
Қайсарлары елімнің,
Қайқая шапқан құлан ед.
Тәуелсіздікті тойладық,
Алты Алашым куәдеп.
Тектілері елімнің,
Жанып тұрған шырақ ед.
Әжелері елімнің,
Мөлдіреп аққан бұлақ ед.
Ұл-қыздары елімнің,
Желпілдеп тұрған құрақ ед.
Осылай неге айтпайсың,
Арқалы ақын Жұмабек!
Отырған жоқ бұл халық,
Сүрініп, бірің құла деп.

Қап бір өлең айтайын табанында,
Ойым жоқ еш пендеге жағынуда.
Тауымның жусаны өсіп, шағылында,
Өлең айтып аламанның дауылында.
Жұрттың бәрі қалаға көшіп кетіп,
Жұртың қалды ауылдың орынында.
Жас тырнаны тойдырған қалам еді,
Жастың бәрі қалаға ағылуда.
Үкімет енді ауылды көркейтші деп,
Қадіріңді білгендей сабылуда.

Жылқы, сиыр барлығын ұстайтығын,
Шал-кемпірдің қауқары азайуда.
Күйреп қалған ауыл қалай гүлденеді,
Тауық, үйрек, қаз ғана бағылуда.
Ал енді қалаға келген жастар,
Арба итеріп, бұрыштардан табылуда.
Қалада бәрі тегін деп келгендер,
Қалталары қампимай қағылуда.
Қырық мыңнан бір бөлмені жалдап алып,
Қаланың көбейіттік қой тобырын да.

ЖҰМАБЕК:

Мен алыс кете алмаймын оныңыздан,
Інің ем күтіп алар жолыңыздан.
Ауылдың жайын біраз жырладың ғой,
Жақсылық сезіп қалдым оныңыздан.
Өзім-ақ ауылды көркейтер ем,
Бірдеңе келіп тұрса қолымыздан.

Шаттық жыр төгілетін ләйім бар,
Шырқатып әнге салар шырайым бар.
«Ақындар, тоқтат» деген хабар келді,
Ағама назарымды бұрайын дәл.
Алдыңғы толқындағы ағамсың ғой,
Биіктен көрінбеген бір ойым бар.
Тасыңды өрге қарай домалатсын,
Деніңе қуат беріп Құдайым дәл.

НҰРЛАН:

Айдап салдым жылқымды теріскейге,
Бақпай қойса, мал шіркін өрістей ме?
Екі ақыны Есілдің айтыстық қой,
Осылайша Жұмабек келіспей ме?

Мерейлерін қазақтың асырайық,
Шашу болып, бұл елге ашылайық.
Тәуелсіздік мереке құтты болсын,
Жылда осылай тойлатып отырайық.

ЖҰМАБЕК:

Жырымды бастар болсам тағы сірә,
Балаңның сына қоймас сағы сірә.
Нұреке қатты әндетіп кетіңіз ғой,
Ініңнің тигізгендей намысына.
Ағайын ал ендеше қош келдіңдер,

Термеші, әншілердің жарысына.
Дәл бүгін көрсетеді барды бағым,
Мен бүгін көп жайларды ән қыламын.
Он минут уақытымыз бар екен ғой,
Ал енді орамды ой құрамын.
Қазағым болшаққа құлаш ұрып,
Шырқалып жатыр бүгін ән ұраның.
Еншалла осы күнге тәуба дейік,
Кең дала азаттықтың салдық өнін.
Сіздер үшін ағайын жырлап едім,
Аянбай бергенінше таң қылаңын.
Қазылар өздерінде білесіңдер,
Бәйгеден озып келеді тор құнаның.
Алтай, Дәстен ағалардан тәлім алғам,
Көңілді міне осылай кең қыламын.
Зейнолла, Аяндардай ағалар бар,
Көңілде әр мезетте тең қыламын.
Таңат ағам тай күнімнен таң асырған,
Ерке Есіл қуанып салдық өнін.
Көңілі көрерменнің көтерілсе,
Сөйлесін мақтауларға сай құлының.
Ағайын осы жерден тоқтай салсын,
Қатты қызып кетпей тұрып арғымағың.

НҰРЛАН:

Мен бүгін Жұмабек пен тең боп тұрмын,
Орай тиген ініме жел боп тұрмын.
Әншілер сайысы ма деп қояды,
Оған да іншегім сай боп тұрмын.
Бүгінгі алты ақынның ішіндегі,
Әншісі ағайындар, мен боп тұрмын.

ЖҰМАБЕК:

Бұйырса бірге аға бақ табармыз,
Өнерге бірге қадам аттағанбыз.
Қос ақыны ерке Есілдің айтысуда,
Осылай ел алдында шаттанармыз.
Таңаттай ағалардың термелерін,
Біз өзі бала кезден жаттағанбыз.
Алты ақынның әншісі менмін дейді,
Мұндайда жарылуға шақ қаламыз.
Солтүстіктің серісі Нұрлан ғой деп,
Біз сізбен қайда босын мақтанамыз.
Бесіктен және ғана бел шығуда,
Өнердің белесінде бапталармыз.

Ағайын осы айтыста кетпесе екен,
Той бүлдіріп кетпесін мақтаған қыз

ЖАРҚЫН ЖҰПАРХАН МЕН МҰХАММЕД ҚОНҚАЕВТЫҢ АЙТЫСЫ

МҰХАММЕД:

Толықпен айтысқанды ұнатамын,
Екеуміз баласымыз бір атаның.
Аға тұрып іні сөйлеу қай жерде бар
Алдымен өзің баста братаным.

ЖАРҚЫН:

Қарсы шауып тайсалмай бар ағысқа,
Бізге әлі жеңістің жолы алыста.
Шыға сала орысша айтып жатсың,
Ауылың мына сенің әлі алыста.
Брат демей інішек аға десей,
Өтінемін ана тілді таза ұста.
Бірақ сенің түріңе қарғанда,
Ұқсатамын мен сені таза орысқа.
Таза қазақша Мұхаммед айтысайық,
Өтінемін мына сенен пожалуйста.

Арқырып шықтым мұнда ай, халайық,
Айтыс десе қалайша жай қалайық?
Алла деп алдарыңа шыға келдім,
Бес қаруды сақадай сайлап алып.
Еліміз бостандықты тойлап жатса,
Біз қалай қуаныштан жай қалалық.
Өткен жолы Нұргүл мені жеңіп кетті,
Сара ақынның сөздерін пайдаланып.
Сонда Ринат, Айбектердің сөзі айтылды,
Бұл жағына енді ағайын ойланалық.
Төрші де оларды сөзбей қалды,
Жатқандығын ойларды қайдан алып.
Ақындар өзге ақынның сөзін айтса,
Кеткені емеспе оның майдаланып.
Ақын деген өз сөзін айту керек,
Сондықтан ұлы өнерді қорламалық.
Нағыз ақын осы жолы жүлде алсын,
Ақын деген атқа енді сай болалық.
Бәрін айт та бірін айт, аман ба екен,
Ақындарды ардақтаған арда халық.

Алла десем ақ сөйлеп ел алдында,
Көмейде қызыл тілім терлейді де.
Айтыстың қадіріне жетпеудеміз,
Бүйте берсек төл өнер өлмейді ме?
Мысалға осы айтысты түсіруге,
Облыстық теларна келмейді де.
Жоқ әлде, сонда отырған Ерлан ағам,
Айтыс десе көңілін бөлмейді ме.
Қалалық арнаға да өкпеміз бар,
Көк жәшіктен өзгелер көрмейді ме?
«Диалогқа» қиятын бір сағатын,
Айтысқа да ағайын бермейді де.
Кәрістің қатындарын емес халық,
Алаштың ақындарын көрмейді ме.
Сүлейменнің киносын бергенінше,
Сүлейлердің айтысын бермейді ме?

Бұл қоғам тәуіптердей құбылып тұр,
Қызыл тіл қынабында шынығып тұр.
Жаңа жылдың шыршасын жағып қойдық,
Ал енді осы жайдың сырын ұқтыр.
Тәуелсіздік Жаңа жылмен келген жоқ қой,
Бұл жағынан түсінбестер бірігіп тұр.
Бостандық үшін өткен боздақтардың,
Көз жасы шамшырақ боп ілініп тұр.
Бабам үшін қымбат болған тәуелсіздік,
Шыршаның бұтағында тығылып тұр.

Ақындар шабыттанса Құлагердей,
Көрермен шапалақты ұрыңыздар.
Тәуелсіздік үшін жанын құрбан еткен,
Ләззат, Сәбирадай қызымыз бар.
Оқ тисе де рухын құлатпаған,
Қайраттай қайсар туған ұлымыз бар.
Бостандық деп ұмтылған боздақтарың,
Қыршыннан кеткендігін ұғыңыздар.
Солар бізге бостандықты сыйлап кетті,
Өзгелерден болса да суық ызғар.
Міне, осылай жеткен бізге азат күнді,
Дей алмаймын жаңа жылға бұрыңыздар.
Шетжұрыттық мерекенің қалқасында,
Тәуелсіздікті өлтіретін түріміз бар.

Мұхаммед қасымдағы қапталдасым,
Ағасы бүгін қалай шаттанбасын?

Мұхаммед азаматша айтыс жаса,
Бәз біреулер жүнжіген бе деп қалмасын.
Шабайық «А, Құдайлап, Абылайлап!»
Айтысатын біздерге сәт болғасын.
Балағымнан бұл менің тістеймін деп,
Табанымның астына тапталмасын
Айыртауы үкілеп шығарғанда,
Шаң жұтып арт жағымда қапқалмасын

МҰХАММЕД:

Тіліңе тиек болды-ау сарылығым,
Осы ма ой-қырдағы бар ілімің?
Сарыны келемеждеп отырған ұл
Біле ме бидай менен тары құнын?
Көзіңді ашып қара сары емес пе,
Төбеңнен шуақ төккен жарығыңның?
Алтынның түсі ол да сары емес пе
Бағасын жоғалтпаған әлі бүгін?!
Сары болсам от болып лапылдаған
Қожаберген жыраудың жалынымын.

Нәр алған Саумалкөлдiң тұнығынан,
Бойыма сүтпен сiңген ұлы мұрам.
Қыраның мен боламын қанат қаққан
Түлеген Айыртаудың тұғырынан.
Армысың қызылжарлық қандастарым
Құлдан да құтылмайтын құрығынан.
Сәбит пен Ғабиттердi көзi көрген,
Айналдым асылдардың сынығынан.
Сендерсiң күреңбайкөз көрерменiм
Құлагерiн таныған құлынынан.

Ақын боп елдiң мұңын айтам дәйiм,
Несiне сахнада шайқалайын.
Айтысқа шықпағалы көп болдығ ой,
Ал ендi рахаттанып жай табайын.
Өткен жылғы айтысқа келе алмадым,
Қалайша жағдайды байқамаймын.
Масқара алай-дүлей боран болып,
Ауданнан шығы алмадық, айтам жайын.
Сол айтысқа төрт ақын қатысыпты,
Мына менсiз өздерi қайқандайын.
Осы жолы рухтанып өзiм келдiм,
Қолдасаң шабыттанып жайқалайын.
Айтыс сайын жүлдесiз кетушi едiм,

Бүгін енді барлығын тойтарайын.
Құлының құнан болды мына таңда,
Осыны барлығыңа қайталаймын.
Ал ағайын, батамен дұға жаса,
Бар ақыннан есемді қайтарайын.

Армысың айтыстағы алтын қыран,
Деймісің тәтті сөзбен бал тұндырам?!
Сенімен жақсылап бір айтысайын
Қуә болып отырсын халқым бұған.
Атыңа затың сай боп айтыса алсаң
Жүзіңді жұрт алдында жарқын қылам.
Ал егер шабан аттай шаба алмасаң
Онда маған ренжіме марқұм қылам.

Айыртау Қызылжардан шалғай екен,
Тұрағын тұран жігіт таңдай ма екен?!
Тағдырым Жарқынменен жолықтырды
Біткен сор боп жүрмесін маңдайға кең.
Іздеген жан бойыңнан мін таппайды
Қыпша бөлің үзілген талдай екен.
Ол теңеу бірақ саған жараспайды
Түріңе келер теңеу қандай екен.
Бұрышы жоқ киіз үй ал немесе
Жел үрлеп тұратұғын шардай екен.
Еліңнің жүйрігісің топқа қосқан
Ойымды одан әрі жалғай кетем.
Бәйгеге қосқан аты сендей болса
Соғымға соятыны қандай екен?

ЖАРҚЫН:

Астапыралла!
Не деп отыр мына бала,
Ағасына қақпанын құра алама.
Марқұм қылам деп қояды қарсыласым,
Айтқан енді сөзінде тұра ала ма.
Ағасы ұйытқып тұрған боран болса,
Інісі бауырына кеп ыға ала ма.
Інім деп мен өзіңді көтердім ғой,
Енді сен сын сөзіңді сығалама.
Ажал жеткен күні өмірден өтеміз ғой,
Осыны Мұхамметім ұға ала ма.
Сондықтан біз көсіліп шабайықшы,
Шаңға бөгіп жатсыншы құба дала.
Толықтықты сөз қылдың және інім,

Міне маған осылай беттедіңдер.
Иә, Алла жар болып бұл пендеңе,
Тектілердің өтіп кеткен өткелін бер.
Толық болсам ақ сүтіме жарығанмын,
Үкіметтің ақшасын жеп жүр деп пе едіңдер.

Неменеге жетістің бала батыр,
Айтысқа қолдаушы азайып бара жатыр.
Бұл айтыс жоғалады, жоғалад деп,
Дәстен ағам қол бұлғап жағада тұр.
Бүйте берсе айтыстан айрыламыз,
Інішегім сары бала қара да тұр.

Біздің қазақ қашан енді қозғаласың,
Айтысың ала алмауда дәл бағасын.
Қала күні мерекесі бола қаласа,
Қонақтарды шақырып қамданасың.
Әр қайсына мыңдаған доллар шашып,
Азғантай атақтарын малданасың.
Ет сорпаңды соларға сораптатып,
Қара халық жалайды қалған асын.
Ал енді айтыс жасау десе болды,
Көкелер ақша таппай зар бағасың.
Экраннан көрсету былай тұрсын,
Көшеге де ілдірмейді жарнамасын.
Ағайын бұдан басқа не дей алам,
Көз қырын бізге ешкім салмағасын.
Ақыны мен батырын ардақтайтын,
Заманың қайда кеткен арлы Алашым?!

Бұл күн үшін қасықтай қанын қиған,
Арыстар нақ бағасын ал алмай жүр.
Біздер үшін Колбинге де қарсы шыққан,
Жастарымыз Сафуан Шәймерденовтей бола алмай жүр.
Бес облысты жатқа бермей алып қалған,
Жұмабек Тәшенов тұғырына қона алмай жүр.
Ерік Асқаров арыстандай ақын ағам,
Тарихын зерттеуге ешкім бара алмай жүр.
Бүйте берсек өткенді ұмытамыз,
Ертеңіне ағайын алаңдай біл.

Мынау менің қазағым,
Қашан енді қозғалад.
Жұмбек ағам атымен,
Орталық көше аталса,

Қазақтың бәрі мәз болад.
Сафуан аға атымен,
Мектептің бірі аталса,
Мұның өзі аз болад.
Ерік ағам атымен,
Ақындар мектебі ашылса,
Өлеңдері кетер еді-ау бір,
Ақындардың жорғалап.
Осыны айтар билікке,
Табылмайды ма он қазақ.
Өткенге салмай ақшаны,
Банкеттерге береміз.
Ақшаларды дорбалап,
Менің мына қоғамым,
Өтірікті қолдамақ,
Шындық айтқан адамды
Жұмыстан қуып, қудалап,
Түрмеге тығып будалап.
Жетектеп содан аламыз,
Түйе секілді шудалап.
Айтшы енді ағайын,
Арысыздар қанша шуламақ?
Кешегіге қарасам,
Биліктің бұлты сұрланат.
Өзгерген бізде түк те жоқ,
Баяғы қазақ – сол қазақ!!!

МҰХАММЕД:

Бақыт құсы Жарқын-ау, саған қонсын,
Інің де бір өзіңе алаң болсын.
Бұл ағам шындықтарды айтып жатыр
Жарқын-ау, ертеңгісі аман болсын.
Осыларың барлығына ойлайтұғын,
Өткенді ұмытпайтын қоғам болсын.

Мұхамед ағасының сырын білсін,
Інісі бар жағдайды ұғындырсын.
Байқасам мына маған қатты кеттің
Несіне ағам мені түңілдірсін.
Мұндағы жалғыз қонақ мен ғанамын,
Ақының осы жаққа жырын бұрсын.
Қонаққа шапан жауып, ат мінгізген,
Інің сені тарихқа үңілдірсін.
Тойға келген қонағын сабалайтын,
Жарқын-ау, қонақжайлық түрің құрысын.

Қарсы аламыз әдемі атқан таңды,
Кешегі ұлылармен мақтан мәңгі.
Тақырыпты қозғайын шама келсе,
Негізі халық еді баққан арды.
Тарихқа көз жүгіртіп қарар болсам,
Неге олай болған деп соққам санды.
Ол заманда көрдік-ау, сойқандықты,
Қазағым білуші еді сақтанғанды.
Көрдiк-ау, елдi алдап өзi үшiн
Құзғын боп қырандарды қаққандарды.
Көрдiк-ау, ақша үшiн, билiк үшiн,
Өз ұлтын, тiлiн, дiнiн сатқандарды.
Көрдiк-ау, қолдарына мылтық алып,
Қайраттай хас ұлдарды атқандарды.
Талай жан осыларға қарсы шыққан,
Орындаймыз деуменен ақ арманды.
Жиырма екі жыл болды ғой азаттыққа,
Сұрадық жалбарынып Хақтан барды.
Сондықтан да ағайын, ұмытпайық
Азаттықтың алауын жаққандарды.

Кішкентай деп бастама бүлік бекер,
Садақ түгіл сағыңыз сынып кетер.
Одан да ағам болып құшақ жайып,
Бауырым десең тұла бойым жылып кетер.
Жайқалып бәйтеректей бүр жармаса,
Шайқалып әсер ме еді шыбық бекер.
Бар бәле кішкентайдан басталады,
Ойында сейілмесін күдік бекер.
Мысалы жұдырықтай таспен ұрса,
Ұл түгіл ұлығың да ұлып кетер.
Кішкентай от бөлмені жарық қылып,
Кішкентай кілттен қара құлып кетер.
Сен секілді домалақ қызыл алма,
Мен секілді құрт түссе құрып кетер.

ЖАРҚЫН:

Құрт түссе құрып кетер деп қояды,
Ондай енді бос сөзінді қой қарағым.
Осындай бос сөздерді айтатұғын,
Мен кейде інілерге ойланамын.
Кемсітпедім іні сені көтердім ғой.
Деп қояды құшағыңды жай қарағым.
Мен сені тышқан десем Мұхаммедім,

Өзіме пілмін десем жайланамын.
Қызылжардың пілі ағайын мен болайын,
Символына айналған кең даланың.
Піл тышқаннан қорқады деген сөз бар,
Ол енді шын мәнінде жай қарағым.
Расымды ағайын айтар болсам,
Мен енді тектілікке сай боламын.
Тышқандардан қорықпайтын бұл әлемде,
Жалғыз піл қызылжарлық мен ғанамын.
Мұхаммед келіп қоншы заңғарларға,
Шындық айту қиындау ойланғанға.
Ақын деген елінің жоқтаушысы,
Өр кезде ақынға Алла жар болғанда.
Шешінген судан рас тайынбайды,
Дерекпен дәйектері сай болғанда.
Елімнің мұңын айтып өліп кетсем,
Мына менде інішек арман барма.

Ақын шындық айтпаса сын болады,
Бүгін қоғам басқаша сұрланады.
Қылықсыз қыз, рухсыз ұл көбейді,
Тор құрды жаһандану сырғалаңы.
Мұрын менен кіндігіне тағылуда,
Құлағына сыймаған сырғалары.
Кей қыздар сыра ішіп, шылым шегіп,
Денсаулыққа зиян десе тыңдамады.
Бүгінгі қыз ертеңгі ана емес пе,
Тұрмыс құрмай ана құрсақ уланады.
Содан кейін мүгедек бала туса,
Құдайға не жаздым деп бұлданады.
Қарғаның пейілімен өмір сүріп,
Алланың мейірімінен құр қалады.
Ал енді жөнге салар кей әжелер,
Жтпісте арақ ішіп жынданады.
Аналары араққа құмар болса,
Балалары енді қандай үлгі алады?
Жүрегінде иманы болмаған соң.
Гүл кезінде сарғайып күл болады.
Болашақтың бүгінгі түрі осындай,
Келешегің қазағым кім болады?

Мұхаммед інішегім сөйлегейсің,
Кешегі Еріктердің сынығы боп.
Шындықты ағаңдай айта берші,
Құлагердің соңындағы құлыны боп.

Сенің інім Жаратқан бағыңды ашсын,
Жүребер қазағымның бір ұлы боп.

МҰХАММЕД:

Қарайсың саясаттай айналаңа,
Ағамыз салып жүр-ау, байбаламға.
Қоғамның нашарлығын айтып отсың
Көздерің түсіп жүр-ау қайда, аға?
Жарқын-ау, Қызылжарда журналистсің,
Атағың шығып жүр ғой сай далама.
Айтқаныңды газетке жазып жүрші
Айтыста айта бермей жай балама.
Осыларды газетке жазбасаңыз,
Журналист болғаныңнан пайда бар ма?!

ЖАРҚЫН:

Мамандығым журналист болғанан соң,
Жауабыңды інішек дөп беремін.
Бір кездері журналист болып едім,
Сондықтан інім мені шектемегін.
Сол жұмыстан мен пәтуә таба алмадым,
Ол енді өтіп кеткен көктем едім.
Қазіргі журналистер мақтаушылар,
Осылай оларды да өткеремін.
Мақтау жаза алмайтын болғанан соң,
Мәдениетке ауысып кеткен едім.

Мұхаммед, айналайын ақын інім,
Мен саған айтайыншы бір-ақ дерек.
Төрешіде Зейнолла ағам отыр,
Бұл ағама жазатын сынау керек.
Зекең ағам атақты жазушы еді,
Міне осындай қазаққа ұл-ау керек.
Журналистер неге мақтау жазатынын,
Зейнолла ағамыздан сұрау керек.

АМАНЖОЛ ЗАҒЫПАР МЕН САНЖАР ТАСТАМБЕКОВТЫҢ АЙТЫСЫ

АМАНЖОЛ:

Қасыма келіп қапты балақайым,
Мен сенің ағам едім қарапайым.
Мерейдің мерекесін тойлатқан соң,
Саған қалай балақай оқ атайын.
Өнеріңді ортаға бір салдырып,
Алты Алаш ұрпағына қаратайын.
Сөздерің кесек болсын, маржан болсын,

Шын бағасын төрешіге санатайын.
Егер Санжар дұрыс айтыс жасамаса,
Фархаттай ағасына сабатайын.
Одан кейін дұрыстау айтыспаса,
Жақсылықты жырменен оратайын.
Інім болып соңымнан еріп отыр,
Сені неге жамандарға талатайын.

Тәуелсіздік ақ таңы атқан ғажап,
Бостандықтың күні қимай батқан ғажап.
Алқакөл сұламаны біз білеміз,
Жалаңаяқ шұбырып жатқан қазақ.
А, құдайлап, ата жұртты қорғау үшін,
Абылайлап атқа мініп шапқан қазақ.
Желтоқсанның желіне шыдас беріп,
Талай мұңға қиналып батқан қазақ.
Бүгін міне, көк байрағың желбіреп тұр,
Алты Алашым қуанып мақтан қазақ.
Талай-талай қиындыққа шыдап келген,
Жаралған жансыздар ғой оттан қазақ.
Ақындарға шапалақ шабыт берет,
Шапалақты осылай соққан ғажап.
Ассалаумағалейкум, сәлем бердім,
Ешқашанда құлама тақтан қазақ.
Нағыз енді патриот деп айтамын,
Осып айтыс қызығына батқан қазақ.

Айналайын Санжарым,
Орындалсын арманың.
Қырандай болып көрінші,
Жұмырытқасы емес қарғаның.
Ағаң солай жырласа,
Текті жырды жалғағын.
Ақын болып қыран боп,
Биіктерге орнағын.
Саған айтар тілегім,
Ешқашанда талмағын.
Айтыс болад десе егер,
Сен айтыстан қалмағын.
Тұлпардайын шауып бұл,
Қырандай көкте самғағын.

Айтысайын Санжармен тұспалды сөт,
Екеуміз отырмайық дұшпан құсап.
Қыран құсап биікке қанат қақшы,

Ұша алсаң ұшасың ғой ұшқан құсап.
Ағаңмен бөлтіріктей тістесіп көр,
Әрбір сөзің алтынмен мыстан құсап.
Сөзіңнің қиығымен көп қарама,
Ниеті жаман адам, мыстан құсап.
Ағаңмен айтысқанда қашып жүрме,
Мысық көрсе қашатын тышқан құсап.

САНЖАР:

Балаңмын ойнамаған тағдырменен,
Ағасы осы айтысты жандыр дер ем.
Аманжол атышулы ақын ағам,
Өзгелерден қарағанда алғыр дер ем.
Көрермен өздерің де көрдіңдер ғой,
Мен енді айтысайын шандырменен.

Тамырда ойнап тұрса қызу қаным,
Мен қалай оза шаппай басыламын.
Мерейлі тәуелсіздік мейрамында,
Шорабектің даусына сап тасынамын.
Сіздерге құтты болсын айта кетіп,
Шашу болып алдарыңда шашыламын.
Бұрыннан танитұғын балаң болсам,
Тілімнен шашырайды қызыл жалын.
Ассалаумағалейкум, ағайындар,
Уағалейкумассалам, Қызылжарым!

Кезіктім ағамменен көңіл тоқта,
Кеп қалдың қай жағымнан ойда жоқта.
Ағамның жанында мен сарбаздаймын,
Кеудесін тоса білген нәсерлі оққа.
Ұстаз боп жүрген соң шәкірттерге,
Өмірде ештеңені жалған соқпа.
Өзбек деп қайта-қайта айта бердің,
Ташкентте бірдемеңіз қалған жоқ па?

Өнерім өскен сайын еселенген,
Ойымда оюын сап кестеленген.
Жырларын ойда жоқта шарқ еткізед,
Ағамыз шынында да шешен бе екен.
Өзіңе еліктеген інің едім,
Ойым бар менің дағы өсем деген.
Бір мені қала жаққа қуып салып,
Әкеміз айтысуда шешемменен.

Сұлудай бұл қаламның құба белі,
Қызылжар сай саласы ұнап еді.
Мағжанмен, Ғабит, Сәбит даналарым,
Өзіңді кереметтей жырлап еді.
Өтсе де құба белдің Құлагері,
Кеп отыр ізін басқан мұрагері.
Айтысқа аттанарда әкем менен,
Сапасын дайындықтың сұрап еді.
Бұл жолы бас жүлдені әкелмесең,
Қамшымен қуып жүріп ұрам деді.
Қазылар маған жүлде бермесеңдер,
Мен байғұс қайда барып тұрам енді.

Құрай ойдан өріп жырымды да,
Ағасың талай айтқан сырыңды да.
Өнердің өр жолында бірге болып,
Өткердің талай сайыс сыныңды да.
Айтыста айбаттанып алға шықтың,
Інің боп бағалаймын мұныңды да.
Ағамыз ащы даусын басқан кезде,
Талдырып тастайды ғой шыбынды да.
Байқамай қатты кетіп жатсам егер,
Қағып алып жүрмесін жынымды да.
Ертерек үйленіп үй боп алдың,
Кезігіп бір шүйкебас бұрымдыға.
Бүгінгі болып жатқан осы айтысқа,
Жетелеп келмедің бе ұлыңды да.
Ойпырым-ай! жылқы түгіл болмапсың ғой,
Бірге ертіп жүретін құлыңды да.

АМАНЖОЛ:

Бұл бала басымызға шығып барад,
Өлдеңдері лайлау еді, тұнып барад.
Ағаңыз да айтыстың қас қыраны,
Саған да тұзақтарын құрып қалад.
Жаңа ғана мына мені шандыр дедің,
Байқа бала тамағыңа тұрып қалад.

Санжарды тереңдерге бойлатайын,
Маржан жырды азуға сап шайнатайын.
Бір қайнауы Санжардың ішінде екен,
Мен бүгін ел алдында қайнатайын.
Расында дұрыстап айтыспасаң,
Өз ағама қамшы беріп айдатайын.
Содан кейін дұрыстау айтыспасаң,

Фархатқа айтып бір күн бойы байлатайын.
Жоқ мұным ағалыққа жарамайды,
Одан да мен өзіңді ойнатайын.
Қыран қылап баптап ал ел алдында,
Ақын қылып ел алдында сайратайын.

Ара-тұра Санжар бала күліп қойдың,
Міне осылай тұзағыма кіріп қойдың.
Өз ағамды Өзбек деп айтпап едім,
Өр сөзіңді жақсылап іліп қойдың.
Соны жаңа байқамай айтып қойдың,
Оны айтарымды қайдан біліп қойдың.

Ал енді ағайынға бұрылайын,
Ел алдында қалайша құбылайын.
Суырып салатұғын ақын едім,
Шуағына халқымның жыланайын.
Тірлік үшін жүрген соң ағайындар,
Жыр қылышын қынаптан суырайын.
Алтын, көмір, мырыш барға сірә,
Қуанайық көп байлық алмаса да.
Қанша байлық болғанмен барлығымыз,
Қарызды алып қойдық жан басына.
Одан кейін базарда зат та қымбат,
Тәжіктің қанық болдық саудасына.
Бар астықты өйтүп-бүйтіп жинап алып,
Өзгелердің тасыдық қамбасына.
Бүйте берсек қазағым жем боламыз,
Өзгелердің қаптаған қарғасына.

Ағайын тектілікті бағалаңыз,
Жаңа қазақ болып қашан жаңарамыз.
Ауыл жақты әйтеуір тастап кеттік,
Барлығымыз бүгінде қаладамыз.
Ұлан-байтақ жер бар деп мақтанамыз,
Одан кейін бес мың долларға жер аламыз.
Қырық мыңдық айлыққа жұмыс жасап,
Елу мыңның пәтеріне кеп аламыз.
Бүйте берсек ертең не болады,
Ойлашы біз қай жаққа бара аламыз.
Тәуелсіздік біз ойласақ тірегіміз,
Отан деп соғып тұрад жүрегіміз.
Айтысқұмар қазақтар арасында,
Шапалақпен тамаша гүл егіңіз.

Жырымды өремің ой таспадайын,
Тізгініңді Санжаржан басқарайын.
Қапталдасып отырған інімсің ғой,
Мен сені жалғыз енді тастамаймын.
Тағы да бір жырыңды жіберіп көр,
Бетіңнен ешқашанда жасқамаймын.

САНЖАР:

Бастауы болғанан соң бөрекемнің,
Қиюуы қашпаса екен мерекемнің.
Бар әлемге көрсеттік қазағымның,
Айрандай ұйып тұрған ел екенін.
Басқаға балдай етіп таныта алдық,
Қазағымның көңілі кең екенін.
Өзгелерде бағалап қалды бізді,
Тереземіз өзгелермен тең екенін.
Ағалардың ағайын мен білемін,
Алдырмайтын Алатаудай өр екенін.
Айтыстың ақсақалы сен екенсің,
Ішіндегі ең жасы мен екенмін.

Тәуелсіздік тойладық киелі сәт,
Жырды жырға қосатын жүйелі сәт.
Аманжол, айтысуға тағы келіпсіз,
Домбыраға қайыңның тиегін сап.
Сахнаны тоздыратын болдың аға,
Доңғалағы сықырлақ күйме құсап.
Жүдеп тіпті ағатай кетіпсің ғой,
Жеңгеміз қоя ма екен үйде тұсап.
Қазы болып отырар қадірің бар,
Кетпесін дегенім ғой бүйтіп ұсап.
Жастардың арасында нағып жүрсің,
Бұзаулармен ойнаған түйе құсап.
Жүлдесіз қалатұғын түрің бар-ау,
Жылда қысыр қалатын бие құсап.

Сөйлейін ағамызды құшаққа алып,
Әзілмен жібермейін тұсап қалып.
Одақтың құрсауынан құтылдық ау,
Қаншама қыссадағы қыспаққа алып.
Көп ұлтты болсақтағы татумыз біз,
Басқалар жатса дағы пышақталып.
Ақындар шындық айтып жырын жырлап
Жатыр ғой өздерінше іс атқарып.
Ақындардың барлығы бір-бір төбе,

Сөздеріне күтіп жүред сусап халық,
Жарқындай ағам менің алып тұлға,
Сүйсінеді сондайларға мына халық,
Ал енді сізге қарап ойға қалам,
Қалғаны бар ама деп ұсақталып.

АМАНЖОЛ:

Отырамын әр сөзіңе баға беріп,
Қуандым Санжар інім жаңа көріп.
Әрине, азулы сен ақын болшы,
Қайтейін аяғыңнан шала беріп.
Озаңдады ағайын көрдіңіздер,
Қасымызға кішкентай бала келіп.
Ақсақал деп Аманжол өзін ойламайды,
Қызыл тілім әншейін сайрамайды.
Белесін бағындырсаң биіктердің,
Жебесін жаман ақын қайрамайды.
Әр сөзіңнен қателесіп кетіп жатсың,
Жырынды сен айтасың ойға жайлы.
Мысалға түйе деген білеміз ғой,
Ешқашан бұзауменен ойнамайды.

Деп айттың ғой айтыстың ақсақалы,
Үстінде Аманжолдың ақ шапаны.
Ағаңызға дәл осылай тисіп жатсаң,
Ағаң енді мына сені қақсатады.
Елуінде әкең де айтысыпты,
Мына маған қарғанда көп сақалы.

Ақындар ешқашанда жасымайды,
Жырымыз бар жүректе басыбайлы.
Ағайын білесіздер барлық жайды,
Бұрынғыдай Есіл де тасымайды.
Қаламызда көп қазақ үйсіз жүр ғой,
Бұған ешкімнің жандары ашымайды.
Қырыққа кеп өйтіп-бүйтіп үй алады,
Санжарым неге айтпаймыз осы жайлы.
Бес баламен бір бөлмеде тұрып жатыр,
Қайтып енді баласын асырайды.
Осы жайлы інішек ойла маған,
Ел алдында жақсылап сайрап алам.
Осыны ойлап кей-кезде жүдеп кетем,
Содан кейін қуанып тойға барам.
Жұртым жүдеп жүргенде інішегім,
Жалғыз өзім семіріп қайда барам.

Баға беріп өткенге,
Шектелме, Санжар, шектелме.
Қуанамыз әрине,
Осы күнге жеткенге.
Тәуелсіздік бақ болды,
Оны Алла деп көрді.
Мөлдір болсын суымыз,
Желбіресін туымыз.
Санжардайын болсыншы,
Қазақы біздің ұлымыз.
Санжарға баға берейін,
Шашу жырды төгейін,
Бағың жансын Санжарым,
Жеңісіңді көрейін.
Ақыны бол қазақтың,
Бұдан артық не дейін.
Ағайын келмей отыр шабысымыз,
Осы болды демейік табысымыз.
Айтыс сайын орындықтар бос қалады,
Бізді осы қайда кеткен намысымыз.
Қуанғанда ақын деп халық тұрат,
Ақындар ел есіне салып тұрад.
Дима Белан концерт қоюға келіп қалса,
Погодинада көрермен толып тұрад.
Ағайын қымбатына қарамайды,
Жиырма мыңдық билетін алып тұрад.
Ал енді тегін айтыс десе ешкімде,
Бұл жағын ақын ұлың еске алад.
Айтысқа да көңілін бөлмей жүр ғой,
Бұл қоғамның рухсыз қасқалары.
Қазақтықтың белгісі ағайындар,
Айтысқа келуменен басталады.

ФИНАЛ

ЖҰМАБЕК РАХИМОВ ПЕН МҰХАММЕД ҚОНҚАЕВТЫҢ АЙТЫСЫ

ЖҰМАБЕК:

Тар заман баратқандай тары қысып,
Жеттім-ау, алдарыңа алып ұшып.
Жаратқан Жаппар Ием жар болды ма,
Жатырмын өздеріңмен жолығысып.
Жырымды түйдек-түйдек төгейінші,
Жүректен төгіледі алып ұшып.
Арқалы ақындардың біреуі едің,
Жүретін өнер десе сабылысып.
Айтыста бір жыл бойы көрмеп едің,

Кетпесін осы жолы бағым ұшып.
Байқаған арынымды елім менің,
Қайтадан қауыштым-ау сағынысып.

Көңілдеріңді табамын,
Ерке есіл болып ағамын.,
Халқым өзің қолдасаң,
Құлагерің боп шабамын.
Сағынып келсем сендерді,
Жұлдызың болып жанамын.
Үнін есті тағы да,
Жерлестер тағы қараның.

Інім-ау, жақсы сөз ғой шап дегенің,
Мен өзім төтесінен тап беремін.
Ерке есіл үміт артып жіберіп ед,
Үмітті бүгін көшке ап келемін.
Финалға өтемін деп ойламағам,
Аяқ асты келеді екен бақ дегенің.
Жарқынмен айтыстарың жақсы болды,
Демеймін мен азулы бапкер едім.
Қатулы қабағыңмен қарайсың ғой,
Ұлындай үйде жүрген қақ төренің.
Ал енді ары қарай жалғап жібер,
Талмайтын аламанда ақ дөненім.

МҰХАММЕД:

Бісіміллә, көрсетейін тілмен бағдар,
Еңбек қып біз ғой білек түрген жандар.
Ағайын, қайта айналып келіп қалдым
Біздер де айта берер күнде ән бар.
Сендерсің қызылжарлық қызырлы елім
Тәуелсіздік қадірін білген жандар.
Қызылжар атауына қарсы шыққан
Арамызда көп еді бүрген жандар.
Жұмыс пен үй арасы терлеп-тепшіп,
Ұнатып қиын өмір сүрген жандар.
Өмірдің мәні болып несие тұр,
Кез келді мәселені тілмен талдар.
Несиеге зат, көлік, пәтер алып,
Содан кейін банкке күнде сандал.
Ол аздай әйелді де несиеге,
Алып ап мол қарызға кірген жандар.
Айналайын ағайын сендерсіңдер,
Мұңдары көп болса да күлген жандар.

Тәуелсіздік тойын бұл тойласа да,
Банкке тәуелді боп жүрген жандар.
Мына менің қиялым айға енген,
Асықпай сөйлейінші жайлап әнмен.
Жұмабек келе сала шаптың біраз,
Халық та қойған шығар сайлап әнмен.
Домбырасын қолға алып секеңдейтін,
Осынау жын-ойнағың қайдан келген?!
Біздердің шабытымыз ел мен шығар,
Бұл өзі Нұрландарға төнген шығар.
Ассалаумағалейкум, Жұмабегім
Еліңе ұтқыр ойды сен де шығар.
Әскерден биыл келген бұл ағамыз,
Сол жақтың қиындығын көрген шығар.
Азаматтық борышын өтеуді емес,
Пол жууды үйреніп келген шығар.

ЖҰМАБЕК:

Пол жуды деп қояды бұрып бағыт,
Мұны сен айтып отсың шығып на ғып?
Азулы қазағымның баласы едім,
Ұлы өнер тектілікті ұмытпалық.
Сөйледік азат күнде қазақ тілде,
Дәстүрін қазағымның ұлықтадық.
Борщты бір-ақ жылғы өтеп тастап,
Айтыста ақындарды құрықтадық.
Несіне секеңдеді деп қояды,
Жүректен әрбір сөзін жұлып бағып.
Несіне атқа мініп ақын болам,
Жұртыма жыр төкпесем руқтанып.

Жүректен шығып жатса жыр шындығы,
Аға мен қатар салды тылсымдыны.
Пол жуып үйрендің бе деп қояды,
Інімнің көңілдегі бір шындығы.
Айтысқа келер кезде сезіп едім,
Мұхаметтің болатынын бір сұмдығы.
Бір жылың деген інішек неге тұрмақ,
Өте шықты бұл жалғанның тылсым күні.
Ақындар ешқашанда пол жумаған,
Біледі қазақ дегем ұлтым мұны.
Мен онда трапкы емес домбыра алдым,
Ақын болып Жұмабек жыр сындырды.
Осындайда қазақтың көрінеді,
Бір-біріне деген елім күншілдігі.

Ініммен шықсам финалға,
Барлық жағын байқалық.
Қарсыласып отырсың,
Шіреніп қатты шалқайып.
Биіктеп өсер жігіт бол,
Бауырым менің Қонқайып.
Айтысам деп ағамен,
Кетіп жүрме тоңқайып.
Айтысқа бүгін келгенде,
Жылулықтарды көргенде.
Мына отырған ағайын,
Үйне қайтсын марқайып.

Тағы да тыңдар болсаң нар ұлынды,
Тұлпармын білмейтұғын тарылуды.
Иншалла, тәуелсіздік алғанан соң,
Елімнің көптен күткен бағы кірді!
Тағы да бір шындықа шақырайын,
Мұнда отырған көрермен қауымымды.
Кекілі күжірейген кей көкелер,
Бастады жерді сатып ауыруды.
Ол аздай басқа ұлттар жерді сатып,
Мал жаяр жайлымыңа тағы кірді.
Жер саттың, жетім саттың, бәрін саттың,
Жағдайың дұрысталмады әлі күнгі.
Бабалар көтеріліс жасаған ед,
Ұлан ғасыр жер керек деп тауы нулы.
Қазағым түбінде бір қиналмаңдар,
Жер таппай қазатұғын қабырыңды.

Сөзімді жалғасын деп тағы дара,
Айтатын бұлы ақынның өні жаңа.
Ақынды ардақтайтын ел едік қой,
Мұңымды айтар деп бізді сағына ма?
Ініме мен кезекті берейінші,
Әрмен қарай жалғап жібер сары бала.

МҰХАММЕД:

Бұл ақын мына мені елемей ме,
Одан да сахнада жөбемей ме?
Байқаймын, Мұхамедті сары дедің
Жүрекке өткір жырын шегелей ме?
Мен өзім сыйлап жүрген ағаларым,
Інісіне қатты кетед неге кейде?
Одан да жақсы бір сөз айтып отыр,

Сарыны саф алтынға теңемей ме?
Сары деп кетіп қалдың бауырым-ай,
Бермей қалып жүрмесін қауіп ыңғай.
Мен саған тиіспеймін жау ұлындай
Керісінше көтерем тау ұлындай.
Финалға өзіңменен шығып қалдым
Жерге де тимесінші жауырының-ай.
Қақылдап Мұхамедке қарсы шықпа
Ауылдың жүні түскен тауығындай.

Ақындар ел көңілін ұрлады да,
Талай-талай мәселе жырлады да.
Қыздар жайлы айтайын бір-екі ауыз,
Кеудеме сыймай ол да тұрғаны да.
Бұл заманғы қыздарың не боп кетті
Мұрынына тағады сырғаны да.
Биік қылып киеді биік өкше,
Жігіттердің назарын бұрғаны ма?
Аюдың тырнағынан асып түсер,
Шошыйсың қарап анау тырнағына.
Осылай болатындай не көрінді
Кешегі Зерелердің жұрнағына?!

Мені ағам інісіндей балаған ба,
Және де бауырындай санаған ба?
Құлагердей көсіліп шаба берші,
Мақамың ұнап отыр бар адамға.
Ағамды мен әуелден сағынып ем,
Әрине, ұнайды ғой әні адамға.
Байқасам арықтап бір жүдеп кепсің,
Әйелің шаршатқан ба, қанаған ба?
Әйелің сені қинап жүр ғой сірә,
Басыңдағы ақ шашқа қарағанда.

ЖҰМАБЕК:

Осылай жырын төксе балаларың,
Несіне домбыраңды сабаладың.
Елімнің жайын айтар деп ойласам,
Шашымды айтып менің жарамадың.
Ұйқасың шалғай екен екі таудай,
Бос ұйқаспен талай жерді араладың.
Осындай шабан аттар алып кетед,
Біз секілді ақындардың дара бағын.

Саф алтын бола қойшы жарқылдаған,
Ағаң ем аламанда алқынбаған.
Сен інім биіктерден көріне бер,
Бағаны берсе болды халқым маған.
Ақын боп ел есінде қалсам болды,
Жырлары Жұмабектің жарқылдаған.

МҰХАММЕД:

Сөздерің сахнадан бөлек емес,
Жұмабек қарап тұрсам зерек емес.
Мен өзім студент едім жүдеп жүрген
Айтылған сөздеріңіз себеп емес.
Мен сені ағам ғой деп көтеріп ем,
Байқасам Жұмабегім еркек емес.
Сахнада інісіне соқтығатын,
Дәл өзіңдей ағалар керек емес.

Жырлайтын ақын едік ел істерін,
Ініңе қиянатты сен істедің.
Жұмабек осыменен тоқталайық
Жүргізуші ағама сенгіш едім.
Айтысты тілекпенен аяқтайын
Жөн болар сөздеріме келіскенің.
Әкімдер айлығындай айлық болсын,
Биікке дами берсін жөн істерің.
Тәуелсіздік тойымыз жасай беріп
Жаңа жыл мейрамынан кем түспегін.
Жүректен шығып жатқан ақ тілектер,
Құлағына шалынсын періштенің.

ЖҰМАБЕК:

Сөз соңында тілерім,
Теңгең құралсын тиыннан.
Жыламай соқсын жүрегің,
Ағайын жұртым жиылған.
Ашылған азат жолың бар,
Қош, есен боп тұрыңдар.
Шайқалмайтұғын қиыннан.
Тойларың тойға ұлассын,
Бостандығымыз қыр ассын.
Ағайын жұртым жиылған.
Қуат берсін деніңе,
Шуақ төксін еліме.
Аллаға ғана сиынған.
Осымен халқым тұрайын,

Сөзімнің қалқып лайын.
Құлата көрме, ләйім,
Жылата көрме, Құдайым,
Жомарт қалқымды мейірбан!!!

ЖАРҚЫН ЖҰПАРХАН МЕН САНЖАР ТАСТАМБЕКОВТЫҢ АЙТЫСЫ

ЖАРҚЫН:

Үлес қосып жатырмыз тойларыңа,
Қара өлеңнің қонайық заңғарына.
Төрешілер Құдай-ау, таңқалдым мен,
Финал жаққа жасаған талғамына.
Міна менің ағайын жіберіпті,
Май шабақты ілдіріп қармағыма.
Жоқ әлде бұл Жарқынға жарайды деп,
Санжарды қарсылас қып салғаны ма?
Жұмабекпен айтыстырса жарар еді,
Ой қосып отыратын ойларыма.
Не де болса көрейін мен көсіліп,
Не күтіп тұрғандығын алда мына.
Құлынымды ертіп ап шыға келдім,
Алла деп ағайындар алдарыңа.

Айтысты мен бастайын Санжарменен,
Ағалармен айтысу арман дер ем.
Бостандықтан келген соң айтысуға,
Барлық айла тәсіліңді қолдан дер ем.
Мен өзіңе інішек тиіспеймін,
Асып кетсе көрерміз айлаң менен.
Тәуелсіздік айтысына келген кезде,
Айтысатын болдым ғой балдарменен.

Алла деп ақ сөйлесем аламанда,
Қызыл тілім көмейдегі терлейді де.
Төрешіге айтатын уәжім бар,
Жарқындай ақынына сенбейді ме.
Ақын ұлым көсілсін десе егер,
Жұмабекті жұп қылып бермейді ме.
Ал енді Мұхаметте жас ақын ед,
Ол жағын ағаларым көрмейді де.
Мәселе жаста емес ақындықта,
Нағыз ақын биікке өрлейді де.
Бірақ та төрешілер әділ болса,
Қос баланы жұп қылып жермейді ме?

Жөн болар інілерге түкірмеген,
Жоқ жеріңді інішек бүтіндер ем.
Жаудіреп мына бала қарап отыр,
Қорқып отқан баланың сұрқын көрем.
Тәуелсіздік айтысына келген кезде,
Айтысатын болдым ғой үтірменен.

САНЖАР:

Пейілі ағалардың кең болады,
Ақылы кейінгіге ем болады.
Өзіңдей май шабақтар дедің, аға,
Қалайша бекіреге тең болады.
Егерде біле білсең сол бекіре,
Бір күні шағалаға жем болады.

Тәсілін бұл айтыстың тауып көрем,
Ал енді мықтыменен шауып келем.
Үзеңгі ағалармен қаққан сайын,
Атымнан домалап-ақ ауып келем.
Ағайын қолды соғып қолдап отыр,
Мына мен барлығыңды жақсы көрем.
Өзімді майшабаққа теңер болсам,
Ағамды бекіредей балық дер ем.
Бірақ та кішілердің күрек тісі,
Мықтылау болатыны анық дер ем.
Бас салып жағаңыздан алмасам да,
Ақырын балағыңнан қауып көрем.

Өнерде келе жатқан топты жарып,
Ағамды бүгін жатыр елім танып.
Қутыңдап құтырасың түлкідейін,
Жолығар өлмегенге өлі балық.
Фархаттай ағаменен бірге оқыдың,
Өмірге ұлы өнердің жолын салып.
Бірақ та таң қаламын екі ағамның,
Бірі толық болғанда, бірі арық.
Студент кездеріңде жеп жүрдің бе,
Фархаттың бар тамағын тартып алып.

ЖАРҚЫН:

Демеймін інілерді сынау керек,
Інілер ағаларға ұнау керек.
Фархаттай ағаң сенің арық болса,
Мен саған айтайыншы бір-ақ дерек.
Еш тамағын ағамның жегенім жоқ,

Оның енді тамағы кім-ау керек.
Фархат ағаң мен секілді болу үшін,
Үйленсін оған жақсы қыз-ау керек.
Одан кейін інішек тойынбаса,
Мына сенің мамаңнаң сұрау керек.

Толықсың деп сен дағы айтып жатсың,
Олай енді айтпағын ағаларға-ай.
Санжарым інім менің қасымдағы,
Соңымнен еріп менің шаба аларма-ай.
Ағайын Жарқын ұлық қарағай ғой,
Қарағайдай Санжарлар бола аларма-ай.
Ал інім көтеріп сен әкеткейсін,
Ағанды тау көтерген толағайдай.

Ақындар аламанда көсілгенде,
Атбасын тарихқа бұрып тұрар.
Аталармен апалар келіп отыр,
Бұл жандар әрбір сөзді ұғып тұрар.
Жастарымыз келіпті осы айтысқа,
Оларды біздің айтыс қызықтырар.
Бірақ әкиматтан бір адам жоқ,
Осыны ойлап сағымыз мынып тұрар.
Айтыс десе бұл қоғамда кей көкелер,
Миығынан менсінбей күліп тұрар.
Бірақ, мен осында отыр деп ойлаймын,
Қызылжарлық ұлт жанды руқтылар.

Шындық айтсам көкшенің өр еліне,
Ақын ұлға шабытты береді ме.
А Корпусының жалақысы өсед дейді,
Жоғарғының сенер болсақ дерегіне.
Ойпырым-ай, ақшасы көп А корпусқа,
Әкім, басшы, депутаттар енеді де.
Доллырлап айлық алған ағаларға,
Елу пайыз тағы қосып береді де.
Сонда мен басшыларға таң қаламын,
Бай баласының қарны тойсын дегені ме?
Тоқ бала аш баламен ойнамайды,
Енді оларға басқаның көрегі не?
Қара халық біз отырған С корпусы,
Қырық мыңға күнін жайлап көреді де.
Сонда ағайын біз отырған бұл корпусқа,
Сексен мың алатын күн келеді ме?
Бірақ та біздерге елім сабыр керек,

Сабыр түбі сары алтын демеді ме.
Алла деп адал істеп жүре берсек,
Бізге де сол бір күндер келеді де.
Біздің үкімет жемқорлықты заңмен емес,
Ақшаларын көбейтіп жеңеді ме?

Былықты біз айтамыз қоғамдағы,
Анықталып барады бағамдары.
Ақын болып өмірге келгеннен соң,
Ақын ұлың ертеңге алаңдады.
Кеше бізге сенім артқан Мағжан еді,
Бүгінгілер Мағжандай бола алмады.
Бірақ та осы айтысқа келіп отыр,
Жақсылар сенім артар қоғамдағы.
Ана тілім ағайын қазақ тілім,
Тұғырына бұл күнде қона алмады.
Дініміздің де жағдайы жақсы емес,
Жамандар бөгет болып жалаңдады.
Осыларды әкіматқа жеткізсінші,
Осыдағы солардың шабарманы.

Санжарды бүгін өзім оятайын,
Күміспен алтындарға балатайын.
Ал енді әрмен қарай сөйлеп жібер,
Қасымдағы сары ауыз балапаным.

САНЖАР:

Өзімді жақындатқан алыс пенен,
Құрбымен құрдас пенен таныс пенен.
Ауылдың аманатын алып келгем,
Қарсыластан қорықпай жарыс деген.
Балапан деп мына мені мазақтамай,
Ауызыңыз қисайа ма барыс десең.

Ағасы сен қалайсың мен дегенде,
Зәре жоқ мына меңде сен дегенде.
Айтысқа ағамменен шыға қалдым,
Жолығар өлі балық өлмегенге.
Сонда да тірлік жасап көрейінші,
Тұлпарды тұлпар демес желмегенде.
Биікке қалықтаған қыраныңмын,
Жел есер қанатынан сермегенде.
Кімменен айтыс жасап қиратар ең,
Мына мен бостандықта келмегенде.
Қаланың мықтысымен сахнада,

Айтысам жиырма сағат кем дегенде.
Алайын деп отыр едім бірінші орын,
Қасыма сен қоқиып келмегенде.

ЖАРҚЫН:

Санжар інім келгенде,
Қай бағытқа желейін?
Туғанымдайсың сен менің,
Бүлкілдейді көмейім.
Айналайын, інішек,
Өсе берсін мөрейің.
Шабатты бала бола алсаң,
Жолыңда қалай бөгейін.
Бірінші орын дедің ба,
Ойланып оны көрейін.
Ағасы менің досым ед,
Мен өзіңе сенейін.
Ақыны бол қазақтың,
Жеңісіңді көрейін.
Жолыңа сенің тұрмастан,
Жолымды саған берейін.

Айналайын, інішек,
Жұлдызыңды жағарсың.
Бірінші орын дедің ғой,
Оны дағы аларсын.
Ауылыңа содан соң,
Күлім қағып барарсың.
Оқушысың сен рас,
Біліміңді аларсың.
Айтыстан біздер кеткенде,
Жұлдызыңды жағарсың.
Мен төреші болғанда,
Құлагердей көсіліп,
Ерке есілдей есіліп,
Құйындатып шабарсың.
Анаң сені өсірген,
Оны да еске аларсың.
Жұлдеге берген ақшаға,
Мамаңа бір гүл ала барарсың.

Қызылжар деген ел еді,
Ақынды жақсы көреді.
Санжар бала бірінші,
Оны халық көреді.

Қазір саған бас жүлде,
Қырық мың інім теңгені,
Аян ағам береді.
Оқушысың сен інім,
Ол ақша саған көп еді.
Сондықтан да ағайын,
Ағаға көңіл бөледі.
Жолын берген ағаға,
Жарты ақшаны береді.

САНЖАР:

Жарқын аға мерейің аса берсін,
Беремін деп айттың ба орынымды.
Жолын беріп шынымен мына ағам,
Күрт өзгертіп жіберді өмірімді.
Айтыста мен соңыңнан еріп келіп,
Өшірмейін деп аға жалыныңды.
Рахмет ағатай мен айтамын,
Көрсеттің ақынға сай дарыныңды.
Ал ендеше, ағатай сен де аман бол,
Ақтауға тырысамын сеніміңді.

АЙТЫС АҚЫНДАРЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТ



Серғалиев Әлібек Сабыржанұлы

1989 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы Ыбыраев ауылында дүниеге келген. 2011 жылы Көкше акедемиясын, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы мамандығы бойынша тәмамдаға. Қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық ақындар айтысының жүлдегері. Атап айтсақ 2005 жылы Қызылорда қаласында өткен «Жас журналистер» байқауында 2 орын. 2005 жылы Семей қаласында өткен республикалық Абай оқуларының дипломанты. 2008 жылы Алматы қаласында өткен студенттер арасындағы республикалық ақындар айтысында 1 орын. 2009 жылы Көкшетау қаласында өткен республикалық ақындар айтысының бас жүлдесінің иегері. 2011 жылы Ақтөбе қаласында өткен республикалық ақындар айтысында 1 орын. 2011 жылы Қарағанды облысының, Жаңарқа қаласында өткен республикалық ақындар айтысында арнайы жүлденің иегері. 2011 жылы Астана қаласында өткен республикалық ақындар айтысында көрермендер көз айымы жүлдесінің иегері. 2011 жылы Алматы қаласында өткен республикалық «Жүрсіннің жүйріктері» атты еліміздің үздік 12 ақыны қатысқан ақындар айтысының қатысушысы. 2012 жылы

Астана қаласында өткен халықаралық ақындар айтысында 1 орынды жеңіп алған.



Жарқын Жұпархан

1987 жылы қазанның 15-ші жұлдызын да Моңғолияның Баян-Өлгей аймағынның Улан-хус сумынында дүниеге келген. 2005 жылы атамекенге қоныс аударған. Ал 2011 жылы М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың Журналистика мамандығы бойынша тәмамдаған.

Ал қазіргі уақытта облыстық халық шығармашылығы және мәдени – демалыс қызметінің орталығының, қазақ бөлімінде қызмет атқарады. Өлеңдері облыстық газет-журналдарда тұрақты жарық көріп тұрады. «Астананың гүлденуі – Қазақстанның гүлденуі» тақырыбындағы облыстық рефераттар байқауының бас жүлдегері және I-ші дәрежелі облыс әкімінің төсбелгісімен марапатталған.(2008ж). «Жас Отан» жастар қанаты Петропавл қалалық филиалының ұйымдастыруымен өткен «жырдың мәні тереңде» атты жазба ақындар сайысының I-ші орын иегері.(2009ж). Астананың 10 жылдығына арналған қалалық V-ші жазба ақындар арасында өткен мүшайрада II-ші орын.(2008ж). «Мен жастарға сенемін» қалалық Мағжан оқуларында II-ші орын.(2008ж). Көркем әдебиетті насихаттауды жандандыру мақсатында өткізілген қалалық Оралхан Бөкей атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің байқауында III-ші орын.(2009ж). ҚР-ның Конституция күніне және Қазақстан халқы тілдерінің фестиваліне орайластырып өткізілген «Жігіт сұлтаны» қалалық байқауының «Гран-При» жүлдесінің иегері.(2009 ж). Тұңғыш тіл заңының қабылданғанына 20 жыл толуына және Қазақстан халқы тілдері күніне орай Шал ақын ауданында өткізілген аймақтық ақындар айтысының III-ші орын иегері. ҚР-ның мәдениет және ақпарат министрлігінің ұйымдастыруымен өткен «Менің Қазақстаным, менің жерім» атты республикалық жас өнерпаздардың шығармашылық конкурсында II - ші орын иегері.(2009ж). Мұқағали Мақатаев атындағы III-ші облыстық байқаудың «Гран -при» жүлдесінің иегері.(2009ж). Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналға және Мұқағали Мақатаевтың туғанына 80 жыл толуы мерей тойына арналған «Мұқағалидай ақыны бар халық бақытты» атты аймақтық ақындар айтысында II-ші орын.(2011). Академик, жазушы С. Мұқановтың туғанына 110 жыл толуна орай өткізілген аймақтық ақындар айтысында III-ші орын.(2010ж). Солтүстік Қазақстан облысы жастарының I-ші шығармашылық «Жас дарын» фестиваліде II-ші дәрежелі дипломмен марапатталған.(2010ж). Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған аймақтық ақындар айтысында I-ші орын. (2010ж). Құлсары батыр Бөріұлы мазарының ашылуына арналған аймақтық ақындар

айтысында ІІ-ші орын.(2011ж). Облыстық М.Жұмабев атындағы «Мен жастарға сенемін» байқауының І-ші орын.(2011ж). Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған қалалық ақындар айтысында ІІІ-ші орын.(2011ж). Наурыз мейрамы қарсаңында өткізілген «Тәуелсіздік тұғырым» атты аймақтық ақындар айтысында І-ші орын.(2011ж).

Қазақтың әйгілі жазушысы Ғабит Мүсіреповтің туғанына 110 жыл толуына орайластырып өткізілген облыстық ақындар айтысының «Гран - При» жүлдесінің иегері. Сомен бірге осы тойға орайластырылған облыстық мүшайраның 2-ші орын игері.(2012ж). Тәуелсіздік мейрамына орайластырылып өткізілген аймақтық ақындар айтысының «Бас жүлде» игері. (2012ж). Қажаберген жыраудың 350 жылдығына арналған «Елім-ай!»деп өткен есіл ер» атты республикалық жыр мүшайрасында,Ғабит Мүсірепов атындағы арнайы жүлдемен марапатталған.(2013ж)Көкшетау қаласында, Абылай ханның 300 жылдығы және тәуелсіздік мерекесіне орайластырылып өткізілген аймақтық ақындар айтысының 2-ші орын иегері.(2013ж). Қызылжар қаласында тәуелсіздік мерекесіне арналған облыстық ақындар айтысының бас жүлдесінің иегері. (2013ж). Өлеңдері «Қызырлы Қызылжар» атты облыстық жас ақындардың жыр жинағында жарық көрген.



Қуаныш Оспанов

1988 жылы 9 сәуірде бұрынғы Көкшетау облысы, Уәлихан ауданы, Жасқайрат ауылында дүниеге келген. Бала кезінен ән мен жырға, әдебиетке құмар болып өскен жас жігіт, алдына үлкен мақсаттар қойып, өз жүрек қалауымен «Көкше» академиясының, қазақ тілі және әдебиеті факультетін 2010 жылы бітірген. Қазіргі таңда Көкшетау қаласындағы Мәлік Ғабдулин музейінің ғылыми қызметкері. 2007 жылы Мұқағали Мақатаев атындағы облыстық ақындар байқауында жүлделі І-орынды, 2008 жылы Мәлік Ғабдуллинге арналған қалалық жас ақындар мүшәйрасында ІІ-орынды қанжығасына байлады. Астана, Шымкент, Семей қалаларында өткен ақындар айтысы да Қуаныштың жігерін оятып, мерейін үстем қылды. 2009 жылы Талдықорған қаласында Ілияс Жансүгіровтың 115 жылдық мерейтойына арналған республикалық айтыста арнайы жүлдеге, осы жылы Петропавл қаласында өткен аймақтық айтыста жүлделі ІІІ орынға, 2010 жылы Шал ақын ауданында өткен аймақтық айтыста І-орынды жеңіп алса 2013 жылы Қызылжар қаласында өткен аймақтық ақындар айтысының «Гран При» жүлдесінің иегері.



Фархат Тастамбеков

1989.12.20 күни дүниеге келген. Мамлют ауданы, Бостандық аулының тумасы. М.Қозыбаев атындағы СҚМУ журналистика мамандығы бойынша 2011 жылы бітірген. Қазіргі таңда Нұрмедияның «tunara.kz» сайтының Қызылжар

қаласындағы меншікті тілшісі. ҚР-ның мәдениет және ақпарат министрлігінің ұйымдастыруымен өткен «Менің Қазақстаным, менің жерім» атты республикалық жас өнерпаздардың шығармашылық конкурсында 1 - ші орын.(2009ж). Облыстық Мағжан Мұжамайев оқуларының бас жүлдегері. (2009ж). Айтыскер ақын, блогер.



Құрмет Құралхан

1989 жылы МХР-ның Ховда аймағында дүниеге келген. 1991 жылы ҚР-ның Ақмола облысы Ерейментау ауданына қарасты Өлеңті ауылына қоныс аударған. 1997-2007 жылдары аралығында Өлеңті орта мектебін тәмәмдап,

2007-2011 жылдар аралығында Көкшетау қаласындағы «Көкше академиясында» «қазақ тілі және әдебиет» мамандығы бойынша білім алған. 2007 жылдан бастап айтыстарға қатысып, өлең жазуға машықтана бастады. 2007жылы Кеңес Одағының Батыры, академик, жазушы, қоғам қайраткері Мәлік Ғабдуллиннің туған күніне орай Көкшетау қаласындағы Университеттер студенттері арасында өткізілген айтыста III орын; 2009 ҚР Тәуелсіздік күніне арналған облыстық ақындар айтысына қатысып I ОРЫНДЫ; 2010 жылы Көкшетау қаласында өткен «Тәуелсіздікке тағылым» атты облыстық ақындар айтысында көрсеткен асқан шеберлігі мен суырыпсалма шешендігі үшін БАС ЖҮЛДЕНІ иеленді; Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с) туылған Мәуліт айы қарсаңында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының филиалы Ақмола облысы «Науан Хазірет» атындағы орталық мешіттің ұйымдастыруымен 2010 жылы Көкшетау қаласында өткен Мұшайра бәйгесінде жүлделі I ОРЫН; «Шаңырақ – 2010 жыл әні» байқауында композитор Айгүл Кемеңгерованың әніне «Атамекен» атты сөз жазып, ән I-ші қалақ фестивалының лауреты атанғаны үшін Сертификатпен; 2011 жылы ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған қалалық ақындар айтысында I орынды; 2011 жылы ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай Шал ақын ауданында өткізілген аймақтық ақындар айтысына қатысып БАС ЖҮЛДЕНІ; 2011 жылы Петропавл қаласындағы «Қош келдің, өз-Наурыз» атты аймақтық ақындар айтысында I орынды иеленгені үшін марапатталды; 2011 жылы «Заңғар» шығармашылық бірлестігі «Нұр

Отан» ХДП және «Хабар» телеарнасымен бірлесіп өткізілген «Жастар жырлайды» телеайтысының дипломанты; 2011 жылы Ғабит Мүсірепов ауданында ҚР Тәуелсіздігінің 20-жылдығы аясында өткізілген аймақтық ақындар айтысының жүлдегері ІІ орын иеленушісі; 2011 жылы Көкшетау қаласында өткен «Менің Тәуелсіз Қазақстаным» атты қалалық жас ақындар жыр мүшәйрасында сөз шеберлігімен, өлеңінің ой өрісінің кеңдігімен, ерен парасаттылығымен ІІ орынмен марапатталды; 2011 жылы Ерейментау қаласында өткен «Асылдарды ардақтау - атадан қалған аманат» атты аудандық ақындар айтысына қатысып, табысты өнер – тапқыр ой, сөз шеберлігі үшін І ЖҮЛДЕЛІ ОРЫНМЕН марапатталған; 2012 жылы Көкшетау қаласында өткен «Өз Наурыз» атты облыстық ақындар айтысында көрсеткен асқан шеберлігі мен суырыпсалма шешендігі үшін БАС ЖҮЛДЕНІ; 2012 жылы Көкшетау қаласында өткен Құрбан айт мерекесіне арналған «Жас ақын» атты ақындар мүшайрасына белсене қатысып, «өрендер» номинациясы бойынша І ОРЫНДЫ иеленген; 2012 жылы СҚО-да Халықтың әйгілі жазушысы ҒаМүсіреповтың туғанына 110 жыл толуына орай өткізілген аймақтық ақындар айтысында ІІ орынға ие болды; 2013 жылы Елінің азаттығы үшін күрескен батыр, балуан, ақын, әнші, сері, халық композиторы Иманжүсіп Құтпанұлының туғанына 150 жыл толуына орай облыстық шығармашылық және мәдени демалыс орталығының ұйымдастырумен өткізілген «Иманжүсіптей ер қайда?!» атты облыстық жыр- мүшайрасында жүлделі І ОРЫНҒА ие болған; 2013 жылы Көкшетау қаласында өткен ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауын қолдау, болашақ ұрпаққа айтыс өнерін жеткізу, талантты, дарынды жас ақындардың шеберлігін шыңдау мақсатында өткізілген ақындар айтысына қатысқаны үшін ІІІ орынды иеленген; «Нұр Отан» ХДП 10 жылдығына орай Қызылорда қаласында өткен Республикалық және Ақтөбе қаласында өткен Кердері Әбубәкірұлының туылғанына 150 жыл толуына орай өткізілген Республикалық ақындар айтысының дипломанты. Өлеңдері «Көкшетау жас ақындарының антологиясы», Алматыда басылып шыққан «Жастар жырлайды» атты жыр жинақтарына енгізілген. Сонымен қатар «Арқа ажары», «Бұқа», «Ереймен елі» газеттерінде жарияланып



Аманжол Зағыпар

1985 жылы 23-желтоқсанда Монғолия мемлекетінің Баян-Өлгий аймағының Алтын-цөгце ауылында дүниеге келген. 2005 жылы Мағжан Жұмабаев атындағы Петропавл қалалық гуманитарлық колледжіні үздік дипломмен бітіріп, Сол колледжіде қазіргі уақытта қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ұстазы болып

қызмет атқарады. Солтүстік Қазақстан облысының әкімі болған Т.А.Мансұров жариялаған «Президент Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауы - Қазақстан гүлдену жолында» (2006) атты рефераттар байқауының I дәрежелі сыйақысының иегері. Республика күніне және Қазақстан халықтар ассамблеясының он жылдығына арналған облыстық ақындар айтысында II орын (2005ж). Наурыз мейрамы қарсаңында өткізілген облыстық ақындар айтысында I орын (2007ж). Облыстық білім беру департаментінің ұйымдастыруымен Абай Құнанбаевтың 160 жылдығына арналып өткізілген «Абай оқуында» гранпри жүлдесінің иегері. Солтүстік Қазақстан облысы Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы өткізген Мағжан Жұмабаев оқуларының «Мен жастарға сенемін» аталымы бойынша I орын. Республиканың тәуелсіздік күніне арналған қалалық II мүшәйрада бірінші орынды жеңіп алды. Алматы қаласында Қазақстан ұлттық телеарнасында жексенбі сайын өткізіліп тұратын «Аламан айтысқа» қатысып, облысымыздың намысын қорғап, абыроймен оралды. Солтүстік Қазақстан Облысының Білім департаментінің ұйымдастыруымен Мағжан Жұмабаевтың 115 жылдығына арналған облыстық әдеби оқуларында «Жүрегім жырмен тербелген» аталымы бойынша I орынды жеңіп алды (2008). «Петропавл қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ бастығы Ж.Темірбаевтың қолдауымен өткізілген Оралқан Бөкей атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің қалалық байқауында II орын. 2008 жылғы М.Мақатаев атындағы II Республикалық ақындар байқауының II орын иегері. «Менің Қазақстаным, менің жерім» атты республикалық жас шығармашыл жастардың байқауында III орын иегері. Облыстық «Нұр Отан» бөлімшесінің ұйымдастыруымен өткен «Мен жемқорлыққа қарсымын» атты облыстық жас ақындар мүшәйрасының гранпри жүлдесінің иегері. Облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Абай мен Пушкин» атындағы облыстық ақындар мүшәйрасының бас жүлдегері. 2010 жылы Астана қаласында өткен Халықаралық «Шабыт» фестивалында дипломант атанса, 2011 –жылы Шымкент қаласында өткен республикалық «Шешендік өнер» байқауында жүлделі 3-орынды иеленді. Ал 2012 жылы Шымкент қаласында өткен «Көнеки тілім сөйлеші» республикалық байқауда жүлделі 3-ші орынды қанжығасына байлады.

Сонымен бірге облыс әкімінің солтүстік қазақстан өңірінде мемлекеттік тіліміздің дамуына үлес қосқан үшін «құрмет грамотасының иегері», Мемлекеттік рәміздердің жиырма жыл толуына орай 2012 жылдың патриоты дипломымен және 2012 жылы өткен «Мағжан көктемі» республикалық байқаудың көтермелеу жүлдесін алдым. Өлеңдерім Көкшетау жас ақындар антологиясында, Республикалық Мағжан журналында, Республикалық «Дала дарындары», «Қызырлы Қызылжар» жас ақындар жинағына енген және облыстық, республикалық басылымдарда жарық көрді.



Білімбек Сексентайұлы

1988 жылы 21 қыркүйекте Монголия республикасының Баян-өлгий аймағының Қобда аймағының Бобда сұмынында дүниеге келген. 1992 жылы тарихи отанына қоныс аударған. Мектеп табалдырығын ШҚО Георгиевка ауданы Бірлік ауылдық орта мектебінде аттап, кейін Қарағанды облысы Бұқар жырау

ауданы Березняк орта мектебін бітірген (1995-2006). Қазіргі уақытта ЕҰУ магистранты. Еркін күрестен спорт шебері. Айтысқа алғаш 8-сынып оқып жүргенде қатысқан. Қарағанды облыстық жастар айтысының I орын (2004), «Туған тілім – тірегім» атты республикалық айтысының арнайы жүлдегері (2006), Астана. 2009 жылы Қызылжар қаласында өткен аймақтық ақындар айтысының 1 орын иегері.



Өтепберенов Серік Жаңайұлы

1973 жылы 1 наурызда Өзбекстан Республикасының, Навоий облысы, Тамды ауданына қарасты, Аяққұдық ауылында дүниеге келген. Қазіргі таңда Қызылжар аудандық Мәдениет үйінің әдіскері болып қызмет атқарады. Аудан әкімі және облыстық мәдениет басқармасының алғыс хаттарымен

марапатталған. 2006 жылы өткен облыстық ақындар айтысың 3 орын иегері. 2006 жылы облыстық Оралхан Бөкей атындағы көркем сөз оқу шеберлері сайсының 1 орын иегері. 2007 жылы облыстық ақындар айтысын 2 орын. 2007 жылы облыстық «Мастер хорошего настроения» кокурсының «Гран Прип» жүлдесін жеңіп алған. 2008 жылы Түркістан қаласында өткен халықаралық термешілер байқауында лауреат атанған.



Қуатбек Қуанарұлы

1987 жылы 17 ақпанда Монголия республикасының Баян Өлгий аймағы Алтай ауылында дүниеге келген. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің дәстүрлі музыкалық өнер кафедрасының түлегі (2006-2010). Бірнеше облыстық ақындар айтысының жүлдегері, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған Петропавл қаласында өткен ақындар айтысында II орын, «Түркістанды аңсау» атты халықаралық ақындар айтысының III орын иеленген.

Мейіржан Өлібеков

1990 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. 2004 жылы Жезқазған қаласының 50 жылдығына арналған Республикалық мұшайраның жүлдегері. 2007 жылы Бабыр биге арналған республикалық ақындар айтысының жүлдегері. 2008 жылы Республикалық оқушылар айтысының бас жүлдегері. 2011 жылы Арқалық қаласының 50 жылдығына арналған айтыстың жүлдегері. Тағы да басқа көптеген республикалық ақындар айтысы мен мұшайраларының бірнеше мәрте жүлдегері. «Жәдігер» ұлттық жобасының директоры. Осы жоба арқылы қазақтың айтыс өнерін, жыр-термелерін насихаттап жүр. Ел арасында «Тәубеңе кел», «Байып кетсең...», «Абырой мен иман» өлеңдері кең тараған.



Нұргүл Оқашева

1990 жылдың 3 желтоқсанында Қызылорда облысы Арал ауданына қарасты Мергенсай ауылында дүниеге келген. 2012 жылы Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің филология факультетін бітірген. Астана қаласындағы «Топжарған» ақындар студиясының мүшесі. «Жүрегім жырдан ғана жаратылған» атты тұңғыш жыр жинағының авторы. Ақмола облыстық «Туған тілім – тірегім», «Наурыз – мерейлі мереке» атты жыр мұшайраларының гран-при иегері. Бірнеше республикалық, облыстық мұшайралардың жеңімпазы. Фариза Оңғарсынова атындағы «Өлең, мен сені аялап өтем!» атты республика ақын қыздары мұшайрасының I орын иегері. Өлеңдері «Көкшетау жас ақындар антологиясы» жинағына енген, республикалық «Үркер», «Жұлдыз», «Тұмар», «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан» сынды басылымдарда жарияланып тұрады. 2013 жылғы наурыз мерекесі қарсаңында өткізілген аймақтық ақындар айтысының 1 орын иегері.



Аманкелді Оқасұлы

1986-жылы Монғолияның Баян-Өлгий аймағының, Алтанцөгц ауылында өмірге келген. 2004-2008 жылдары С.Аманжолов атындағы ШҚМУ-нің «Есепші және аудит» мамандығын бітірген. 2013-жылы Көкшетау қаласындағы Көкше академиясын «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдап, бүгінгі таңда Уәлиханов ауданында «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарады. Облыстық ақындар айтыстарының жүлдегері. 2010-жылы өткен облыстық «Жас дарын» фестивалінің 1-орын иегері. 2009

жылы Желтеқсан мерекесіне орайластырылып өткізілген облыстық ақындар айтысының 3 орын игері.

Бағила Балмашева

1971 жылы 27 ақпанда Торғай облысы, Жангелдин ауданы, Жаркөл аулында дүниеге келген. 1978-1988 жылдары Қаратүбек орта мектебін бітірген. Мектеп қабырғасында жүріп аудандық «Жаңа өмір» газетінің штаттан тыс тілшісі болған. Қазіргі таңда Торғай аграрлық-техникалық колледжінде ұстаз.

1989-1994 жылдары Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітірген. 1993 жылы Ш.Жәнібек батырдың 300 жылдығына арналған республикалық айтысқа қатынасып арнайы жүлдемен марапатталған. 1996 жылы Жамбыл Жабаевтың 150 жылдық мерейтойына арналған айтысқа қатынасқан. 2001 жылы Арқалық қаласының 45 жылдық мерейтойына арналған «Арайлы Арқалығым» тақырыбында қалалық айтыста бас жүлде.

2002 жылы «Армысың өз Наурыз» қалалық айтыста 3 орын. 2002 жылы Лисаковск қаласында қала күніне арналған Облыстық айтыста 3 орын. 2002 жылы «Торғай әуендері» фестивалінде айтыста 1 орын. 2002 жылы Арқалық қаласы тәуелсіздік мерекесіне арналған қалалық айтыста 3 орын. 2003 жылы «Торғай әуендері» фестивалінде аймақтық айтыста 2 орын. 2003 жылы Халық батыры Аманкелді Үдербайұлы Имановтың 130 жылдығына арналған айтыста 2 орын. 2004 жылы ақын Назарбек Бектемісовтың 75 жасқа толуына арналған айтыста 1 орын. 2004 жылы Наурыз мерекесі тың игерудің 50 жылдығына арналған ақындар айтысында бас жүлде. 2004 жылы ақын, сазгер Құтжан Қанжығалиннің 100 жасқа толу құрметіне арналған облыстық айтыста бас жүлде. 2005 жылы «Жырлаймын туған елімді» Қазақстан тәуелсіздігіне арналған айтыс 1 орын. 2007 жылы ұлы істің ұлы күніне арналған қалалық айтыста 2 орын. 2008 жылы Облыстық Қазақстан телеарнасы ұйымдастырған «Біздің айтыс» телевизиялық айтыста 2 орын. 2008 жылы Аманкелді ауданына 80 жас, Аманкелді Иманов батырдың 135 жылдығына айтыс 1 орын. 2009 жылы Өтей батырдың 300 жылдығына арналған облыстық айтыста 3 орын. 2009 жылы Ақмола облысына 70 жыл, Көкшетау қаласының 185 жылдығына арналған айтыста 1 орын. 2009 жылы Қызылжар қаласында Тәуелсіздік мерекесіне арналған аймақтық айтысқа қатысып арнайы дипломмен марапатталған. 2010 жылы Көкшетау қаласында өткізілген Халық композиторы белгілі әнші, ақын Үкілі Ыбырайдың 150 жылдық мерей тойына арналған айтыс 3 орын. 2011 жылы «Арманы үлкен азат ел» тәуелсіздікке 20 жыл, Арқалық қаласына 55 жыл республикалық ақындар айтысында ақын Құтжан Қанжығалыұлының атындағы арнайы жүлде. 2012 жылы «Айтыс бабалар мұрасы» атты айтыс керуені сайысында ҚР-ның рәміздерінің 20 жылдығында 2 орын. 2012 жылы ақын М.Нуртазинді еске алу кешіне арналған «Қазақпын болашаққа сенгім келед...»

аймақтық айтыста 2 орын. 2013 жылы Көкшетау облысы Зеренді ауданында Тәуелсіздік мерекесіне арналған аймақтық айтыста «үлгілі ұстаз ақын» номинациясының иегері. 2012 жылы Шапақ баспасынан «Ой оралымдары» жыр жинағы жарық көрген.



Мұхаммед Мерекеұлы Қонқаев.

1995 жылғы. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Дәуқара ауылының тумасы. Алтыншы сыныптан бастап ақындар айтысы және басқада жарыстарға қатыса бастаған. Қазіргі уақытта Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік Университеті

Филология факультетінің 1 курс студенті. Облыстық Абай, Мағжан, Махамбет оқуларында 1 орын, Республикалық Махамбет оқуында 3 орын, Республикалық Мағжан оқуында 2 орын, Қанипа Бітібаева атындағы Халықаралық олимпиада 1 орын, 2013 жылы наурыз мерекесіне орайластырылып Қызылжар қаласында өткен аймақтық ақындар айтысында 3 орын, 2013 жылы Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында өткен облыстық ақындар айтысында 1 орын сонымен бірге Көкшетау қаласында өткен Ақмаола облыстық жас ақындар мүшәйрасында 3 орын. Сондай ақ Көкшетау қаласында, Абылай ханның 300 жылдығы және Тәуелсіздіктің мерекесіне арналып өткізілген аймақтық ақындар айтысының 1 орынды жеңіп алған.



Санжар Өзбекұлы Тастамбеков

1998.07.06 күні Мамлют ауданы Бостандық ауылында дүниеге келген. Бостандық Орта мектебінің 10 сынып оқушысы. Халықаралық қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің олимпиадасының жүлдегері, облыстық мүшәйралардың жеңімпазы. 2013

жылғы тәуелсіздік мейрамынан орайластырылып өткізілген облыстық ақындар айтысының 3 орын иегері.



Жұмабек Қайыртауұлы Рахимов

1990.06.09 күні Есіл ауданы Өрнек ауылында дүниеге келген. 2003 жылы ауылдық ақындар айтысында 1-ші орын. 2004 жылы наурыз мейрамына орайластырылған аудандық ақындар айтысында 1-ші орын. 2005 жылы тәуелсіздік мерекесі қарсаңында

өткен қалалық ақындар айтысында 3-ші орын. 2006 жылы наурыз мейрамына орайластырылып өткізілген облыстық ақындар айтысында бас жүлденің иегері. 2008 жылы тәуелсіздік мейрамы қарсаңында өткен облыстық ақындар айтысында 1-ші орын.

Қазіргі таңда №6637 әскери бөлімінде аға маман нұсқаушы болып қызмет атқарады.

Нұрлан Зағыпар

1982 жылы Монғолия мемлекетінің Баян-Өлгий аймағының Алтын-цөгцө ауылында дүниеге келген. 2010 жылы ата – мекенге қоныс аударған. Аудандық, облыстық ақындар айтысының жүлдегері.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	3
Әлібек Серғалиев пен Жарқын Жұпархан	5
Қуаныш Оспанов пен Фархат Тастамбеков	12
Жарқын Жұпархан мен Құрмет Құралхан	19
Аманжол Зағыпар мен Білімбек Сексентайұлы	24
Жұмабек Рахимов пен Нұрбек Тұрысқан	32
Серік Өтепбергенов пен Қуатбек Қуанарұлы	35
Мерійржан Әлібеков пен Нұргүл Оқашова	39
Амангелді Оқас пен Айткүл Өнерхан	47
Әлібек Серғалиев пен Жұмабек Рахимов	54
Фархат Тастамбеков пен Бағила Балмышова	62
Аманжол Зағыпар мен Нұргүл Оқашова	66
Жұмабек Рахимов пен Нұрлан Зағыпар	75
Жарқын Жұпархан мен Мұхаммед Қонқаев	81
Аманжол Зағыпар мен Санжар Тастамбеков	89
Жұмабек Рахимов пен Мұхаммет Қонқаев	96
Жарқын Жұпархан мен Санжар Тастамбеков	102
АЙТЫС АҚЫНДАРЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТ	107

ЖАУҚАЗЫН ЖЫРЛАР,
БАЛАУСА ҮНДЕР

Редакторы

Жарқын Жұпархан

Көркемдеуші редактор

Ұларбек Дөлей

Корректоры

Таңат Бейсенбаев

Компьютерде теруші

Әзина Темешова

Отпечатано в типографии АО «Полиграфия».
СКО, г. Петропавловск, ул. Конституции Казахстана, 11,
8 (7152) 46-96-08, 46-53-82.

Ka3.0

